- 2 Всеобщая декларация прав человека. Принята резолюцией 217 А (III) Генеральной Ассамблеи ООН от 10 декабря 1948 г. // Организация Объединенных Наций. URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml (дата обращения: 21.05.2019).
3. Степин В.С. Права человека в эпоху глобализации и диалога культур // Всеобщая декларация прав человека: универсализм и многообразие опытов. М., 2009. С. 14, 15, 20.
4. Dolunay A., Kasap F., Kegeci G. Freedom of Mass Communication in the Digital Age in the Case of the Internet: "Freedom House" and the USA Example // Sustain-ability. 2017. Vol. 9. Iss. 10. P. 1739-1760.
- 5 Thumfart J. Francisco de Vitoria and the Nomos of the Code: The Digital Commons and Natural Law, Digital Communication as a Human Right, Just Cyber-Warfare // At the Origins of Modernity: Francisco de Vitoria and the Discovery of International Law / Ed. by J.M. Beneyto, J.C. Varela. Cham, 2017. P. 200.
6. Талапина Э.В. Эволюция прав человека в цифровую эпоху. <https://cyberleninka.ru/article/n/evolyutsiya-prav-cheloveka-v-tsifrovuyu-epohu>
7. Проскурякова М.И. Персональные данные: российская и германская национальные модели конституционно-правовой защиты в сравнительной перспективе // Сравнительное конституционное обозрение. 2016. № 6. С. 84-98.
8. Грачева М.А. Право человека на уважение частной жизни и его защита в Европейском суде по правам человека // Международный журнал конституционного и государственного права. 2017. № 1. С. 56.
9. Нурпеисов Д.К. Теоретико-правовые проблемы обеспечения национальной безопасности Республики Казахстан. Автореф. на соиск. уч. степ. к.ю.н. А., 2009 г. с. 45
10. Кабжанов А.Т. Проблемы применения видеонаблюдения как фактора, ограничивающего право на свободу личной жизни. //Актуальные проблемы современности: Международный научный журнал. №4(26) - 2019. - Караганда: РИО «Болашак-Баспа», 2019. – 23-28 с.

ТҮЙІНДЕМЕ/RESUME

Қабжанов Ақылбек Тайболатұлы
"Bolashaq" Академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы
Табакова Вилора Башкировна

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия университеті, Нұр-сұлтан, Қазақстан Республикасы
«ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕ АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ МӘСЕЛЕСІ»

Елдегі цифрландырудың жедел даму қарқыны адамның іргелі құқықтарына және оларды құқықтық реттеуге елеулі әсер етеді. Адам құқықтары оларды жүзеге асыру шарттарына байланысты өзгереді. Цифрлық технологияларды енгізу жаппай деңгейде жеке өмірді қорғауды әлсіретеді. Сонымен қатар, жеке деңгейде жеке деректерді қорғау құқығы көбірек назар аударады және реттеледі. Адам құқықтарының әмбебаптығы туралы түсінік цифрлық технологиялардың бейтараптығы мен әмбебаптығымен үйлесімді үйлеседі. Цифрландыру дәуірінде адамның және онымен байланысты құндылықтардың мәні өзгермейді және бұл әртүрлі жаңа технологияларға деген көзқарасты анықтауда біріктіруші мақсатты перспектива бола алатын адам құқықтары.

Кілтті сөздер: цифрлық технологиялар, бейнебақылау, қоғамдық орын, жеке бас бостандығы, жеке өмір құпиясы, аудио және бейне бақылау, бостандықты шектеу, цифрландыру, адам құқықтары, адам құқықтарының әмбебаптығы, цифрлық құқықтар, жеке деректер, Интернет, жеке өмір.

Kabanov Akylbek Taybulatov
Bolashaq Academy, Karaganda, Republic Of Kazakhstan
Tabakov Vilora Bashkirova

L.N. Gumilyov Eurasian University, Nur-Sultan, Republic of Kazakhstan «THE ISSUE OF HUMAN RIGHTS IN THE DIGITAL AGE»

The accelerated pace of digitalization in the country has a serious impact on fundamental human rights and their legal regulation. Human rights vary depending on the conditions for their implementation. The introduction of digital technologies weakens the protection of privacy on a mass level. At the same time, at the individual level, the right to personal data protection is receiving increasing attention and regulation. The idea of the universality of human rights is in harmony with the neutrality and universality of digital

technologies. In the era of digitalization, the essence of the person and the values associated with it does not change, and it is human rights that can become a unifying target perspective when determining attitudes to various new technologies.

Keywords: digital technologies, video surveillance, public space, personal freedom, privacy, audio and video control, restriction of freedom, digitalization, human rights, universality of human rights, digital rights, personal data, Internet, private life.

List of sources used:

1 Convention for the protection of human rights and fundamental freedoms. Rome, November 4, 1950. <http://hrlibrary.umn.edu/russian/euro/Rz17euroco.html>

2 universal Declaration of human rights. Adopted by UN General Assembly resolution 217 A (III) of December 10, 1948 // United Nations. URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml (accessed 21.05.2019).

3. Stepin V. S. Human rights in the era of globalization and dialogue of cultures // Universal Declaration of human rights: universalism and diversity of experiments, Moscow, 2009, pp. 14, 15, 20.

4. DolunayA., KasapF., Kegeci G. Freedom of Mass Communication in the Digital Age in the Case of the Internet: "Freedom House" and the USA Example // Sustain-ability. 2017. Vol. 9. Iss. 10. P. 1739-1760.

5 Thumfart J. Francisco de Vitoria and the Nomos of the Code: The Digital Commons and Natural Law, Digital Communication as a Human Right, Just Cyber-Warfare // At the Origins of Modernity: Francisco de Vitoria and the Discovery of International Law / Ed. by J.M. Beneyto, J.C. Varela. Cham, 2017. P. 200.

6. talapina E. V. Evolution of human rights in the digital age. <https://cyberleninka.ru/article/n/evolyutsiya-prav-cheloveka-v-tsifrovuyu-epohu>

7. Proskuryakova M. I. Personal data: Russian and German national models of constitutional and legal protection in a comparative perspective // Comparative constitutional review. 2016. no. 6. pp. 84-98.

8. Gracheva M. A. human right to respect for private life and its protection in the European court of human rights // international journal of constitutional and state law. 2017. No. 1. P. 56.

9. Nurpeisov D. K. Theoretical and legal problems of ensuring national security of the Republic of Kazakhstan. Abstract. on soisk. Uch. step.K. y. n. a., 2009, p. 45

10. Kabzhanov A. T. Problems of video surveillance application asa factor that restricts the right to freedom of private life. current problems of our time: international scientific journal. №4(26) - 2019. - Karaganda: Rio "Bolashak-BASPA", 2019. – 23-28 p.

ОӘК 342.9.086

МРНТИ 10.07

Серімов Елеужан Елемесұлы

e-mail:mr.serim@mail.ru

Жұмекенова Айгерим Нурдаулетовна

zhumekenova@list.ru

«Bolashaq» Academy, Karaganda, Kazakhstan

**ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ
ЗАНДЫҚ КЕПІЛДІКТЕРДІ СӨЗ ЕТСЕК**

Авторлар ғылыми мақалада алдымен мемлекеттік басқарудың барлық саласында жинақталған субъектілердің мінез-құлқын реттейтін құқықтық актілерге жататын заңдылықтың анықтамасын береді. Ол үшін бірқатар ғалымдардың заңдылық туралы айтқан пікірлерін ортаға салады. Қылмыстық, азаматтық істер бойынша заңдылықтар қағидаттары қарастырылады. Сондай-ақ мақалада отандық ішкі істер органдарының құқық қатынастарындағы заңдылық кепілдіктердің ұғымы, мазмұны мен жүйесі төңірегінде ой қозғалады. Осы тақырыпта бұрын-соңды зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың ой-пікірлерін сарапқа салады, өзіндік түйіндер шығарып, ұсыныстар айтады.

Кілтті сөздер: ішкі істер органдары, құқықтық қатынастар, заңдылық, кепілдіктер, ұғым, мазмұн, жүйе, қылмыстық істер, азаматтық істер, т.б.

Әріден қозғасақ, индивидуумдар мен социумдар қарым-қатынасындағы адам құқығын қамтамасыз ету мәселесі құқықтың өзімен бір мезгілде пайда болды. Қоғамдық формациялардың барлық түрлері мен кезеңдерінде бұл «әділеттілік», «заңдылық» деген ұғымдармен астасып жатты.

Осыған сәйкес еліміздің басты заңы – Конституциямызда адамның құқықтары мен бостандықтары, оның нәсіліне, наным-сеніміне, әлеуметтік жағдайына қарамай-ақ, белгілі бір құндылықтың бастауы ретінде қарастырылатыны тегіннен тегін емес. Бұл құқықтардың қай мемлекетте, қандай деңгейде қамтамасыз етілуі – сол мемлекеттің демократиялығы мен заңдылық қондырмасының дамуын айғақтайтын бірден бір өлшем-белгі болмақ.

Бұл санаттардың (категориялардың) жүзеге асуы – заңдылық деген құқықтық құбылысты, түсінікті тудырады. Сондықтан жан-жақты, тереңнен талдау жасамасақ та, заңдылық категориясын бірсыдырғы қарастыра кетуді өзімізге міндет санаймыз. Мұның зәрулігі зерттеліп отырған тақырыптың мәселесіне тікелей қатыстылығынан көрінеді. Сондықтан әкімшілік құқық қатынасындағы заңдылық кепілдіктерін зерттемес бұрын, заңдылық ұғымын арнайы жіті ден қойып қарастырған дұрыс.

Ғалымдар мен практикадағы қызметкерлердің көп бөлігі заңдылықты барлық қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқық нормаларын қатаң, шүбәсіз атқару деп анықтайды [1,15]. Бұл анықтама заңдылықтың өзегіне тән белгілері мен ерекшеліктерін белгілейді әрі бұл анықтаманың басқа да заңдылық дифиницияларында сөзбе-сөз айтылуы бұған нақты дәлел бола алады. Жинақталған анықтама өзегінде заңгер ғалым Х.Ю. Ибрагимовтың позициясын айрықша бөліп атап өткен жөн. Ол заңдылықты «мемлекеттік басқарудың барлық саласында жинақталған субъектілердің жүріс-тұрысын, мінез-құлқын реттейтін құқықтық актілер» деп біледі [2,37-39].

Сонымен бірге қарастырып отырған анықтаманың негізіне құқықты жүзеге асырудың кейбір түрлері, нақты айтқанда нормалардың жүзеге асу қызметін айғақтайтын түрлердің («қадағалау», «орындау») енгізілгенін ескермеуге әсте болмайды, бұл жерде сол қызметтік заңдылық орнына қолданылады деген түсінік туындамауы керек. Сондықтан кейбір еңбектерде заңдылық мазмұнын заңды орындамау емес, оларды жүзеге асыратын қызмет емес, осы қызметтің заңға сәйкестігі құрайды деген түсінікке қосымша түсініктеме беріледі. Осы позицияны ескере отырып, мұндай қосымша түсініктеме берудің өзі, бұл анықтаманың сәтті әрі толық еместігін мойындауымыз керек.

Заңгер ғалым Б.Жетпісбаев көптеген авторлардың арасында заңдылықты құқықтық нормалардың қағидаттары мен талаптарын қатаң ұстану деген түсінік кеңінен белең алғандығын атап өтеді [3,180]. А.А. Таранов заңдылықты құқықтық нормативтік актілердің көмегімен мемлекет еркінің жалпыға бірдей ортақ екенін қамтамасыз ету және оларды тиянақты қолдану мен орындау бойынша талаптар жүйесі ретінде анықтауға болады дейді [4,142].

Бұл анықтамалар заңдылықтың түйінді бір жік-шектерін, қазіргі кезеңдегі ерекше мәнділігі мен өзектілігін, Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, барлық мемлекеттік және жергілікті басқару органдары, лауазымды тұлғалар мен азаматтарының ҚР Конституциясы және Қазақстан Республикасының заңдарының заңдылық принциптері мен талаптарын қатаң сақтауын көрсетеді.

Үшінші бір ғалымдар заңдылықтың шынайылығын көрсету үшін бірқатар анықтамаларда оның мәнін режимдік категория арқылы ашуға ұмтылады. Заңды құқықтық нормаларды бәрі бірдей қатаң орындаумен сипатталатын тұрақты қоғамдық (немесе құқықтық) режим ретінде қарастырады [5].

Осылайша осы келтірілген заңдылық туралы анықтамалардың нұсқалары да қоғамдық қатынасқа түсушілердің құқықтық қызметінің ерекшеліктерін әспеттейді. Біріншілері – бұл ерекшелікті қызметпен сәйкестендіреді; екінші біреулері – шын мәнінде, мұны қызметтің тұрпатына теліп сөз қылса, үшіншілері – заңдылық барлық қызметтердің (немесе басым бөлігінің) өзіндік ерекшелігі және осыған байланысты қоғам өмірінің тәртібімен айқындалатын нәтижені басты назарда ұстайды.

Заңдар мен басқа да құқықтық актілерді тиянақты түрде жүзеге асырып, жарыққа шығару арқылы қоғамдық қатынастарды ұйымдастырудан тұратын мемлекеттік басқару әдісі ретінде қарастырылатын заңдылық туралы анықтама жоғарыда келтірілгендерден тіптен өзгеше болып келеді. Осылайша заңдылық ұғымының мазмұны кеңейе түседі, өйткені оған нормалық шығармашылық пен құқықтың жүзеге асу үдерістері үстемеленіп қосылады. Алайда бұл заңдылық пен құқықтық қызметтің араласуына әкеп соқтыруы мүмкін. Сонымен қатар құқық нормаларын

тудырып, жүзеге асырушы ретінде қарастырылуда әлеуметтік феномен ретіндегі – қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу ісін заңдылық деп тану да қатар жүруде.

Келтірілген заңдылық анықтамаларына талдау жасау кезінде бұл секілді күрделі де көп қырлы қоғамдық құбылыстың өзіне тән ерекшеліктері мен белгілері бар екендігін нақты түрде айғақтайды. Алайда көрсетілген дифинициялардың жалпы кемшілін де көрсетеді – бір анықтамада келтірілген белгілер екінші бір анықтамада келтірілмейді.

Осының бәрі де құқық теориясында екі бағытта өрбіген заңдылық туралы көзқарастардың бірігуін туғызуда. Бірінші бағытты қолдайтын өкілдер заңдылық туралы өз анықтамаларын келтіре отыра, басқа дифиницияларда көрсетілген заңдылықтың басқа жақтарын келтіреді. Осылайша заңдылықты заңдарды орындау мен сақтау деп біліп, соңынан демократияның саяси режимінің өзіндік ерекшелігі, принципі ретіндегі мемлекеттік қызметті жүзеге асыру әдісі [6,37] деп жазады. Мәселен С.С. Алексеев заңдылықты қоғам өмірінің демократиялық режимін көрсететін және барлық субъектілердің заңдарды әрі оларға негізделген заң аясындағы актілердің талаптарын қатаң сақтаудан тұратын құқық принципі ретінде анықтайды [7].

Келтірілген анықтамалардан көрінетіні, бұл бағытты ұстанатын ғалымдар арасында заңдылықты түсінетін біркелкілік жоқ, ала-құла, бұл секілді күрделі, көп қырлы құбылысты қарастыруда бір-біріне мүлдем ұқсамайтын ұстанымдар бар. Анықтамалардағы мұндай ала-құлалық ғалымдардың заңдылықтың мәні мен белгілерін түрліше қарастырудан туындап отыр. Осының әсерінен кей анықтамалардың заңдылықтың негізін құрайтын өзіне тән ерекшелігін дұрыс бағаламау, кей анықтамаларды абсолюттендіру қаупі де жоқ емес.

Осыған байланысты бір қатар ғалымдардың заңдылық ұғымын қалыптастырудағы заңдылық сияқты күрделі әлеуметтік-саяси құбылыстың жан-жақты қырларын көрсететін «принцип», «талап», «режим» дейтін категорияларды бір-біріне қарама-қарсы қоюға болмайды дейтін ұстанымдарын ұтымды санаймыз.

Осы себепті екінші бағыттың өкілдері жоғарыда қызығушылық тудырған дифиницияларды біріктіріп, заңдылықтың кешенді анықтамасын беруге ұмтылады. Бірақ заңдылықтың анықтамасын кешенді түрде беруде әрқилы дефиницияларды механикалық түрде беруге ұмтылу барлық мәселені шешпейді. Біздің пікірімізше, заңдылықты әкімшілік құқық қатынасы субъектілерінің бәріне бірдей ортақ принцип ретінде қарастыруымыз қажет.

Бұл С.Б. Абилгазиннің пікірінде жанама түрде айтылып өтіледі. Ол: «Қамқорлық пен назарға алудың негізі – полицияның сыртқы әкімшілік қызметінде заңдылықты сақтау болып табылады» [8,4] деп жазады.

Заңдылық мәселелерін құқық саласына қатысты қарастыру да үлкен қызығушылық тудыруда. Қазіргі күні құқықтың әр саласында заңдылық принциптерін нақты материалдық молықтыру тұрғысынан түсуде айырмашылық, өзгешеліктер көптеп табылуда. Оның екі себебі бар. Біріншісі заңдылық принципінің жаңа доктринасын іздеуден туындаса, екіншісі құқық теориясын құқықтық санамызға формальды-нормативті түсінудің ендеп енуімен өлшенеді. Осыдан келіп дәстүрлі заңдылық теориясы керекті заңдылық процедурасын сақтау қажеттілігімен алмастырылуда.

Қылмыстық құқық теориясында заңдылық қағидаты қылмыстық іс-әрекет пен оның қылмыстық-құқықтық зардаптарының тек қана қылмыстық заңмен анықталуымен айғақталады анық. Басқа авторлар, сондай-ақ, заңдылық принципі қылмыстық заңдардың қоғамның әлеуметтік-саяси, экономикалық жағдайларына, яғни әлеуметтік сәйкестендірілген болуы керек деп толықтырады.

Қылмыстық құқықтағы заңдылық қағидаты қылмыстық іс-әрекеттің жазалануы, сонымен бірге басқа да қылмыстық-құқықтық зардаптар ҚР қылмыстық кодексімен ғана анықталуы тиіс. Заңдылық қағидаты құқықтық нормаларда қарастырылмаған әрекеттермен сай келмейтіні ақиқат нәрсе. Қоғамда құқық пен әділеттілікті құқыққа қарсы жұмсалатын құралдар арқылы орнатпайды. Қылмыстық істің барлық мән-жайларын анықтау үстінде объективтілік талаптарын бұзудың өзі заңсыз әрекет ретінде танылады. Егер мұндай әрекеттер жасалған болса, бұнда құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби шеберліктерінің жетіспеуі немесе олардың өкілеттілігін шектен тыс асыра пайдалануы туралы сөз болуы керек. Мәселен, ҚР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша сот алқасы Бас прокурор мен Ішкі істер министріне жеке қаулы шағарды. Бұл жеке қаулының шығарылуына Лисоков ПООБ қызметкерлерінің алдын ала тергеу барысында заңсыз әдістерді қолданғандары негіз болды. Соның салдарынан Б. деген азамат заңсыз ұсталып, 4 ай бойы қамауда жатқан, М. дегеннің өлімін өзінің мойнына алып, өзі жасамаған қылмысты жасадым деуге мәжбүр болған. Соңғы кезде сотта қылмыстық істерді қарау барысында көптеген істерге ақтау шығарылған.

Азаматтық құқық теориясы принциптік түрде басқаша доктрина тұрғысынан келеді. Егер жария құқығы саласында заңдылық ұғымы заңмен бекітілген ережелер мен нұсқауларды сақтау талаптарымен молықса, цивилистік қатынастар азаматтық-құқықтық реттеуге бағытталған мүмкіндік принципіне құрылады. Жалпы ереже: «заңға қарсы келмейтіннің бәрі мүмкін» дегенге саяды. Заң бойынша тыйым салынбаған кәсіпкерліктің және басқа да қызмет түрлерімен айналысуға болады. Сонымен бірге ешбір заңгер цивильдік құқықта туындайтын қатынастарды заңмен ғана шешуге болады дегенді жоққа шығара алмақ емес.

Қазіргі теорияда саяси-құқықтық режим ретіндегі заңдылық мазмұнында, кеңестік кезеңіндегідей, мынадай белгілерді атап өтіледі:

- мемлекет заңдарында айғақталған құқықтық идея;
- заңның үстемдігі;
- барлық құқық субъектілерінің құқықтық актілерді сақтау мен орындау;
- заңдардың тиянақтылығының (тұрақтылығының) қатыстылығы;
- нормативтік құқықтық актілерді бірыңғай нақты сақтауға негізделген мемлекеттің қоғамды

басқару әдісі.

«Құқық заңдылығы» терминін енгізгеннен бастап, яғни заңдылық ұғымын «құқық», «заң» ұғымдары арқылы ашу, сөйтіп, заңның емес, құқықтың жоғары тұратындығы жария етіледі. Құқықтық қоғамда заңдар ізгілікке, әділдікке және адамның көпшілік мақұлдаған адам құқықтары принциптеріне сәйкес, яғни құқықтық болуы керек деген теория негізделеді.

Айтылғандарды қорытсақ, біздіңше, заңдылықтың мәні мемлекеттік биліктің, өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды тұлғалардың, өкілеттігі бар азаматтардың заңдарды және заң аясындағы актілерді міндетті түрде сақтауымен және орындауында. Заңдылық анықтамасының түрлілігі бір категорияның – заңдылықтың, өзіндік белгілерін әр қырынан бейнелейтіндіктен, бір анықтаманы екіншісіне қарама-қайшы қоюға негіз бермейді.

Сонымен қатар, бір ғана декларация қазіргі жағдайда әкімшілік әлеуметтік (қоғамдық) қатынастарды тиісті тұрғыда жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді. Мұнда қосымша құрал ретінде өзара кепілдіктер көрініс табады. Кепіл беру – белгілі бір түрде қамтамасыз етуді, сақтауды, қорғауды жүзеге асыру. Балама түрде «кепіл» термині орыс тілінің сөздіктерінде де түсіндіріледі. С.И.Ожегов кепілдікті бр нәрсеге кепіл беру, жауапкершілікті өз мойнына алу, қамтамасыз ету ретінде анықтайды [9,401].

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету (кепілдендіру) мәселесі үнемі және әлі де отандас заңгер-ғалымдардың назарында болып келеді. Сонымен қатар ол қылмыстық-процессуалдық және азаматтық-процессуалдық заңнамада қолдану арқылы неғұрлым толығырақ зерттелді.

Кепілдіктің экономикалық, саяси, ұйымдық және заңдылық саралануы (классификациясы) тұрақты және кең таралған саналады. Кей ғалым «жалпы және арнаулы (заңдылық)» деп ерекшелейді. Жалпыға ол: экономикалық, әлеуметтік-саяси, идеологиялық, әлеуметтік-психологиялықты жатқызады. Негізгі арнаулы кепілдіктерге мына құқықтың нормаларын жатқызылады:

- ҚР Конституциясындағы;
- қолданыстағы заңнамадағы;
- әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібін жүйелейтін;
- полиция актілерінің заңсыз әрекетіне шағымданудың, өзгертудің немесе тоқтатудың мерзімі мен тәртібін анықтайтын;
- қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік және жауаптылықтың басқа да түрлерін бекітетін нормалар.

Бұлайша бөлудің теориялық және практикалық маңызы бар. Теориялық тұрғыда заңдарды қамтамасыз етудің және жүзеге асырудың механизмін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Ал практикада бұл бөлу заңның нақты әрекетін қамтамасыз ету тиімділігін арттыру жолдарын қамтамасыз етумен пайдалы. Бірақ заңдылық кепілдіктерінң жалпы тізімі әлі де даулы мәселе.

Заңдылық кепілдіктерді нақты ерекшелеудің және анықтаудың қиындығы ғылыми әдебиеттерде заңдылық кепілдіктер түсігіні және олардың құрамы туралы мәселелердің біржақты шешілмеуінде болып отыр. Бүгінге дейін ғалымдар арасында заңдылықтың құқықтық кепілдік мәнін түсінудегі көзқарастарда бірлік жоқ.

Ал әкімшілік құқықтық қатынастардағы заңдылық кепілдігіне келсек, мұнда, өкінішке орай, әзірге, мақсатты, терең ғылыми ізденістер болмай келеді. Заңдылық кепілдіктер заңдылығы әртүрлі

құқық саласы мамандарының назарын үнемі өзіне аударуда. Үстіміздегі ғасырда заңдылық кепілдігі мәселесінің өзектілігі қайта тыныс алғандай.

Соның ішінде, сол жылдан бастап және бүгінгі күнге дейін кепілдік мәселесін А.А. Сәбитова, Н.И. Раздымалина, М.Т. Кәкімжанов, А.И. Павловский, Б.Н. Бутулин және басқа да әкімшілік құқық саласындағы ғалымдар қарастырды. Дегенмен осы уақытқа дейін Қазақстан полициясы органдарындағы әкімшілік құқықтық қатынастардағы кепілдік заңдылығы проблемасы бойынша монографиялық ғылыми зерттеулер болған жоқ.

Қолда бар жұмыстар не жекелеген сипатта (құқық қорғау органдарының белгілі қызметінде қолданылатын), не болмаса азаматтардың әкімшілік құқық кепілдігінің басқа аспектілеріне арналған. Сондай-ақ заңдылық әдебиеттерде «құқықтық кепілдік» түсінігінің өзіне әзірге біркелкі ұстаным қалыптаспауда. Мәселен, П.Е.Недбайло «құқықтық кепілдіктерді қоғамдық қатынастар субъектілерінің жүріс-тұрысының құқықтық дұрыстығын тікелей қамтамасыз ететін заңмен қарастырылған жолдар айғақтайды» деп есептейді [10,201]. Н.Г. Салищева өзінің «Қоғамдық тәртіпті сақтау аппараттарының және бөлімшелерінің қызметінде заңдылықты қамтамасыз ету» монографиялық еңбегінде: «заңдылық кепілдіктері ретінде мемлекетпен және қоғаммен арнайы жасалған жолдар арқылы барлық құқық субъектілерінің нақты заңдарды орындауының дамуын, құқықтардың дұрыс қолданылуын және заңдылық міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін объективті және субъективті шарттар түсініледі» деп жазады [11,35].

Н.Г. Салищева заңдылық кепілдікті «заңдылық принциптерін берік ететін, заңдардың нақты және мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз ететін, мемлекеттің және азаматтардың мүдделерін қорғайтын, ал ол мүдделер бұзылған жағдайда бұзылған құқықтарды және мүдделерді қалпына келтіру және кінәлілерді жазалауды қамтамасыз ететін объективті және субъективті шарттар» [11,37].

«Заңдылық кепілдігі ретінде, - дейді Н.Г. Салищева,- заңдарды және басқа да құқықтық актілерді... олардың жария етілген нақты мақсаттарына сәйкес өмірге енуін қамтамасыз етуде көмектесетін шарттар мен жолдар қызмет етеді» дейді [11,40]. Заңдылық кепілдіктерді ол «құқық нормаларының жалпыға бірдей және мүлтіксіз орындалуын жалпы шарттар және арнаулы мемлекеттік-құқықтық жолдардың ықпалымен және көмегімен қамтамасыз ететін, яғни жүзеге асырылатын, қорғалатын, ал олар бұзылған жағдайда заңдылық режимі қайта қалпына келтірілетін жалпыәлеуметтік шарттар және арнаулы мемлекеттік-құқықтық жолдар» деп түсінеді [12,37].

Айтылған тұжырымдарды сараптай келе, оларды біріктіретін ортақтықты атап көрсетуге болады: заңдылық кепілдігі ретінде барлық аталған авторлар заңдылықты қамтамасыз етуде көмектесетін шарттар мен жолдарды түсінеді. Бұдан қоғамдағы заңдылық, сондай-ақ - әкімшілік құқықтық қатынастардағы, кепілдіктің қандай да бір түрімен ғана емес, соған сәйкес жүйені бейнелейтін олардың көлемді жиынтығымен қамтамасыз етіледі.

Сонымен бірге, қарастырылған көзқарастардың бірде-бірі екіншісіне қарама-қайшы емес: бұл бір құбылысты әр түрлі тұрғыдан қарастыру ғана және олардың барлығы да тең дәрежеде назар аударуға тұрарлық. Сөз жоқ, ешкім де құқық нормаларының маңызын жоққа шығара алмайды, себебі, заңдылық кепілдік өзінің нормативтік-құқықтық қалпынсыз әрекет ете алмайды. Сондай-ақ заңдылық қызметтің де маңыздылығын да жоққа шығаруға болмайды, өйткені онсыз қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған бар құқықтық нормалар күткендей нәтиже бермейтіні сөзсіз. Құқықтық нормалар өзінің мақсатына тек мақсатты бағытталған заңдылық қызмет, тиімді кепілдік механизмін құру жағдайында ғана жете алады.

Сонымен қатар, біз заңдылық жауаптылық секілді құқықтық элементті заңдылық кепілдігінің құрамына енгізуге болады деп ойлаймыз. Осылайша біз заңдылық кепілдіктер мәселесі жауаптылықты қолданудан гөрі өзінің ауқымы бойынша кеңірек екенін түсінеміз. Ол құқықтық қатынастарға қатысушылардың барлық ұйымдастыру-құқықтық жақтарын, олардың субъективті құқықтары мен міндеттемелерін айқын белгілеуді қатал түрде жүйелеумен байланысты айтарлықтай ауқымды, әрі күрделі мәселелер кешенін қамтиды.

Дегенмен, біреудің құқын бұзған және өзінің міндетін орындамаған тұлғаның заңдылық жауаптылығының бар болуының өзін заңдылық заңдылық кепілдігінің ерекше көрініс беруі деп қарастыру керек. Заңдылық жауаптылық әсерінің екі түрлі нәтижесі болады: арнайы заңдылық және жалпыәлеуметтік. Арнайы заңдылық нәтиже әсері бұзылған құқықтың қалпына келтірілуінен, шығынды өтеуден, өтемақйдан, алғашқы қалпына келтіруден және т.б. тұрады. Осыған сәйкес арнайы заңдылық нәтижелерге құқықты қалпына келтіру, өтемақылық және орнын толтыру қызметтерді ерекше атауға болады, ал жалпыәлеуметтік нәтиже негізіне қайта қалпына келтіруді жалпыәлеуметтік қайта қалпына келтіру қызметі анықтайды.

Сондай-ақ құқықтық қатынастардағы заңдылық жауаптылық белгісін анықтайтын басты элементтердің сапынан біздіңше, мемлекеттік органдардың құқық бұзушыға сәйкес санкцияны қолдану құқын, сондай-ақ құқық бұзушының осы санкциялардағы игіліктерден айыру және басқа да жағымсыз салдарларды көтеру міндеттілігін ерекше атау керек. Негізгі заңдылықты бұзушы субъектілердің мойындауы мемлекеттік билік құрылымы өкілдері мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларының жауаптылығы туралы мәселенің принципті жаңаша қойылуын болжайды (соның ішінде ішкі істер органдары да). Көрсетілген аспектілер жартылай болса да біздің тарапымыздан осыдан бұрын қарастырылған.

Сонымен бірге, кешенді нормативті акт - мемлекеттік органдардың және лауазымды тұлғалардың жауаптылығы негіздері, соның ішінде қызметтік алдау, тұрғындар алдында міндеттемелерді орындамау және т.б. жауаптылықтары анықталған заңның қабылдану қажеттігін де тағы бір рет мақсатты түрде көрсету керектігі туындайды. Бұны алдағы зерттеулерде жеке-дара объекті ретінде қарастыратын боламыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Тугел А. Не каждый разберется в процессуальных лабиринтах // Заңгер №3. 2005 — Б.-15.
2. Ибрагимов Х.Ю. Теоретические аспекты административного процесса // Экономика и право Казахстана № 7. 2010. — Б.-68.
3. Жетписбаев Б. Административная ответственность. Алматы. 2000г.,-Б.-233.
4. Таранов А.А. Меры административного пресечения: Дис. ... канд. юрид. наук. — М., 1992.- Б.-154.
5. Круглов В.А. Административно - деликтное право и административно -деликтное процессуальное право, как самостоятельные отрасли права // Организация и перспективы деятельности служб административной полиции в борьбе с правонарушениями. Караганда, 2006; В.В. Головкин Развитие административного процесса: проблемы и перспективы // Организация и перспективы деятельности служб административной полиции в борьбе с правонарушениями. Караганда, 2006.(85-92), (200с.); А.В. Дубина Проблемы кодификации административно-процедурных отношений в процессе административной реформы в Украине // Организация и перспективы деятельности служб административной полиции в борьбе с правонарушениями. Караганда, 2006.(103-107), (200с.) және басқалары.
6. Раимбеков Е. Понятие правовых отношений, их виды. //Фемида. №10. 2001.—Б.-137.
7. Алексеев С.С. Административные правоотношения/Ю.М.Козлов.-М.: Юрид.лит.,1976.- Б-184.
8. Абулгазин С.Б. Административно-правовые отношения в деятельности милиции по охране общественного порядка:Лекция.-Караганда: Изд-во КВШ МВД СССР,1984.- Б.-40.
9. Ожегов С.И. Словарь русского языка. По ред. Шведовой М.Ю. М., 1984. — Б.-797.
10. Недбайло и В. Н. Горшнева. — М., 1976. — Б.-233.
11. Салищева Н.Г. Административный процесс в СССР.-М:Юрид.лит., 1964.-Б.-137.
12. Петров Г.И. Советские административно-правовые отношения.-Л: Изд-во ЛГУ,1972.-Б.-160.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Серимов Елеужан Елемесович, Жумекенова Айгерим Нурдаулетовна

Академия «Bolashaq», г. Караганда, Казахстан

О НЕКОТОРЫХ ЗАКОННЫХ ГАРАНТИЯХ В ПРАВОВЫХ ОТНОШЕНИЯХ ОВД

В научной статье предлагаются определения нормативно-правовых актов регулирующих поведение субъектов во всех сферах государственного управления. В этой связи авторы знакомит с мнениями ряда ученых о законности. Рассматриваются принципы законности по уголовным, гражданским делам. Также в статье затрагиваются идеи о понятии, содержании и системе гарантий законности в правоотношениях органов внутренних дел страны. В рамках темы анализируются точки зрения ученых, ранее занимавшихся данной тематикой, разрабатываются собственные выводы и предложения.

Ключевые слова: органы внутренних дел, правоотношения, законность, гарантии, понятие, содержание, система, уголовные дела, гражданские дела и др.

Serimov Eleuzhan Yelemesovich, Zhumekenova Aigerim Nurdauletovna
«Bolashaq» Academy, Karaganda, Kazakhstan
ABOUT SOME LEGAL GUARANTEES IN ADMINISTRATIVE AND LEGAL
RELATIONS IN ATS

The scientific article offers definitions of normative legal acts regulating the behavior of subjects in all spheres of public administration. In this regard, the authors introduce the views of a number of scholars on the legality. The principles of legality in criminal and civil cases are considered. The article also touches upon ideas about the concept, content and system of guarantees of legality in legal relations of the country's internal affairs bodies. Within the framework of the topic, the points of view of scientists who previously worked on this topic are analyzed, their own conclusions and proposals are developed.

Key words: internal affairs bodies, legal relations, legality, guarantees, concept, content, system, criminal cases, civil cases, etc

List of references:

1. Tugel A. Not everyone will understand the procedural labyrinths // Zagger №3. 2005 - B.-15.
2. Ibragimov Kh.Yu. Theoretical aspects of the administrative process // Economy and law of Kazakhstan № 7. 2010. - B.-68.
3. Zhetpisbaev B. Administrative responsibility. Almaty. 2000, - B.-233.
4. Taranov A.A. Administrative measures: Dis. ... Cand. jurid. sciences. - M., 1992.- B.-154.
5. Kruglov V.A. Administrative - tort law and administrative - tort procedural law as independent branches of law // Organization and prospects for the activities of administrative police services in the fight against offenses. Karaganda, 2006; V.V. Golovko Development of the administrative process: problems and prospects // Organization and prospects of the activities of the administrative police in the fight against offenses. Karaganda, 2006. (85-92), (200s.); A.V. Dubina Problems of codification of administrative-procedural relations in the process of administrative reform in Ukraine // Organization and prospects for the activities of administrative police services in the fight against offenses. Karaganda, 2006. (103-107), (200s.) To the wife of the Bashalara.
6. Raimbekov E. Concept of legal relations, their types. //Themis. No. 10. 2001. — B.-137.
7. Alekseev S.S. Administrative legal relations / Yu.M. Kozlov.-M.: Legal lit., 1976.- B-184.
8. Abulgazin S.B. Administrative and legal relations in the activities of the police for the protection of public order: Lecture.-Karaganda: Publishing house of the KVS of the Ministry of Internal Affairs of the USSR, 1984.- B.-40.
9. Ozhegov S.I. Dictionary of the Russian language. Ed. Shvedova M.Yu. M., 1984. -- B.-797.
10. Nedbailo and V. N. Gorshnev. - M., 1976. - B.-233.
11. Salishcheva N.G. Administrative process in the USSR.-M: Jurid.lit., 1964.-B.-137.
12. Petrov G.I. Soviet administrative-legal relations.-L: Publishing house of Leningrad State University, 1972.-B.-160.

УДК 378
МРНТИ 10.79.01

Ташибаева Айман Казисовна
aiman.t_kz@mail.ru
Жусипбекова Айнур Маратовна
kz_a_zh@mail.ru

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

САБАҚТАРДЫ ӨТКІЗУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ҚР ІІМ БӨЛІМДІК
УНИВЕРСИТЕТТЕРІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДЕ

Бұл мақалада мемлекеттік тілде сабақ жүргізудің кейбір мәселелері баяндалады. Алғашқы жылдары, яғни 1991 жылдарда мемлекеттік тілде сабақ жүргізу туралы оқулықтардың, монографиялық еңбектердің, әдістемелік құжаттардың жетіспеуіне, тіпті жоқтығына байланысты елеулі қиындықтардың туындағаны белгілі, бірақ ұстаздар қауымы тиісті құқық салалары бойынша оқулықтар жазып, мемлекеттік тілде сабақ жүргізу мәселесін айтарлықтай шеше білді. Сонымен бірге

мақалада қылмыстық процестік құқық нормаларын оқу барысындағы студенттердің міндеттері анықталған, атап айтқанда студенттердің ғылыми деректерді өз бетінше іздеуі, өңдеуі және игеру тәсілдерін білуі, қылмыспен күресу саласындағы мемлекеттің саясатын білуі және т.б.

Кілтті сөздер: құқық қорғау органдары, кәсіби біліктілік, мемлекеттік тіл, білікті маман, құқықтық мемлекет, қылмыстық процесс, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдары, сабақ беретін ұстаздар, құжаттар, қиыншылықтар.

Білім мен ақпаратқа үстемдік құрған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізі бөлігі болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстандық білім жүйесі іргелілік және сапалылық қасиеттерін сақтай отырып, нарық заңдылықтары негізінде ілгері жылжу үстінде.

Бұл мәселе бойынша Н.Ә.Назарбаев былай деген: «Білім реформасының басты көрсеткіші — біздің еліміздің белгілі бір бағытта білім алған және біліктілікті меңгерген әрбір азаматының әлемнің кез келген елінде қажет маман ретінде танылатын деңгейге жету».

Құқықтық мемлекет концепциясында барлық мемлекет органдарының қызметін түбегейлі қайта құру жөніндегі негізгі міндеттер пішінделген және кәсіби білімі жоғары қызметкерлер корпусын қалыптастыру мақсаты айқындалған. Мұның өзі қылмыстық ізге түсу органдарында қызмет жасайтын лауазымды адамдардың білімдері терең, кәсіби деңгейі жоғары болуын талап етеді.

Қылмыстық процесс құқық қорғау органдарының тергеу және жедел іздестіру аппараттарында қызмет жасайтын маман-заңгерлерді дайындауға зор әсер ететін салалық, арнайы және маңызды оқу пәні болып саналалады.

Қылмыстық процестік құқық қылмыстық іс жүргізу қызметін жүзеге асыру барысында студенттердің кәсіби біліктілігінің тереңділігін қамтамасыз етеді, білімдерін толықтыруға, әрдайым жаңартып отыруға, шындай түсуге ықпал жасайды, болашақта заң саласында қызмет жасайтын мамандарды құқықтық демократиялық мемлекеттің заңдарын құрметтеу көзқарасын қалыптастыруға тәрбиелейді.

Заңгерлер дайындайтын жоғары оқу орындарын бітірушілердің кәсіби біліктілік деңгейі мынандай сипатталармен анықталады:

1) қылмыстық іс жүргізу теориясының мәселелерін, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының, прокуратура мен соттың қылмыстық іс жүргізу қызметінің мәнін, сондай-ақ заңдар мен ведомстволық нормативтік актілердің талаптарын нақты білумен;

2) құқық қорғау органдарының тергеу және жедел іздестіру аппараттарының практикасында туындайтын әдеттегі жағдайларда, жақсы меңгерілген әдістер мен шеберлік көрсете отырып, қылмыстық іс жүргізу құқысының нормаларын қолданумен;

3) анықтама және алдын ала тергеу жүргізу барысында іс жүргізу құжаттарын жасаудың шындалған тәжірибелік дағдысын игерумен.

Қылмыстық процестік құқық нормаларын оқу барысындағы студенттердің міндеттері:

1) ғылыми деректерді өз бетінше іздеу, өңдеу және игеру тәсілдерін білу;

2) оқу барысында ғылыми ұйымдастыру тәсілдерін ұтымды пайдалана білу, сондай-ақ қылмыстық іс жүргізу теориясының дамуына, қолданыстағы заңнаманың өзгерістеріне және толықтыруларына, ішкі органының және өзге құқық қорғау органының қылмыспен күресу және оның алдын алу жөніндегі қызметтерінің стратегиясы мен тактикасын қайта құруға байланысты дербес үйрену және өз жұмысын қайта құра білу;

3) қылмыспен күресу саласындағы мемлекеттің қазыргы саясатын игеру, алдын ала тергеу органдары, прокуратура мен сот күрес жүргізетін қылмыстардың алдын алу тәсілдерін игеру.

Қазақстанда тіл туралы бірінші заң 1989 жылы 22 қыркүйекте қабылданды.

Содан бері тіл туралы, мемлекеттік тіл туралы айтылған, жазылған сөздер, оның ішінде біздің ортада айтылған сөздер аз болмады. Заманында тілдің қамын жеген болып, алдамшы саясаттың шаңын қақтық. Сөйлей-сөйлей тілдің өзін мезі қылдық.

Біздің ойымызша қазақ тілінің көсегесін көлденең көк атты көтермейді, оның көсегесін көтеретін, абройын арттыра түсетін, қазақ тілінде сабақ беретін ұстаздар.

Біз осы мақалада қазақ тілінде сабақ беретін оқытушы – процессуалистердің алдында тұрған қиыншылықтардың кейбіреулерін ғана атап өтеміз.

Нарықтық экономика бүгінгі күннің талабына сай келетін, іс жүзінде кездесетін мәселелерге тәуелсіз, өз бетімен талдау жасап, олар туралы дұрыс шешім қабылдай алатын жоғары білімді мамандардың болғанын талап етеді. Заман талабына сай, маманның ғылыми теориялық білімі терең

болуы қажет, өз алдында білім игеріп, оны ардайым жаңартып отыруға тиіс, жаңа технологиялар мен жұмыс әдістерін меңгеруі қажет. Біз теңдесі жоқ тездету заманында, мәліметтердің үздіксіз нығызданып қатаюы кезінде өмір сүріп жатырмыз. М. Шиман өзінің «Үшінші мың жылдыққа» атты кітабында «Ғылымның дамуы сондай шапсаң, біз әрбір 8-8,5 жылда білімімізді жаңартып отыруымыз қажет. Сегіз жыл өткеннен кейін біздің барлығымыз сауатсызбыз, сондықтан да қайта оқуымыз керек», – дейді. Ғалымдардың айтуы бойынша жиырмасыншы ғасырдың сексенінші жылдары әрбір екі жылда білім деңгейі екі есе өсіп отырса «ал тоқсаныншы жылдары ол жыл сайын өсіп отырған. Сол себепті білім беру әдістері мен нысандары кейде стандарттан тыс жаңартылып отыруы керек.

Грек мифологиясы бойынша сот төрелігінің құдайы – Фемида, әділдік пен тұрақтылықтың символы. Сот төрелігі құдайының көздері таңылған (әділдік символы), қолында семсер мен таразы бар. «Сот төрелігінің құдайы бір қолына таразы ұстап, оған өлшейтіні құқық болса, ал екінші қолында ұстаған семсермен оны қорғап тұрады. Семсер таразысыз жалаңаш зорлық, ал таразы семсерсіз құқықтың әлсіздігі, дәрменсіздігі».[1]

Біз өзіміздің жоғары оқу орнын бітірген түлектерімізді заңдылық пен қоғамдық тәртіпті қатал сақтайтын, Фемиданың әділ қызметкерлері ретінде, бүгінгі күннің талаптарына сай келетін жоғары білікті маман ретінде көргіміз келеді.

Академияның қылмыстық құқық қылмыстық іс жүргізу кафедрасының жұмыс жасауы қазіргі кезде жаңарып жатқан оқу процесін іс жүзінде жүзеге асыруға және бүгінгі күн тәртібінде тұрған талаптармен байланыстыруға мүмкіндік береді. Барлық оқу жұмыстарын ұйымдастыру мен жоспарлау студенттердің құқық, заң жөнінде күрделі терең білім алуына, олардың өмірде кездесетін жағдайларды танып білу қабілеттілігін, еңбек дағдысын шыңдауға бағытталған. Кафедрада заң білімі жөніндегі Мемлекеттік стандарттың негізгі талаптарына сәйкес және заң туралы кейбір мәліметтерді, әлеуметтік – экономикалық мәселелерді есепке ала отырып, әрдайым оқу процесіне тиісті өзгерістер енгізіліп отырады. Оқу жоспары мен оқу процесіне жаңа тараулар мен тақырыптар, арнайы курстар, интернет жүйесіне қосылған компьютерлер, іс қағаздарын жүргізу негіздері, семинар мен тәжірибе сабақтарының жаңа түрлері-баспасөз конференциясы, дөңгелек стол, іскерлік ойын, қылмыстық істер бойынша іс жүргізу және тағы басқа түрлері енгізілген.

Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының ұстаздары, сабақты қазақша беру дегенімізді «жүре жүзелетін көш» деп есептеп, етекпен тартқан қиындықтарға қарамай, қазіргі Академия құрылғаннан бастап мемлекет тілінде сабақ жүргізіп келеді.

Содан бері кафедра оқытушыларының ұстаздық қызметтегі еңбектері айқын крінеді.

Бүгінгі таңда біздің кафедрада оқылатын барлық пәндер бойынша орыс тілімен қатар мемлекеттік тілде жүргізіледі.

Қазақ тілінде сабақ беру тәсіліне арналған кафедра мәжілістерінде әр-уақытты сабақ беру қандай шеңберде, қандай биіктікте болуы керек деген мәселелер талқыланады. Біздің кафедра ұстаздарының пікірі бойынша, қазақ тілінде сабақ беру, өзінің оқулық міндетінен басқа, өз халқын таныту, елін құрметтеу, қазақ халқының өзіне тән ерекшеліктерін білдіру мақсатын көздейді.

Қиындық туғызып отырған кейбір мәселелерге тоқтала кетейік:

Бірінші, қазіргі уақытта қазақша сабақ беріп жүрген ұстаздар өздерінің ой-ірісіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты жұмыс жасап жүр. Олардың сабақ беруін, сол сабақтың сапасын, кафедра, деканат тереңірек тексеріп, қадағалап отырса дұрыс болар еді.

Академияның әдістемелік Кеңесінің жұмысын жандандыру қажет. Біздің ойымыша осы әдістемелік Кеңес тағайындаған сарапшылар, кафедра дайындаған лекциялар мәтініне, семинар, практикалық сабақ жүргізуге арналған жоспарларға, әдістемелік басқа да оқу құжаттарын саралап баға берулері керек. Тек сонда ғана оқу жұмыстарына қойылатын талаптардың бірізділігі қамтамасыз етіліп, қателіктерді, кемшіліктерді жоюға болады.

Тәжірибелі мамандар лекцияның мәтінін музыканың нотасымен салыстырады, ал лекция оқуды (оның естілуін) лектордың дауысынан әсем ән естілгендей әсер ету деңгейінде болу керек деп санайды.

Екінші, кейбір студенттер қазақ тілін нашар біледі. Орта мектепті, сірә, орысша бітіргендер болуы мүмкін, бірақ біздің академияда, бір жеңілдік болар деген оймен, қазақ топтарында оқып жүр.

Олар қазақша жаза алмайды, жазсада, өте нашар жазады. Қазақша сөйлеу деңгейі де сондай. «Қаз үйрек боп талтаңдап жүрем деп, шатын айырыптының» кебін кигендер. Кейбүреулер оларды мәңгірт дейді, олар туралы мынандай сөздер бар:

Екі жарым миллион мәңгірт қазақ,

Білеме екен жүргенін болып мазак.

Өз тілінде бір ауыз сөз білмейтін

Солар әлі тарттырар талай азап.

Олардың ана тілінде нашар сөйлеуі, ана тілін жеткілікті білмеуі бір жағынан өздерінің кінәсі, екінші жағынан, заман ағымының салдары. Сол себепті ондай студенттерге көмектесу қажет, ана тілін игеруге талпынған қадамдарың жемісті болсын деп, ынталарын қолдау керек. Меніңше, осындай студенттерге тіл кафедрасының пайдасы тиуі керек. Тіл кафедрасы, қазақ тобында оқып жүр деп, оларға көп көңіл бөле бермейді. Академияда тіл кафедрасы шеңберінде, «Тіл және сөз өнері» – (шешен сөйлеу өнері) деген арнайы курс (пән) ашылса. Онда қазақ тілі терең зерттеліп, сөз өнері, шебер сөйлеу мәселесі үйретілсе, дұрыс болар еді. Себебі заң саласынды қызмет жасайтын адам, тек қана заңгер емес, сонымен бірге шебер сөйлеу маманы.

Көсем ойлы, тапқыр тілді, сұңқар үнді ділмар мамандар Қазақстан аумағында демократияның жандануына, темірдей берік тәртіптің, имандылықтың, ізгіліктің қанат жайуына әсер етуі сөзсіз.

Үшінші, студенттердің өз бетімен сабаққа дайындалу процесін кім қадағалайды, «самоподготовка» деген сабаққа дайындалу түрі қалай өтеді.

Бір жағынан лектордың де қабылеттілігін байқар еді.

Сонымен бірге әрбір топта кураторлар бар, олар сабаққа сирек қатысады, қазақ тілінде оқитын студенттердің білімдерінің сапасын жеткілікті қадағаламайды.

Төртінші, мемлекет тілінде жазылған, дайындалған оқулықтарды, монографиялық жұмыстарды, өзге де әдістемелік құсқауларды, кезек күттірмей баспадан шығару қажет. Себебі қазақ тілінде жазылған оқулықтар саны өте аз, өзіміздің кітапхана да қазақ тілінде жазылған оқулықтарды сатып алуда сарандық танытады.

Бесінші, қазақша сабақ беретін оқытушыларды, проф.Қайыржанов Елеген Естілеуович айтпақшы, ынталандыру мәселесі шешімен тапса, оларға материалдық көмек көрсетілсе, қазақша сабақ беру мәселесінің сапасы арта түсер еді.

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіне бар» – дейді, осы айтқандарымызды қорыта келіп айтатыным:

Мемлекет тілінде сабақ беру мәселесі біраз жылдар ішінде үлкен-кіші басқосуларда жан-жақты пікір алмасу болды, істеген жұмыстарымызға, жазылған әдстемелік нұсқауларға, жалпы іс-тәжірибемізге сын көзбен қарадық, алға басудың жолдарын іздедік, біраз тәжірибе жинадық.

Бүгінгі күні біраз жерге жетіппіз, ісіміз алға басын десек «кешегілердің еңбегін елемесек, бүгінгілердің көңіліне қарамасак, ертеңгілерді қайдан қарқ қыламыз» – деген даналықты естен шығармай, білек түріп іске кірісейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Иеринг Р. Борьба за право. М., 1907.— 17 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Ташибаева Айман Казисовна, Жусипбекова Айнур Маратовна

Б.Бейсенов атындағы ҚР ПМ Қарағанды Академиясының

Ғылыми зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, з.ғ.м.

О НЕКОТОРЫХ ПРОБЛЕМАХ ВЕДЕНИЯ ЗАНЯТИЙ НА ГОСУДАРСТВЕННОМ ЯЗЫКЕ В ВЕДОМСТВЕННЫХ ВУЗАХ МВД РК

В данной статье обсуждаются некоторые проблемы преподавания учебных дисциплин, в том числе уголовно-процессуального права на государственном языке. В первые годы, то есть в начале 1990 года, в связи с отсутствием учебников, монографических работ, различных методических указаний преподавание на государственном языке порождал определенные трудности, однако профессорско-преподавательский состав начали писать учебники, учебные пособия на государственном языке и проблемы преподавания учебных дисциплин стали решать на соответствующем уровне. Вместе с тем в статье определены задачи студентов при изучении норм уголовно-процессуального законодательства, а именно на основе самостоятельного поиска находить научные факты, глубокое усвоение изучаемого материала, умение применять их на практике.

Ключевые слова: правоохранительные органы, профессиональная компетентность, государственный язык, квалифицированный специалист, правовое государство, уголовный процесс, органы уголовного преследования, преподаватели, документы, трудности.

**Tashibaeva Ayman Kazisovna, Zhussipbekova Ainur Maratovna
Karaganda Academy of MIA of RK named after the Barimbek Beisenov
Karaganda, Kazakhstan**

ABOUT SOME PROBLEMS OF CONDUCTING CLASSES IN THE STATE LANGUAGE IN THE DEPARTMENTAL UNIVERSITIES OF THE MIA RK

This article discusses some problems of teaching academic subjects, including criminal procedure law in the state language. In the first years, that is, in the beginning of 1990, due to the lack of textbooks, monographs, and various methodological guidelines, teaching in the state language created certain difficulties, but the teaching staff began to write textbooks, manuals in the state language, and the problems of teaching academic subjects began to be solved at the appropriate level. At the same time, the article defines the tasks of students in studying the norms of criminal procedure legislation, namely, on the basis of an independent search to find scientific facts, a deep assimilation of the studied material, the ability to apply them in practice.

Keywords: law enforcement agencies, professional competence, state language, qualified specialist, legal state, criminal procedure, criminal prosecution authorities, teachers, documents, difficulties.

List of references:

1. Iering R. Struggle for the right. Moscow, 1907. - P. 17.

**УДК 343.985.7
МРНИ 10.85.51**

**Шаталкина Наталья Андреевна
anufrieva-nataly@yandex.ru**

ФГКОУ ВО «Барнаульский юридический институт Министерства внутренних дел Российской Федерации», Барнаул, Алтайский край, Российская Федерация

ТИПИЧНЫЕ СПОСОБЫ СОКРЫТИЯ СЛЕДОВ СОВЕРШЕНИЯ МОШЕННИЧЕСТВ С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ СЕТИ ИНТЕРНЕТ

Процесс глобализации и информатизации мирового пространства вызвал к жизни ранее не известные составы преступлений, совершение которых связаны, в том числе, и посредством всемирной информационной сети Интернет. Особенно актуализировались преступные проявления в сфере интеллектуальной и иной собственности, похищаемой путем мошенничества. В статье проанализированы типичные способы сокрытия следов совершения мошенничеств с использованием сети Интернет. Знание о возможных способах сокрытия следов совершения данных преступлений позволяет в наиболее сжатые сроки установить личность преступника, его местонахождение и собрать комплекс доказательств, подтверждающих его виновность.

Ключевые слова: криминалистическая характеристика, методика расследования, мошенничество, Интернет, способ сокрытия преступления.

Стремительное развитие информационных технологий и их повсеместное проникновение во все сферы общественной жизни обусловило всплеск преступности с использованием коммуникационных сетей. Особенно высок уровень распространения мошенничеств, совершаемых в сети Интернет.

Согласно статистическим данным в России наблюдается устойчивая тенденция к увеличению числа мошенничеств, среди которых значительный объем составляют мошенничества, совершенные в сети Интернет. В период с января по август 2020 года количество данных преступлений возросло на треть по сравнению с аналогичным периодом 2019 года и составило 218,5 тысяч [3].

Высокая динамика роста интернет-мошенничеств среди прочих причин детерминирована недостаточным уровнем противодействия данному виду преступности со стороны правоохранительных органов. Так, на сегодняшний день можно констатировать недостаточную подготовленность сотрудников следственных подразделений к работе по расследованию транснациональных преступлений, совершенных в электронно-цифровом пространстве. Кроме того,

расследование существенно усложняется тем, что мошенники активно внедряют в свою преступную деятельность новейшие достижения науки и техники, постоянно разрабатывая новые схемы по сокрытию следов совершенного ими преступления.

Статья посвящена вопросу инклюзивного образования в Республике Казахстан. Авторы акцентируют внимание на необходимость продвижения вперед по пути демократизации возможностей для получения образования для всех, что основывается на процессе инклюзии с целью формирования национальных стратегий и политики, направленной на гуманизацию общества. По их мнению, овладение людьми инклюзивной культурой, в первую очередь педагогами, родителями, учащимися, можно рассматривать в качестве наиважнейшего основания для развития инклюзивного образования в государстве, на овладении людьми инклюзивной культурой и в первую очередь педагогами.

Ключевые слова: образование, интегрированное образование, инклюзивное образование, потребности, индивидуальные возможности, образование для всех, культура, ценности, поликультурное образование, общечеловеческие ценности.

В мировом образовательном пространстве в последнее десятилетие все чаще употребляются понятия: «включенное образование», «интегрированное образование», «инклюзивное образование», которые часто рассматриваются как синонимы. Однако некоторые исследователи (П.Р. Егоров, Н.Н. Малофеев, Н.Я. Семаго, М.М. Семаго и др.) выделяют наличие существенных различий в понимании интегрированного и инклюзивного образования. Это обусловлено тем, что интегрированное образование предполагает совместное обучение детей с особыми образовательными потребностями (далее - дети с ООП) с другими обучающимися, причем лица с проблемами в развитии должны приспособляться к системе обучения в обычном образовательном учреждении, а при инклюзивном образовании создаются равные условия для всех обучающихся [1].

Именно поэтому для нас важно подчеркнуть, что на современном этапе развития общества из-за существенных отличий в содержательных характеристиках данных понятий, термин «интегрированное образование» в международной практике заменяется термином «инклюзивное образование».

Отметим, что в действующем Законе «Об образовании» в РК, закреплено понятие «инклюзивное образование» и сказано, что инклюзивное образование - это «процесс, обеспечивающий равный доступ к образованию для всех обучающихся с учетом особых образовательных потребностей и индивидуальных возможностей» [2].

В контексте этого определения необходимо выделить следующие особенности в понимании инклюзивного образования:

- Во-первых, инклюзивное образование - это обеспечение равного доступа к образованию - «образование для всех»;
- Во-вторых, инклюзивное образование предоставляется для разнообразных групп людей, сталкивающихся с барьерами в получении образования;
- В - третьих, в основе инклюзивного образования заложена идея, исключаящую любую дискриминацию личности по какому-либо признаку, которая обеспечивает равное отношение ко всем людям, но при этом, создает условия для лиц, имеющих особые образовательные потребности.

Следовательно современное национальное законодательство (Конституция РК [3], Закон РК «О правах ребенка» [4], Закон РК «Об образовании» [2]) предусматривает равные гарантии на получение образования всем гражданам Казахстана, включая детей с ООП. Поэтому на сегодняшний день одним из приоритетных направлений развития современного образовательного процесса является создание инклюзивного пространства, позволяющего детям с ООП полноценно участвовать в социальной жизни.

Отметим, что термин «инклюзия» введен и проанализирован американским автором М. Уилл, само понятие «inclusion» происходит от английского «включение», которое сегодня в максимальной степени выражает взгляд современного общества не только на образование, но и на место человека в обществе [5].

Развитие инклюзивного образования можно рассмотреть в трех плоскостях: инклюзивная политика, инклюзивная практика и инклюзивная культура.

В настоящее время в Казахстане приобретает актуальность исследование «инклюзивной культуры», которая является очень важной проблемой. Современное общество развивается в области человеческих отношений и перемена в отношении к детям с ООП, является в результате осознания ценности человеческого многообразия и отличий между людьми, а также в понимании прав человека, его достоинства, идентичности.

Для нас важно подчеркнуть, что инклюзивная культура в современном обществе является важнейшей составляющей инклюзивного образования, так как инклюзивное образование – это модель идеологическая.

Что мы будем понимать под «инклюзивной культурой»? Дадим определение «культуры» - (от лат. cultura - возделывание - воспитание, образование, развитие, почитание), исторически определенный уровень развития общества, творческих сил и способностей человека, выраженный в типах и формах организации жизни и деятельности людей, в их взаимоотношениях, а также в создаваемых ими материальных и духовных ценностях. [6] То есть, культура – это опыт человечества, система общечеловеческих знаний, ценностей.

Опираясь на данное понятие можно дать следующее определение: инклюзивная культура – это такой уровень развития общества, который выражается в гуманном, безопасном отношении людей друг к другу, где разделяются идеи сотрудничества, стимулируется развитие всех участников образовательного процесса, где ценность каждого является основой общих достижений, а также формируются всеми принимающиеся инклюзивные ценности.

Именно поэтому несформированность инклюзивной культуры на современном этапе развития общества будет отрицательно сказываться на образовательном процессе и не позволит эффективно реализовывать инклюзивное образование. Можно создавать идеальные условия (в приспособлении и доступности образовательной среды), но исключить человеческое отношение невозможно.

Также инклюзивную культуру общества можно рассматривать не только как фактор успешной реализации инклюзивного образования, но и как фактор развития поликультурного образования в Казахстане.

В педагогической науке понятие «поликультурное образование» определяется как образование, построенное на идеях подготовки подрастающего поколения к жизни в условиях многонациональной и поликультурной среды.

Целью такого образования является формирование умения общаться и сотрудничать с людьми разных национальностей, рас, вероисповеданий, воспитание понимания своеобразия других культур, искоренение негативного отношения к ним [7]. Развитие уважительного, бережного отношения к чужой культуре, ее представителям, ценностям, традициям, языку при сохранении в качестве основы своей культуры является основной задачей в развитии поликультурного образования в Казахстане, поскольку наша страна – это многонациональная страна.

Таким образом, можно отметить, что во всем мире растет интерес к идее и практике инклюзивного образования. Необходимость продвижения вперед по пути демократизации возможностей для получения образования для всех основывается на процессе инклюзии с целью формирования национальных стратегий и политики, направленной на гуманизацию общества. Поэтому овладение людьми инклюзивной культурой, в первую очередь педагогами, родителями, учащимися, можно рассматривать в качестве наиважнейшего основания для развития инклюзивного образования. Нужно через простые общечеловеческие жизненные примеры показывать, что у нас очень много общего, если мы примем этот факт, инклюзивное образование перестанет быть определяющим в отношении между людьми.

Наше общество безусловно движется к этому пониманию – «Общество равных возможностей».

Список использованной литературы:

1. Корнеева, Н. Отношение общества к инвалидам заметно меняется / Н.Корнеева // Вечерняя Москва. - 2013. - № 125.

2. Закон Республики Казахстан «Об образовании» от 27 июля 2007 года № 319-III «Об образовании» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 18.02.2014 г.)
3. Конституция Республики Казахстан от 30 августа 1995 года
4. Закон Республики Казахстан от 8 августа 2002 года № 345-II «О правах ребенка в Республике Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 27.07.2007 г.);
5. Ярская, Е.Р. Инклюзия – новый код социального равенства / Е.Р. Ярская // Образование для всех: политика и практика инклюзии. - Саратов: Научная книга, 2008. - С.11-16.
6. Старовойт Н.В. Инклюзивная культура образовательной организации: подходы к пониманию и формированию // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. –С. 31–35.
7. Ералиева, Х. С. Внедрение инклюзивного образования в Казахстане / Х. С. Ералиева. — Текст : непосредственный // Инновационные педагогические технологии : материалы IV Междунар. науч. конф. (г. Казань, май 2016 г.). — Казань : Бук, 2016. — С. 26-28.

ТҮЙІНДЕМЕ / RESUME

Бокижанова Галина Каскарбековна

galiyakaz68@gmail.com

Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан

Голомазова Евгения Андреевна

Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ

Мақала Қазақстандағы инклюзивті білім беру мәселесіне арналған. Авторлар ұлттық стратегиялар мен саясатқа қол жеткізумен инклюзивті процеске негізделген «Баршаға арналған білімге» қол жеткізудің мүмкіндіктерін демократияландыру жолында алға жылжуға баса назар аударады. Олардың пікірі бойынша, инклюзивті мәдениеті бар адамдардың, ең алдымен мұғалімдердің, ата-аналардың, оқушылардың игеруі мемлекеттегі инклюзивті білім беруді дамытудың, инклюзивті мәдениеті бар адамдарды игерудің маңызды негізі деп санауға болады және, ең алдымен, мұғалімдер.

Кілтті сөздер: инклюзивті мәдениеті, адамдар, мұғалім, ата-аналар, оқушылар, ұлттық стратегиялар

Bokizhanova Galina

galiyakaz68@gmail.com

Academy "Bolashaq", Karaganda, Republic of Kazakhstan

Golomazova Evgeniya

Academy "Bolashaq", Karaganda, Republic of Kazakhstan

ON THE ISSUE OF INCLUSIVE EDUCATION

The article is devoted to the issue of inclusive education in Kazakhstan. The authors focus on moving forward towards democratizing opportunities for achieving Education for All, which is based on an inclusive process with the achievement of national strategies and policies. In their opinion, the mastery of people with an inclusive culture, first of all by teachers, parents, students, can be considered as the most important basis for the development of inclusive education in the state, on the mastery of people with an inclusive culture and, first of all, by teachers.

Keywords: issue, inclusive, education, Education for All, inclusive process, national strategies and policies, inclusive culture.

List of references:

1. Korneeva, N. The attitude of society towards the disabled is changing markedly / N. Korneeva // Evening Moscow. - 2013. - No. 125.
2. The Law of the Republic of Kazakhstan "On Education" dated July 27, 2007 No. 319-III "On Education" (with amendments and additions as of February 18, 2014)
3. The Constitution of the Republic of Kazakhstan dated August 30, 1995
4. Law of the Republic of Kazakhstan dated August 8, 2002 No. 345-II "On the Rights of the Child in the Republic of Kazakhstan" (with amendments and additions as of July 27, 2007).
5. Yarskaya, E.R. Inclusion is a new code of social equality / E.R. Yarskaya // Education for All: Policy and Practice of Inclusion. - Saratov: Scientific book, 2008. - P.11-16.

6. Starovoit N.V. Inclusive culture of educational organization: approaches to understanding and formation // Scientific-methodical electronic journal "Concept". - 2016. –S. 31-35.

7. Eralieva, Kh. S. Introduction of inclusive education in Kazakhstan / Kh. S. Eralieva. - Text: direct // Innovative pedagogical technologies: materials of the IV International. scientific. conf. (Kazan, May 2016). - Kazan: Buk, 2016. -- S. 26-28.

ӘОЖ 373.1

ҒТАХР 14.25.01

Жапанова Риза Набиевна

riza_70@bk.ru

«Bolashaq» Академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ТИІМДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада автор бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын сақтау мәселесіне баса назар аударады, өйткені оқудағы жетістіктер осыған байланысты болып табылады. Ол денсаулық сақтау технологияларын сабақта және сыныптан тыс жұмыстарда қолдануды ұсынады, мұғалім сабақта орындауы керек міндеттерді анықтайды.

Кілтті сөздер: әдіс, денсаулық, денсаулық сақтау технологиялары, басым бағыттар.

Адам денсаулығы - бұл ең жоғары ұлттық құндылық, сондықтан ұлттың жандануы дәл денсаулықтан, бірінші кезекте балалардан басталуы керек. Қазіргі жоғары технологиялар әлемінде бастауыш сынып оқушыларының қозғалыс белсенділігінің, қоршаған орта мен басқа факторлардың күрт төмендеуі олардың денсаулығының айтарлықтай нашарлауына әкелді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ресми анықтамасына сәйкес денсаулық тек жетіспеушілік емес, толық физикалық, рухани және әлеуметтік салауаттылық жағдайы ретінде анықталған [1].

Бүгінгі таңда білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі – бастауыш сынып оқушыларының денсаулығын сақтау және нығайту. Денсаулық адамның толық өмір сүруінің және қоғамның дамуының қажетті шарты болып табылады. Сондықтан кез-келген азамат үшін салауатты өмір салтын қалыптастыру мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады, бұған Қазақстан Республикасының заңнамалық құжаттарында: Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясы, «Қазақстан Республикасы азаматтарының мәртебесін жақсартудың бірінші кезектегі шаралары туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы, «Салауатты өмір салты тұжырымдамасы», «Білім туралы» заңдар, білім беру ұйымдарында білім берудің кешенді бағдарламасы және т.б. Жаңа стандарттардағы негізгі идеялардың бірі - бастауыш сынып оқушысының денсаулық мәдениетін қалыптастыру. Егер мектеп білім беру мекемесінің денсаулықты сақтайтын инфрақұрылымын құрып, білім беру бағдарламаларын және ата-аналармен тәрбие жұмыстарын жүргізуге қойылатын талаптарға жауап беретін болса, оқушылардың денсаулығының жақсаруына әсер етіп, олардың денсаулығына деген өзіндік көзқарасын өзгертуге болады. Мектептің, мұғалімдердің басты міндеті - жағдай жасау және баланы бірінші сыныптан бастап денсаулықты сақтауға, нығайтуға және оқушыларды тәуелсіз өмірге толық даярлау.

Оқушының денсаулығы қалыпты деп болжауға болады, егер:

- физикалық тұрғыдан - денсаулығы дене жаттығуларын көтереді, бала шаршаңқылықты жеңе алады;
- эмоционалды тұрғыдан - бала байсалды, белгілі бір жағдайға таңғала алады;
- интеллектуалды тұрғыдан – оқушы өзінің жақсы ақыл-ой қабілеттерін көрсете біледі;
- рухани тұрғыдан - ол негізгі жалпыадамзаттық құндылықтарын біледі;

Бәрімізге белгілі, педагогикалық қоғамдастық дәрігерден гөрі денсаулықты сақтау тұрғысынан оқушыға көбірек үлес қоса алатындығын түсінеді. Бірақ бұл үшін бастауыш сынып мұғалімі оқушылардың денсаулығына, соның ішінде өз сабақтарына және мектептің жалпы жұмыс бағдарламасына зиян тигізбей жұмыс істеуге мүмкіндік беретін денсаулық сақтау технологияларын

үйренуі керек. Денсаулық сақтау технологиясы дегеніміз не? Кеңейтілген мағынада біз бұлай оқушыларға пайдалы денсаулық сақтаудың білім беру технологияларын айтамыз.

Егер денсаулық сақтайтын білім беру технологиялары денсаулық сақтаудың неғұрлым тар міндетімен байланысты болса, онда оларға оқушылардың денсаулығына тікелей немесе жанама зиян келтірмейтін, қауіпсіз өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ететін педагогикалық әдістер мен технологиялар кіреді. Денсаулық сақтау технологиялары (ДСТ) терминін кез-келген білім беру технологиясының сапалық сипаттамасы ретінде де, «денсаулық үшін қауіпсіздік сертификаты» ретінде де, сонымен қатар дәстүрлі білім беру мен оқыту технологияларын толықтыратын, оларға денсаулықты сақтау белгісін беретін ұстанымдардың, әдістердің, педагогикалық жұмыс әдістерінің жиынтығы ретінде қарастыруға болады. В.Сухомлинскийдің айтуы бойынша, «... баланың денсаулығына қамқорлық жасау - бұл санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелер мен режимге, тамақтануға, еңбекке, демалуға қойылатын талаптар жиынтығы ғана емес. Біріншіден, бұл физикалық және рухани күштердің үйлесімді толықтығы жайлы алаңдаушылық, және бұл үйлесімнің мәні шығармашылық қуанышында».

Кез-келген мұғалімнің міндеті: баланың шығармашылық процесіне қосылуына жағдай жасау және баланың психикалық-физиологиялық сипаттамаларына сәйкес келетін әдіс-тәсілдерді табу, баланың позитивті ойлауын және өзінің денсаулығын «құру» қабілетін қалыптастыру.

Білім беруді модернизациялау тұжырымдамасы, біздің ойымызша, бастауыш мектептің, қоғам мен мемлекеттің қажеттілігіне, болашақтың қажеттіліктеріне жауап беретін денсаулық сақтаудың жаңа моделін жасауды көздейді. Соның бірі - жас ұрпақтың денсаулығы. Бұл - қоғам мен мемлекет әл-ауқатының маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Мектептің негізгі мақсаты қажетті білім беру болып саналады, сондықтан оқу процесінде балалардың денсаулығын сақтау да маңызды міндет болып табылады. Оқушылардың денсаулығының жай-күйі білімнің сапалы болуына әсер етеді. Мұның бәрі бастауыш сынып оқушыларының мектептегі өмірін ұйымдастыруға мұқият қарауды қажет етеді: оңтайлы гигиеналық, экологиялық және басқа жағдайларды жасау, оқушылардың денсаулығына кері әсер ететін жағдайлардың пайда болуына жол бермейтін оқу процесін ұйымдастыруды қамтамасыз ету. Сабақтардағы негізгі мақсат – оқушының оқу барысында денсаулығын қадағалау.

Ол үшін мұғалім тәжірибелік қызметінде келесі міндеттерді орындауы керек:

- денсаулықты сақтау мен нығайтуға үлкен әсер ететін оқу процесін ұйымдастыру;
- оқушыларға оқу үдерісінде қуанышын сезімін сыйлай білу;
- балаларды өздерімен және айналасындағы әлеммен үйлесімді өмір сүруге үйрету;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру мәдениеті;
- бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- салауатты өмір салтын ұстануға мотивация беру;
- балаларды алған білімдерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету;
- инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу.

Бастауыш сынып мұғалімі ұйымдастырған оқу процесі шығармашылық тұрғыда болуы керек. Л.С.Выготскийдің пікірі бойынша бұл оқу процесінің шығармашылық сипатын сақтауды жақсартудың өте қажет шарты болып табылады. Баланы шығармашылық процеске қосу тек табиғатқа ғана емес, ол адамның дамуы, оның бейімделу әлеуеті байланысты болатын ізденіс әрекетін іске асыруда қызмет етеді, жас оқушының жеке басының дамуына көмектеседі, сонымен қатар шаршау ықтималдығын азайтады. Мұндағы қатынастар тізбегі қарапайым: шығармашылықсыз қызықсыз, яғни бұл белгілі бір дәрежеде күшпен тыңдату болып саналады. Ал күштеу бұл денсаулыққа да, баланың денсаулығына да зиянды. Баланы шығармашылық процеске қосу арқылы шешім іздеу адамның дамуына қызмет етеді, ал бұл өз кезегінде шаршауды басады.

Бұған мыналардың көмегімен қол жеткізуге болады:

- сабақтағы ойын жағдайлары және сабақтың әр түрлі формалары;
- қозғалыстармен диалогтарды драматизациялау, әдеби сюжеттердің көріністерін сахналау;
- демалыс кезіндегі белсенді ойындар;
- сабақтағы ойын-сауық жаттығулары;
- үй тапсырмасының шығармашылық сипаты және үй тапсырмасын саралау.

Мұның бәрі коммуникативтік күзиреттіліктің, моториканың дамуына, зейіннің шоғырлануына, қиялдың, танымдық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді, психоэмоционалды стрессті азайтады және сабаққа деген қызығушылықты арттырады.

Бастауыш сынып оқушыларында жүйке жүйесі әсіресе сезімтал, сондықтан мұғалім сабақ барысында әр түрлі оқу іс-әрекеттерін ауыстыруы керек:

- оқу;
- хат;
- есту;
- әңгіме;
- көрнекі құралдарды қарастыру;
- сұрақтарға жауаптар және. т.б.

Сабаққа оқытушы үшін оқу іс-әрекетінің кем дегенде 4-7 түрі кіруі керек. Сыныпта оқытудың әр түрлі әдістерін қолдануға, оқушылардың өздері шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал ету үшін:

- еркін таңдау әдісі (әңгіме, шығармашылық еркіндігі, іс-әрекет режимін таңдау);
- оқытудың белсенді әдістері (іс-әрекеттегі оқыту, топтық талқылау, оқушы зерттеуші ретінде);
- өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға бағытталған әдістер (ақыл, эмоциялар, қиял, қарым-қатынас, өзін-өзі бағалау).

Бұл әдістер жұмыс қалпын сақтау қажеттілігімен байланысты шаршауды басады. Осы әдістерге қосымша, оқытушы сабаққа келесі спорттық минуттарды қосуы керек:

- дене қалпын қалыптастыру жаттығулары;
- аяққа арналған жаттығулар;
- қолды босаңсыту;
- саусаққа арналған массаж;
- тыныс алу жаттығулары, рационалды тынысты дамытуға бағытталған жаттығулар;
- көздің шаршауы туралы ескерту және. т.б.

Қозғалыс белсенділігінің жетіспеушілігі бастауыш сынып оқушылары ағзасының бейімделу ресурстарының төмендеу себептерінің бірі болып табылады. Физикалық минуттар мидың белсенділігіне, жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің белсенділігіне әсер етеді, ішкі мүшелердің қан айналымын, жүйке жүйесінің жұмыс қабілеттілігін жақсартады.

Дене шынықтыру сабағын өткізген кезде мұғалім келесі талаптарды ескеруі керек:

- олар әр түрлі болуы керек;
- шаршаудың бастапқы кезеңінде жүзеге асырылуы керек;
- шаршаған бұлшықет топтарына арналған жаттығуларға артықшылық беру керек;

Осылайша, осы мәселе бойынша жұмыс барысында біз балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселесі әлеуметтік мәселе болып табылады және оны барлық деңгейде шешу қажет деген қорытындыға келдік. Білім беру мекемесінде денсаулықты сақтау ортасын ұйымдастыру ағза мен жеке тұлғаның қалыптасуының әлеуметтік-биологиялық факторларын кешенді бағалау тұрғысынан қарастырылуы және үш негізгі бағыт аясында жүзеге асырылуы керек. Медициналық-гигиеналық, бұл салауатты өмір салтын сақтауды, созылмалы және жедел аурулардың алдын-алуды, түзетуді білдіреді. Психологиялық және валеологиялық, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, денсаулықты сақтау қажеттілігін белсенді ынталандыруға, психикалық және физикалық денсаулық көрсеткіштерін диагностикалауға, қауіп факторларын анықтауға және жоюға, денсаулық сақтау резервтерін сақтау мен көбейтуге бағытталған. Сонымен, бұл балалардың психологиялық-педагогикалық, жалпы әлеуметтік және биологиялық бейімделуі, оның ішінде оқу жетістіктерінің көрсеткіштері мен физиологиялық бағасы, жас ерекшеліктерін ескере отырып, белсенділігін оңтайландыруға арналған түрлі психологиялық-педагогикалық бағдарламалар, денсаулық жағдайын алдын-алу және түзету мәселелерін шешетін психологиялық-педагогикалық жол.

Денсаулық сақтаудың жалпы білім беру жүйесі мыналарды қамтуы керек:

- денсаулық мәдениеті негіздерін қалыптастыру;
- оқу процесіндегі сауықтыру;
- мектепте және сабақтан кейінгі сауықтыру жұмысы.

Дені сау болу - әр адамның табиғи қалауы. Әр ересек адам дені сау болуды армандайды. Балалар, өкінішке орай, бұл туралы ойламайды. Біз балаға денсаулықтан басқа керемет ештеңе жоқ екенін түсінуіне көмектесуге міндеттіміз. Дені сау және рухани дамыған адам бақытты: ол өзін жақсы сезінеді, білім беру процесінен қанағат алады және өзін-өзі жетілдіруге тырысады. Біз мұндай дені сау адамды жас кезінен бастап тәрбиелеуіміз керек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Акиева Г.С. Педагогические основы развития и совершенствования системы охраны здоровья школьников.-Алматы, 1997.
2. Алимжанова Г.Д. Концепция формирования здорового образа жизни школьников.- Алматы, 2001.-28 с.
3. Ахаев А.В. Управление здоровьесберегающим процессом.- Усть-Каменогорск, 2004.- 70 с
4. Тілеуова С., Ардақ А. «Педагогика». – Шымкент, 2006. – 162 б.
5. Абылкасымова А.Е., Даниярова К.А., Тулеубаева Х.Т. Здоровьесберегающие образовательные технологии в учебно-воспитательном процессе.-Астана, 2005.- 65 с.
6. Ахаев А.В., Колесникова Н.В. Валеологизация учебно-воспитательного процесса в общеобразовательной школе.-Алматы: Мектеп, 2002.-48 с.
7. Игенбаева Б.Қ., Шабжанова С.Қ. Сабақтың дұрыс ұйымдастырылуы – бала денсаулығының кепілі.//12 жылдық білім, -2005.-N7, -72-74 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Жапанова Риза Набиевна

riza_70@bk.ru

**Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан
ПУТИ ФОРМИРОВАНИЯ ЗДОРОВОГО ОБРАЗА ЖИЗНИ МЛАДШИХ
ШКОЛЬНИКОВ ПУТЕМ ЭФФЕКТИВНОГО ИСПОЛЬЗОВАНИЯ
ЗДОРОВЬЕСБЕРЕГАЮЩИХ ТЕХНОЛОГИЙ**

В статье автор уделяет большое внимание вопросам охраны здоровья учащихся начальных классов, так как от этого зависят достижения в учебе. Он предлагает использовать технологии здравоохранения на уроках и внеклассных работах, определяет задачи, которые учитель должен выполнять на уроке.

Ключевые слова: метод, здоровье, технологии здравоохранения, приоритетные направления.

Zhapanova Riza Nabievna

riza_70@bk.ru

**Academy «Bolashaq», Karaganda, Kazakhstan
WAYS TO FORM A HEALTHY LIFESTYLE OF PRIMARY SCHOOL CHILDREN
THROUGH THE EFFECTIVE USE OF HEALTH-SAVING TECHNOLOGIES**

In the article, the author pays great attention to the issues of health protection of primary school students, since academic achievements depend on this. He suggests using health technologies in lessons and extracurricular activities, and defines the tasks that the teacher should perform in the classroom.

Keywords: method, health, health technologies, a teacher, classroom.

**УДК 159.00.14
МРНТИ 15.01.29**

Урумбаева Айгуль Нагметовна

urumbaev67@mail.ru

**Нукусский государственный педагогический институт имени Ажинияза,
Нукус, Республика Узбекистан**

Бокижанова Галина Каскарбековна

galiyakaz68@gmail.com

Академия «Болашак», Караганда, Республика Казахстан

К ВОПРОСУ СОВЕРШЕНСТВОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛИСТОВ В ПРОЦЕССЕ ОВЛАДЕНИЯ УЗКОСПЕЦИАЛЬНОЙ ЛЕКСИКИ

В статье рассматриваются вопросы совершенствования профессиональной подготовки специалистов в процессе овладения узкоспециальной лексики. Акцентируется внимание на значении и роли учебного словаря по психологии в подготовке педагогических кадров, анализируется проблема учебной лексикографии.

Ключевые слова: учебный словарь, термины и понятия, психологическая лексика, словник, содержание и структура словаря.

Развитие и совершенствование профессиональной подготовки специалистов в значительной мере определяется степенью овладения ими языком изучаемой области знания, т.е. её терминологией. Этот процесс предполагает последовательное и системное усвоение основных понятий изучаемого предмета, совокупность которых даёт представление о данной области знания в целом и качественно отличает её от других областей. Обучение языку специальности, освоение студентами общенаучной и узкоспециальной лексики, привитие им умений и навыков самостоятельной работы с литературой по специальности – важные задачи преподавания психологических дисциплин в педагогическом вузе.

Цель изучения психологических дисциплин в педагогическом вузе:

- получить представление о природе психики человека, о соотношении природных и социальных факторов в её становлении, а также о том, как происходит осознание человеком окружающего мира и самого себя;

- научиться давать психологическую характеристику личности;

- объяснять собственные психические процессы, свойства, состояния, а также овладеть простейшими приёмами их психической саморегуляции;

- научиться осознавать особенности взаимодействия людей в процессе общения и совместной деятельности;

- овладеть приёмами, повышающими эффективность общения и др.

Как известно, изучение студентами любой науки подчинено одной цели — научиться подходить к жизненным явлениям, к практическим задачам с научных позиций, т.е. со знанием дела, изученного всесторонне. Применительно к психологии это означает, что студенту её нужно изучать с целью получения научной ориентировки в психологии человека, чтобы понимать и объяснять особенности её проявлений в действиях, поступках, поведении реальных людей, и на этой основе научиться правильно взаимодействовать с ними в повседневной практике.

Изучая психологию, каждый студент независимо от его будущей специальности должен научиться мыслить психологически при анализе и оценке человеческих действий и поступков, при выявлении особенностей характера и способностей, темперамента и других свойств личности, социально-психологических явлений в обществе, коллективе, личном общении с другими людьми и т.д.

Цель изучения студентом психологии и цель преподавания сходятся в конце обучения студента в его результате: в формировании у него умения практически руководствоваться научными психологическими знаниями при реальном взаимодействии с другими людьми, что, в свою очередь, как раз и предполагает формирование умения мыслить психологически. А для этого должны быть сформированы логико-понятийный аппарат и знания терминов по предмету.

Как известно, современная психологическая наука включает в себя значительное число специальных разделов и прикладных областей знания, решающих важные теоретические и практические задачи. Каждая из областей психологической науки приобретает в наше время почти самостоятельный статус, включает специфические методы исследования, формулирует психологические закономерности.

Сегодня в современной психологии используется большое число психологических терминов и понятий, необходимых для усвоения студентами в процессе обучения. Поэтому возникает необходимость в учебных терминологических словарях, носящих не только справочный, но и обучающий характер. Однако, несмотря на интенсивное развитие теории учебной лексикографии, она всё ещё недостаточно разработана как в лингвистическом, так и в методическом отношении.

Общеизвестно, словарь является частью учебного комплекса, «ключом», вспомогательным средством, позволяющим расширить понимание термина, уточнить его место в терминотерминологической системе. Следовательно, создание учебных терминологических словарей следует рассматривать как методическую и лексикографическую проблему.

Указанная выше задача, разумеется, не может быть успешно решена без отбора необходимого лексического материала, связанного со специальностью студентов. Разработка лингводидактических основ составления учебных терминологических словарей представляется особенно актуальной в нынешних условиях. Важность такой работы заключается в попытке решить задачи по оптимизации и интенсификации учебного процесса, в совершенствовании методики преподавания

психологических дисциплин в педагогическом вузе в соответствии с современным состоянием науки, а также требованиями, предъявляемыми обществом и государством к подготовке высококвалифицированных специалистов.

Общеизвестно, что словарь составляет язык науки. Он всегда отвечает определённому уровню её развития и отражает определённые теоретические позиции учёных. В современной психологии существуют различные теоретические научные школы, использующие специальную терминологию. Полагаем, что в той или иной степени они обязательно должны быть представлены в учебном словаре.

В словарь-минимум любого специалиста, по мнению методистов, должно входить не менее 2500 терминологических единиц, отражающих основные фундаментальные понятия и положения науки, активное владение которыми достаточно для профессиональной коммуникации, чтении специальной литературы.

Вместе с тем, следует иметь в виду, что в современной психологии основные понятия и термины получили новые определения. В некоторых случаях эти определения не соответствуют тем, которые студент может найти в старых учебных пособиях и учебниках по психологии, что ещё раз доказывает важность подготовки учебного словаря по психологии.

При этом основная трудность заключается в составлении словника, т.е. в отборе исходного терминологического материала. Поскольку необходимо выделить из множества терминологических единиц такое минимальное, но достаточное подмножество, которое способно отразить понятийную структуру всей совокупности терминов рассматриваемой области науки. Каждая область знания, характеризуясь определённым типом мышления, имеет свою, специфическую для неё, типовую модель, в которой отражаются наиболее существенные виды связей между её главным и второстепенными компонентами.

Критерием отбора и расположения терминов в словаре служит место термина (понятия) в системе терминов (понятий) психологии, его «удельный вес» в терминосистеме. В учебный словарь должны войти только собственно психологические термины, т.е. одним из принципов составления терминологического словаря является принцип разделения исследуемых терминов на собственные (например: бессознательное, эмоции, фобии, холерик, эгоцентризм, сензитивный) и привлечённые (например: общение, коллектив, личность, группы, тренинг).

Таким образом, с целью составления учебного словаря психологической лексики нами была проведена определённая работа по отбору и лексикографическому анализу терминологической лексики по ряду специальных дисциплин. Источником для составления словника послужили имеющиеся словари, справочники, учебная литература по общей, возрастной, педагогической и социальной психологии, истории психологии, практической психологии и др.

На основе лексикографического анализа словарей, а также учебников и учебных пособий по профилирующим дисциплинам была составлена картотека в 3000 слов. В словник включены термины основной специальности, т.е. психологии, а также смежных с нею наук – педагогики, философии, физиологии и общенаучная лексика.

При составлении словника учитывалась употребительность слов в научном языке. Поэтому в него не вошли слова, которые обозначают понятия, не играющие существенной роли в будущей профессии студентов. Исходя из принципа минимизации лексического материала, в словник не были включены однокоренные слова в тех случаях, когда они легко могли быть сведены к имеющимся в словаре. Таким образом, структуру словарной статьи в нашем словаре составили:

- заголовочное слово (термин),
- толкование (семантизация) значения данного термина в языке и примеры его использования,
- иллюстративный материал.

Как было сказано выше, данный учебный словарь будет содержать терминологию и систему понятий, принятые в психологической науке. В него будут включены термины и понятия, раскрывающие категориальный аппарат и научную методологию современной психологии. Термины и понятия, включённые в словарь, отражая содержание основных учебных дисциплин, изучаемых студентами по направлению бакалавриата «педагогика и психология», позволяют адекватно описывать психологические явления. Самой главной характерной особенностью данного словаря является его дидактическая (обучающая) направленность.

Несомненно, практическая значимость и теоретическое значение такого словаря неоспоримы и не требуют доказательств. Убеждены, что благодаря обучающей направленности учебный

терминологический словарь по психологии может активно использоваться на занятиях в педагогических вузах, а также может служить базой для создания в дальнейшем учебного пособия или учебника по психологическим дисциплинам, и, возможно, будет способствовать поддержанию мотивации к дальнейшему изучению более сложных отраслей психологии.

Список использованных источников:

1. Учебники и учебные пособия по психологическим дисциплинам
2. Справочники и словари по психологии.

ТҮЙІНДЕМЕ/ RESUME

Айгуль Нагметқызы Урумбаева
Ажинияз атындағы Нукус мемлекеттік педагогикалық институты,
Нукус, Өзбекстан Республикасы
Галина Каскарбеқызы Бокижанова
«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

Мақалада психологияның білім беру сөздігінің оқытушыларды даярлаудағы маңызы мен рөлі талқыланады, оқу лексикографиясы мәселесі талданады, баспаға дайындалған психологиялық лексиканың білімдік терминологиялық сөздігін кәсіби түрде талқылау ұсынылады және оның мазмұны мен құрылымы ашылады.

Кілтті сөздер: оқу сөздігі, терминдер мен ұғымдар, психологиялық лексика, лексика, сөздіктің мазмұны мен құрылымы.

Urumbaeva Aigul Nagmetovna
Nukus State Pedagogical Institute named of Azhiniyaz
Bokizhanova Galina
Academy "Bolashaq", Karaganda, Republic of Kazakhstan

The article discusses the importance and role of the educational dictionary of psychology in the training of teachers, analyzes the problem of educational vocabulary, offers for professional discussion an educational terminological dictionary of psychological vocabulary that is being prepared for publication, and reveals its content and structure

Keywords: educational dictionary, terms and concepts, psychological vocabulary, vocabulary, content and structure of the dictionary.

ӘОК 373.2
ҒТАХР 14.23.01

Шалтаева Роза Жиёмбаевна
roza-r-9@mail.ru
« Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы
Сарбасова Қалимаш Амангельдиновна
kalimash.70@mail
« Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ
ҚӨЗҚАРАСТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың алғашқы дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастырудың тиімді жолдары, кейбір ерекшеліктері туралы айтылады. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың алғашқы дүниетанымдық көзқарастарын қалыптастыру мәселесі жайында қарастырылады.

Кілтті сөздер: дүниетаным, көзқарас, білім, заңдылықтар, мектеп, балалар

Білім берудің қазіргі жаңа талаптарына сәйкес мектеп жасына дейінгі баланың оқу - танымдық құзыреттілігі: қоршаған дүниенің заттары мен құбылыстарының мәнін түсіну, оларды салыстыру, жіктеу; қоршаған шындықтың заттары мен құбылыстары арасындағы себеп - салдық өзара байланыстарды түсіну және түсіндіру; қоршаған шындықты тануын талдау, дәлелдеу, негіздеу; табиғи объектілерді тану, салыстыру, өлшеу, олардың мәнді белгілерін бөліп көрсету қабілеттерін дамытуды көздейді. Бұл әрекет тәсілдері білім мен іскерлікті шығармашылықпен қолдануға, табиғат нысандар және құбылыстарын бақылау, тәжірибе жасау, эксперимент жүргізуді жобалауға; экологиялық міндеттерді шешу, табиғи байлықтардың күйін бағалауға бағытталған.

Оқу әрекетінің тәсілдері оқушы дүниетанымдық көзқарастарды сипаттай, қорыта және жүйелей алған жағдайда ғана мүмкін болады. Баланың алғашқы дүниетанымдық көзқарастардың мазмұнын білуі денелер мен заттарды, табиғат объектілері мен құбылыстарын, денелер мен заттардың мәнді және мәнсіз қасиеттерін, табиғаттағы денелер мен заттардың күйін ажырату, табиғаттағы нысандар мен құбылыстар арасындағы өзара байланыстарды анықтау икемділігін қалыптастырады. Ұсынылған мазмұнды зерделеу барысында оқушылар меңгеруге тиісті көзқарастар қарастырылатын объектінің сыртқы белгілері туралы эмпирикалық түсініктер деңгейінде емес, заттардың мәні, ішкі байланыстары т.б. туралы көзқарастар жүйесінде теориялық деңгейде беріледі [1].

Әрбір пән заңдары мен олардың жүйесі ерекше пайда болған ұғым немесе көзқарастар тобы көмегімен бірігеді. Барынша терең білімдер табиғаттың іргелі заңдылықтары негізінде арнайы заңдар мен заңдылықтарды біріктіру, олар арқылы табиғат туралы білімдер жүйесін жасау нәтижесінде пайда болады.

Алғашқы дүниетанымдық көзқарастарды меңгеру процесі өз алдына мақсат ретінде емес, бұл процесті мектеп жасына дейінгі балалардың теориялық және бейнелік ойлауын дамыту көзқарасы тұрғысынан қарастыру қажеттілігінен туындап отыр.

Мектеп жасына дейінгі балалардың қоршаған орта туралы дүниетанымын бейнелейтін олардың өмірден жинаған тәжірибесі: негізінде – сезімдік бейне жататын, мектепке дейін алған білімі, ақиқат дүниені бақылау арқылы немесе суретті, бейнекөріністі қабылдау, кітап оқу нәтижесінде қалыптасқан түсініктері.

Бұл көзқарастар ғылыми дүниетанымдық білім болып табылады, өйткені:

- олар қоғамдық таным барысында қоршаған дүние туралы білім деңгейін бейнелейді;
- балалардың дүниетанымдық көзқарастар көмегімен ақиқат дүниенің құбылыстары мен үрдістерінің мәнін таниды;
- бұл көзқарастарда дара нысандар мен құбылыстардың елеулі қырлары мен белгілері жалпыланған және бұл жалпылаулар бірқатар елеулі белгілермен сипатталған;
- көзқарастардың анықтамалары белгілі терминдермен беріліп, ұғымның мазмұны – түсіндіру, суреттеу тәсілімен, нұсқаулар көмегімен анықталған.

Алғашқы дүниетанымдық көзқарастарды оқып-үйрену үрдісінде қоршаған дүниенің заттары мен құбылыстары туралы дұрыс түсінік болуының үлкен маңызы бар.

«Дүниетаным, дүниеге көзқарас дегеніміз — айнала қоршаған орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондағы адамның орны, тіршіліктің мәні, мағынасы туралы көзқарастың, пікірлер мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы» [2].

Дүниетанымның көзі — білім. Білім неғұрлым тереңдеген сайын дүние-таным да қалыптасып, тұрақтанады. Балабақша қабырғасында алған білімнің шындығы мен ғылымилығы практика жүзінде қолдану барысында айқындала түспек. Осы арқылы адам, заттар, құбылыстар арасындағы қарым-қатынас пайда болады. «Адамзаттың, қоғамның пайда болып қалыптасуы қоршаған табиғи ортаның қажетті алғы шарттардың, жағдайлардың болуына байланысты...», «...адамның өмір тіршілігінің, қызмет әрекетінің негізі табиғат заттары мен табиғи процестер» — дейді, философтар Д.Кішібеков пен Ү.Сыдықов. Табиғатты танып, білу, игеру барысында адам қоршаған ортаға ауқымды, қуатты ықпал ете алатын күш екенін және осы қарым-қатынас барысында дүниетанымы қалыптасатынын А.Г.Спиркин, В.С.Степин, Д.П.Горский, А.П.Шептулин, А.Ф.Файзуллаев еңбектері де әр саладан дәлелдейді. Адам тіршілігінің көзі — табиғат. Осы табиғат заттары туралы оқып, оны танып білу арқылы адам сол табиғатпен қатынасқа түседі, оның заттарын пайдаланып, екінші бір қолдан жасалған заттар шығарады. «Екінші затты жасау үшін ол ақылын, білімін жұмсайды, соның нәтижесінде «екінші табиғат» заттары пайда болады. Бұл «екінші табиғат» дүниелері қоғамның дамуына тікелей өсер етеді. Табиғат заттары туралы ғана емес, оның құбылыстары жайында ұққандарын да ой елегінен өткізіп, табиғаттың даму заңдылықтарын ашатын да — адам. Мұндай

жетістіктерге ол қоршаған ортаға бақылау жүргізу, ой қорыту, ғылыми-зерттеулер жүргізу нәтижесінде жетеді.

Табиғат заттарын оқып білу арқылы адам табиғат байлығын керегіне пайдаланады. Сонымен қатар бүкіл білімін, дағдысын, шеберлігін жұмсап, оны өндіру үшін еңбек етеді. Осының нәтижесінде жасалған заттарды әлеуметтік өмірде қолданып, қажетіне жаратады [3].

Ғылым мен техника дамыған сайын әлеуметтік өмір деңгейі де өзгереді. Осының бәрі табиғат байлығын игерудегі адам миы мен күшінің жұмысы. Адам табиғат, қоғам — біртұтас дүние. Тұтас дүниені өз мәнінде бір-бірімен байланысты қабылдау таным үрдісі арқылы жүзеге асады.

Көптеген ғылым салаларында дүниетанымдық көзқарас философиялық тұрғыдан қарастырылады. Қазақ халқының қоғам, адам, табиғат туралы философиялық ойлары ертеден - ақ адамгершілік, ізгілікті көксеу, имандылықты дәріптеу, зорлық-зомбылыққа қарсы күресу, мемлекет пен адам тағдырының мәнін түсіну тұрғысында қалыптаса бастаған. Мәселен, ақындар, жыраулар, хандар мен батырлар, билер — осылардың бәрі де әділдік, адамгершілік, табиғат байлығын меңгеру сияқты тіршілік қамына тікелей байланысты мәселелер тұрғысында ой қозғады.

Халық арасынан шыққан ақындар табиғат пен әлеуметтік ортаның байланысы туралы біршама шығармашылық үлгі көрсетті. Философия ғылымы біртіндеп дами отырып, заттар мен құбылыстардың мәнін, олардың байланысын, қоғам, адам, табиғат арасындағы ішкі — сыртқы тұтастықтары жайында тиімді ойлауға, сол арқылы дүниені танып-білудегі қайшылықтарды шешуге тырысады. Әр қоғамда да білім мен сананың байланысы айқын байқалады. Адам санасы меңгерген біліміне, өмір тәжірибесіне, алдыңғы қатарлы даналық пікірлер жиынтығына байланысты дамиды.

Алдыңғы қатарлы ойшылар да өздерінің көрген-білгендерін терең біліммен байланыстыра отырып, ауқымды ой жүйесін құрады. Осыдан халықтық философия және ғылыми көзқарастар туады. Қоғамдық сананың өсуімен байланысты адамның ойлау дәрежесінің шеңбері де ұлғаяды. Сөйтіп «...қоршап тұрған дүниені, қоғамды, және адамның өзін дұрыс бейнелеу белесіне жету» көзделеді [4].

Білім салаларының қай-қайсысы да адамның дүниетанымын қалыптастыруға үлесін қосады. Сондықтан да ертеден бастап ғылымның дамуына орай дүниетанымдық деңгей де бірнеше кезеңнен өтті. Оның ең алғашқы кезеңі — халық ауыз әдебиетінің басты түрлері — ертегілер, аңыздар, айтыстар, батырлар жырлары негізінде қалыптасқан дүниетанымдық деңгей.

Бұл кезеңдегі дүниетанымдық деңгей адамдардың өз тәжірибесінен, күнделікті өмірден, олардың арасындағы қарым-қатынастан туындаған дүниетанымдықпен сабақтаса байып отырды. Аңыз, ертегілерде қоршаған дүние ішінде адамды жоғары ұстап, оның өзіне тән қасиеттердің (батырлық, тапқырлық, күштілік, ақылдылық, сұлулық, ізгілік, адамгершілік және т.б.) сол кездегі қоғаммен тығыз байланыста көрсетеді.

Қай кезде де адам өзі өмір сүретін ортада қызмет етіп, яғни, іс-әрекет жасап, өз қажеттілігін өтеп, алдына мүдде, мақсат қойып, сол арқылы көксеген мұратына ұмтылады. Бұл — адамның тарихи дамуын көрсететін жағдай. Көксеген мұратына жету үшін білім, ақыл-ой, шеберлік, ұстамдылық пен шыдамдылықтың қажеттілігі аңыз, ертегілерде атап айтылған.

Адамзаттың әлеуметтік тұрмысы материалдық және рухани болып қаралады. Көшпелі қазақ елінің рухани жан азығы әдебиет (өлең, ән, жыр, музыка, айтыс, ертегі және т.б.) арқылы қалыптасатынын айтсақ, «...алғашқы адамдар өзін қоршаған дүниенің сырын білмегендіктен олардың бәрінен қорқатын болды. Мысалы, табиғаттың сұрапыл, мылқау күштерінің бірі — найзағай жарқылдап, күн күркіреу, жер сілкіну, су тасу т.б. адамдарды үнемі үрейлендіріп отыратын қаһарлы күштер қатарында саналады». «Ендеше алғашқы адамдардың дүниетанымы айналаны қоршаған табиғат құбылыстарын түсіндіру талаптары да осыған ұқсас». Осылайша адам дүниетанымының бастапқы көрінісін ашып жазған жазушы С.Мұқанов «Еңбек етудің арқасында алғашқы адамдардың сана-сезімі оянып, табиғатқа саналы түрде әсер ете бастаған кезде, айналаны қоршаған алуан түрлі құбылыстарға назар аударып, оларды өздерінше түсіндіре бастаған», — деп ой түйеді [5].

Мұнан әрі адам санасы, тілі, ұғымы дамып, табиғатты меңгеру жолындағы өздігінен атқаратын әрекеттер етек алып, күнделікті көргендерін тек қабылдап қана қоймай, заттар мен құбылыстардың байланыстарын іздестіруге, олардың себеп-салдарын білуге талпынды. Сананың, ой-өрістің дамуына байланысты дүниетаным да жаңа белеске көтерілді. Осы тұста білімі бар, парасатты ойшыларымыз да көріне бастады.

Дүниедегі ең бағалы байлық — адам болғандықтан, оның қоршаған дүниеге көзқарасы, танып, білу деңгейі қоғам дамуында, табиғатты сақтауда және өзінің тұлға ретінде қалыптасуында негізгі орын алады. Ғылым мен техника жаңалықтары адамның табиғат пен ара-қатынасының түрін өзгертіп, табиғат байлықтарын аса көп пайдалануға әкеліп соқты. Түрлі химиялық қосылыстарды тауып,

жасанды заттарды өндіру кезеңі басталды. Мұның салдарынан дүниетанымдық көзқарас өзгерді. Енді дүниенің пайдасы мен қажеттілігіне баса көңіл бөлінді. Бірақ, қажеттілікке пайдаланылған заттың орнын толтыру, кемшілігін жетілдіру, пайдалыларын көбейту және зиянсыз өндіру, ортаны қорғау жақтары өз дәрежесінде жүзеге аспады. Бұл қоғамдағы білім беру саласының жіберіп отырған кемшілігінен туып отыр.

Адам табиғатты жақсы пайдалана білгенімен, оны қалпына келтіру жолын меңгере алмай келеді. Дайын табиғат байлығын өндіру қиынға соқпағанымен, оның қасиетін толық меңгеріп, қайта қалпына келтіру үшін ғылым салаларының жетістігі, мәдени деңгейдің жоғарылығы, дүниеге деген саналы көзқарас қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Жаналина Р. Бастауыш сынып оқушыларының алғашқы дүниетанымдық ұғымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары: пед.ғыл.канд...дисс.автореф. – Атырау, 2007. – 27 б.
2. Краевский В.В. Общие основы педагогики: учеб. для студ. Высш. Пед. Учеб. заведений. - М.: Издат.центр Академия, 2003. - 256 с.
3. Крымский С.Б., Кузнецов В.И. Мироззренческие категории в современном естествознании. — Киев, 1983. - 222 с.
4. Қалиев С. және т.б. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2001. – 224 б.
5. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалары. 13-т. Очерктер. Саяхаттар. — Алматы: Жазушы, 1998. — 363 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Шалтаева Роза Жиёмбаевна

roza-r-9@mail.ru

Сарбасова Калимаш Амангельдиновна

kalimash.70@mail.ru

ЧУ академия «Volashaq»,

Караганда, Республика Казахстан

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ У ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА ПЕРВЫХ МИРОВОЗЗРЕНЧЕСКИХ ВЗГЛЯДОВ

В статье рассказывается о некоторых особенностях формирования первых мировоззренческих взглядов детей дошкольного возраста. Также рассматриваются вопросы формирования первых мировоззренческих взглядов детей дошкольного возраста.

Ключевые слова: мировоззрение, взгляд, знания, закономерности, дошкольники, мировоззрение, формирование.

Список использованных источников:

1. Жаналина Р. Педагогические условия формирования первых мировоззренческих понятий младших школьников: пед.науч.канд...дисс.автореф.– Атырау, 2007. – 27 с.
2. Краевский В.В. Общие основы педагогики: учеб. для студ. Высш. Пед. Учеб. заведений. - М.: Издат.центр Академия, 2003. - 256 с.
3. Крымский С.Б., Кузнецов В.И. Мироззренческие категории в современном естествознании. — Киев, 1983. - 222 с.
4. Қалиев С. и т.г. Педагогические основы развития личностных качеств учащихся. - Алматы: Образование, 2001. – 224 б.
Жазбаша аударма тіл аралық қатынастар кезінде біріктірілетін жазылған мәтін ретінде болады, оны аудармашы бірнеше рет қайта қарауға мүмкіндігі болатынымен ерекшеленеді. Жазбаша аударманың классикалық түрінде аудармашы бастапқы тілді көру арқылы қабылдап, аударма мәтінін жазбаша түрде құрастырады.

Ауызша аударма барысында бастапқы тіл мен оның аудармасы аударма процесінде фиксирленбеген формада болады, онда аудармашы бастапқы тілді есту арқылы қабылдайды одан әрі аударманы салыстыруға, түзетуге мүмкіндігі болмайды. Ауызша аударманың классикалық түрінде аудармашы бастапқы тілді акустикалық түрде (есту арқылы) қабылдап, өз аудармасын ауызша жеткізеді. Ауызша аударма барысында аударма мәтіні бастапқы тілмен қатар, немесе бастапқы тілді қабылдап болған соң жүргізіледі. Осыған сәйкес аударманың екі түрін айтуға болады: синхрондық аударма және ілеспе аударма[2].

Синхрондық аударма дегеніміз аударманың мәтінінің бастапқы тілді естумен қатар жүруі. Сондықтан синхрондық аударма аудармашы мәтінді естіп болғаннан кейін аударма мәтінен жасайтын ілеспе аудармаға қарсы қойылады.

Синхрондық аударма көбіне халықаралық конференцияларда, кеңестерде, симпозиумдарда қолданылады. Ілеспе аудармаға қарағанда уақытты үнемдеуге көп мүмкіндік береді: сөйлеушінің сөзі ол айтылған мезетте аударылатын болғандықтан жиынға қатысушылар аударманы тыңдауға қосымша уақыт кетірмейді (ілеспе аудармада сөйлеушінің сөзі тыңдалғаннан кейін ілесе отырып аталған жиында қанша тілге аударылуы керек болса сонша рет қайталанады).

Соңғы жылдары синхрондық аударма басқа да салаларда қолданылып жүр мысалы, лекциялардың, кинофильмдердің, театр қойылымдарының синхрондық аудармасы. Синхрондық аударма ілеспе аударманы дәстүрлі екі жақты кездесулердегі орнынан ығыстырып шығып келеді, осындай кездесулерде аудармашыларға екі жақтың айтылғандарын синхронды түрде бәсең дауыспен аударуға ұсыныстар жиі түсуде. Синхрондық аударманың қолданылу аясы күн өткен сайын кеңейіп келеді.

Синхрондық аударма дегеніміз - аудармашы сөйлеушінің сөзін тыңдай отырып, бір мезетте (2-3 сек. қала отырып) аударатын аударманы айтады. Синхрондық аударманың тағы бір түрі ол «сыбырлауық» (нашептывание) аударма, онда аудармашы Рецептордың қасына отырып, аударманы құлақша мен микрофонның көмегімен немесе онсыз сыбырлау арқылы жасайды. Синхрондық аудармашы үзілісті күтпестен, сөйлеушінің сөзін үздіксіз аударды. Синхрондық аударма – аударманың күрделі түрі себебі ол аудармашыдан бір мезетте бірнеше тілдік әрекеттерді орындауды талап етеді: бір тілде тыңдау, екінші тілге аудару, сол тілге сөйлеушінің сөйлеу ырғағынан қалмай аударма жасау. Барлық осы үш әрекетті синхрондау есте сақтау қабілетінің мықтылығымен, көңілді аударма білу, тілдік компрессия жүргізу қажеттілігімен, бастапқы тілдің келесі бөлігін болжау, орындалмай қалған болжауды реттеу, аяқ астынан шешім қабылдау қажеттігімен т.б. байланысты болады. Синхрондық аударма барысындағы қандайда бір артық қимыл аудармашының сөйлеушіге ілесе алмай аударма сөздерін байланыстары алмай қалуына әкеліп соқтырады. Синхрондық аудармашы тілді жақсы білумен қатар жеке басының ерік-жігерінің күштілігін, білімділігін, сыпайылығын, сондай-ақ жылдам әрекет ету қасиетімен әзілқойлықты талап етеді. Синхрондық аудармашы үшін басты мақсат ол ойды дұрыс жеткізе білу [3].

Синхрондық аударманың үш түрін айтуға болады.

1) есту арқылы синхрондық аударма жасау; бұл жерде аудармашы сөйлеушінің сөзін тыңдап отырып аударма жасайды. Ол көп тараған түрі синхрондық аударма дегеніміз де сол.

2) алдын-ала дайындықпен немесе дайындықсыз қағаз бетінен синхрондық аударма жасау: аудармашы мәтінді сөйлегенге дейін немесе сөйлер алдында жазбаша түрінде алып қағаздағы аудармаға сүйене отырып сөйлеушіден қалыспай аударма жасайды, қалдырып кеткен жерлерін толықтырады, түзетулер жасайды.

3) аударма мәтінін синхронды түрде оқу: сөйлеушінің сөзін аудармашы сөйлеушіден қалыспай қағаздан оқиды, қажетті барлық түзетулер жүргізеді.

Техникалық құралдарды қолдану барысындағы синхрондық аударманың үш түрін атап айтуға болады:

а) арнайы кабинадағы синхрондық аударма.

б) портативті аппаратпен жасалатын синхрондық аударма. Бұл жерде аудармашыға кабина құрылмайды олар залда отырып сөйлеушінің сөзін трибунадан естіп, аударманы микрофон арқылы жүргізеді, протативті аппаратпен синхрондық аударма жасау, залдағы шумның көптігінен аудармашыға қиындық туғызады

в) техникалық құралдарсыз синхрондық аударма жасау аудармашы залда қатысушының қасында отырып сөйлеушінің сөзін трибунадан естіп бәсең дауыспен аударманы сыбырлап айтады.

Ілеспе аударма дегеніміз – ол аудармашының сөйлеушінің сөзін толығымен немесе үзіндісін ғана сөйлеуші сөзін тоқтатқан соң жүргізілетін аударма. Аударылатын үзіндінің көлемі әр түрлі болады және аударма жасау аралық уақыты да 20-30 минут болуы мүмкін. Аударманың бұл түрі аудармашыдан көлемді мәтін сегменттерін қамтитын болса аудармашы аударма жасау барысында негізгі сәттерді жазып отырады.[4].

Барлық ауызша аударманың техникасының дағдылары көп болу үшін аудармашының ең бірінші дұрыс дикциясы болуы шарт, аудармашының сөйлеу мәдениеті дұрыс қалыптасқан, қандай да болсын сөзді сауатты аяқтауға жаттыққан (логикалық түрде), сөйлемдегі „бос орындарды“ толтыра білуі, қабылдауы қиын сөздерді дұрыс жеткізе білуі, репродуктивтік материалдарды (эпитеттер, күнделікті тұрмыстық сөздер, жағдаяттық клишелер) білуі керек.

Ауызша аударманың тағы бір түрі ол дәйекті аударма, ол арнайы құрал жабдықты пайдаланбай, жеке байланыс негізінде жүзеге асырылады. Дәйекті есте сақтау қабілетін талап етеді. Егер бастапқы тіл аудармасы тілдің көп аударма барысында аудармашы сөйлеушіні тыңдайды, сөйлеуші тоқтаған соң аударма жүргізеді. Дәйекті аударма шағын келіссөздерде, іскерлік және ресми кездесулерде пайдаланылады. Дәйекті және сыбырлауық аудармашылар келіссөз жүргізуші екі жақтың жанында отыратын болғандықтан олардың аударма жасау барысында өздерін ұстау мәдениетіне өте жоғары талаптар қойылады, себебі аудармашылар өздерін талапқа сай ұстамаған жағдайда екі жақты келіссөздің болмай қалуы мүмкін. Жалпы аударма жасау барысында аудару, жетілдіру-редакциялау, бақылау-редакциялау жұмыстарының толыққандылығынан кейін ғана тәржіма сапалы болмақ.

Әдебиеттер:

1. Жақыпов Ж. Аударматануды аңдату. –Қарағанды, 2002.
2. Аудармашыға көмек: Әділет министрлігі Мемлекеттік тілді дамыту басқармасы аударма бөлімінің іс-тәжірибесінен / Тіл комитеті. Құраст.: Ақыпбек Ө., Тұтқышбаева Г. – Алматы: Глобус, 2007. – 248 б.
3. Алдашева А.М. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелері. А., 1998. Алдашева А. Аударматану (Лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер). Оқу құралы/Тіл комитеті; жауап. ред. Р.Сыздық. – Алматы: Арда, 2006. – 248 б.4. Р.К.Миняев-Белоручев.Общая теория перевода и устный перевод. М., 1980г.
4. Латышев Л.К.. Технология перевода. М., 2001г.
5. Олег Мешков. Практикум по переводу с русского на английский. М., 2002г.
6. Ширяев А.Ф. Пособие по синхронному переводу. Фр. Яз. М., 1989

РЕЗЮМЕ/RESUME

Абдрахманов Рүстем Хасенвич
Академия «Bolashaq», Караганда,
Республика Казахстан

Абильгазин Сагындық Иранович
Учитель казахсконо языка и литературы школы гимназии №68,
Караганда, Республика Казахстан
О КОНЦЕПЦИИ ПЕРЕВОДА

Перевод подразделяется на письменные и устные формы по жанрово-стилистическим особенностям и психолингвистическим особенностям языковых действий в зависимости от письменных и устных форм. В статье рассматриваются виды синхронных переводов.

Ключевы еслова: переводчик, устный перевод, синхронный перевод устный перевод, документы, государственный язык, делопроизводство, официальные, стиль, требования.

Abdrakhmanov Rustem Khasenovich
Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan
Abilgazin Sagyndyk Iranovich
Boarding school No. 68 in Karaganda
teacher of Kazakh language and literature
Karaganda, Republic of Kazakhstan
ABOUT THE CONCEPT OF TRANSLATION

Translation is divided into written and oral forms according to genre-stylistic features and psycholinguistic features of language actions, depending on the written and oral forms. The article deals with regularities and accidents in interpretation

Keywords: translator, interpretation, simultaneous translation, documents, state language, office work, official, style, requirements.

ӘӨЖ 81' 367:811. 512. 122

Әбжанов Ермек Жанатұлы
Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы
Абдрахманов Рүстем Хасенұлы
a.rustem1971@mail.ru
«Bolashaq» академиясы,
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

ЭКСПРЕССИВТІЛІКТІҢ АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖОЛМЕН БЕРІЛУ ЖОЛДАРЫ

Мақалада синтаксистегі экспрессивтілікті беру мәселелері қарастырылады. Зерттеу объектісі араласулар, кіріспе сөздер, қосылатын құрылымдар, сондай-ақ байланыстырушы құрылымдар. Экспрессивтілік синтаксистік дизайнның жалпы белгісі. Авторлар экспрессивтілікті синтаксистік құрылымдарды әр-түрлі позицияларында ұсынып, сондай-ақ ұқсастық және айырмашылықтарын ашып көрсеткен.

Кілтті сөздер: экспрессия, аударма, заңдылықтар, ұсыныс, сөз, құрылымдар, кірістіру, бекітілген сөз, тіл білімі, парцелляция, үстеме құрылымдар.

Тақырыпты ашып алу үшін ең бірінші «экспрессивтілік дегеніміз не?» деген сұраққа жауап берейік.

Экспрессия - латын сөзі, орысшасы - выразительность. Тіл ғылымында экспрессивтілік туралы дөп басып айтатын пікір жоқ. Мысалы, француз ғалымы Марузо сөздігінде экспрессивтілік "мәнерлі" деген ұғымды білдіретіні көрсетіледі де, оған "элементтің, не құбылыстың айтылатын ойға бағалық сипат үстейтін қасиеті" деген анықтама беріледі.

Дәл осындай екінші сөздікте экспрессия анықтамасы былай беріледі: "Экспрессия - сөздің мәнерлілік, суреттілік - қасиеті. Ол сөзді қарапайым лексикадан ерекшелеп оған бейнелілік пен эмоционалдық реңк үстейді. Бірақ, әрқашан экспрессивтілік бар жерде бейнелілік пен эмоционалдық реңк бола бермейді". Осы сияқты пікірлер көптеп кездеседі.

Сөйлем арқылы ойды білдіруде, сөйтіп бес түрлі мүше қолданатын болады. Бірақ сөйлем - жалаң коммуникативтік акт емес, ол психологиялық-экспрессивтік те акт.

Жалпы тіл білімінде эмоция және экспрессия деген ұғымдардың өзара байланысы, қолданылу ерекшеліктері жайында әртүрлі пікірлер айтылып келеді. Эмоция мен экспрессия ұғымдары көбіне лексиканың аясында "эмоционалды-экспрессивті" түрінде бірге қолданылып жүргені бәрімізге мәлім. Дей тұрғанмен, тіл білімінің біраз мамандары, әсіресе, синтаксис мамандарының эмоция мен экспрессияның әр басқа ұғымдар екені жайында жазылған, айтылған еңбектерін де кездестіруге

болады. Бұл туралы қазақ тіл білімінде Х.М.Нұрмұқановтың "Сөз және шеберлік" деп аталатын еңбегінде эмоция мен экспрессия ұғымдарына арнайы орын берілген. Зерттеушінің еңбегінде экспрессия - латын сөзі, орысшасы — выразительность деп көрсетіледі [1, 49].

Сонымен қатар, ғалым өзіне дейінгі айтылған пікірлерді негізге ала отырып, экспрессия мен эмоция ұғымдарының ара қатынасы жөніндегі ойларын ортаға салады. Зерттеуші бұл ұғымдардың стильдік қырларына ерекше назар аударып отырған. Алайда, ғалым бұл мәселенің лексика төңірегінде ғана қарастыруды мақсат етеді де, синтаксистік деңгейдегі экспрессия туралы мәселе қарастырылмайды. Зерттеуші экспрессия сөзге бейнелілік пен эмоциялық реңді үнемі бермейді, яғни экспрессивтілік бар жерде бейнелілік пен эмоциялық рең үнемі бола бермейді деген пікір білдіреді [1, 50].

Экспрессия ұғымының синтаксиспен байланысы жөнінде орыс тіл білімінде біршама еңбектер бар болғанымен, қазақ тіл білімінде экспрессияның синтаксиспен байланысы әлі күнге дейін мамандардың назарынан тыс қалуда.

Синтаксистік құрылымдағы қандай сипаттар, қандай қолданыс, қандай единицалардың экспрессиялық реңк беретініне әлі күнге дейін баса назар аударылмауда. Сондықтан синтаксистің зерттеу міндеті - өзінің зерттеу нысанына алатын бірліктерді белгілеп алып, олардың экспрессияға қатысын таразылау. Оның үстіне, экспрессияның жазбадағы көрінісі тыныс белгісі арқылы да берілетіндіктен тыныс белгілерінің қойылу жайттарына да тоқталуға тиіспіз. А.Ф.Прияткина өзінің "Об экспрессивности союза" деген мақаласында экспрессивті құрылымдар жайында сөз ете келіп: "Существует понятие и об особой сфере "экспрессивного синтаксиса", к которому относятся различные приемы построения текста — речевые преобразования языковых структур: сегментация, парцелляция, эллипсис", - дейді [2. 97].

Бұл жерде аталған бірліктер (единицалар), біздіңше синтаксистік экспрессивтік реңк беретін бірліктерін түгел қамтымайды. Біздің мақсатымыз - осы единицалардың экспрессияға қаншалықты қатысы бар екеніне көз жеткізу.

Экспрессивтік бояу одағай сөздерде өте айқын көрінеді. Мысалы: *Е, мен бір түк көрмеген меңреу ме едім сонша?* (Ғ.М.). Мәселен, қаратпа, қыстырма сөздердің кейбіреуінде айқын көрініп, енді бірінде солғындау көрінеді, одағайларда олай емес. Мысалы, адам көңіл-күйін көрсеткенде ғана оның жағдайына байланысты бірде бәсең, бірде айқын көрінеді.

Сөзімізді дәлелдей түсу үшін, *Апырым-ай! Қамарға әзірейіл шеңгелі тигендей тер онан да, мұнан да кетіп қалшылдап, қысылып оранып түсіп шалқалаймын деп басын бөренеге соқты* (С.Т. "Қамар сұлу" 74-б.). Осындағы *"Апырым-ай"* одағайы арқылы Қамардың қатты күйзелгеніне автордың өзінің де сезімі ұштасып кетіп жатыр. Апырым-ай одағайының астарында *"неге оны осындай күйге түсірді, осыншама адам баласына зұлымдық жасайды екен-ау"* деген ойлар жатқан секілді. Қамар жанының күйзелгені, қиналған жайын көріп, автор да қатты қиналады. Бұл жерде *"апырым-ай"* одағайын алып тастасақ сөйлемге әсерлілік беріп тұрған бірліктен айырыламыз.

Одағайларға -ау, -ай демеуліктерінің қосылуы арқылы оның әсерлілігін, бейнелілігін арттырады және де олар күрделенген одағайлар қатарына жатады.

1) *Ойбай-ай!... Болыс басымен әлі тосып отыр, әлі тосып отыр* (С.Т. "Қамар сұлу", 27-б).

2) *Ой, пірім, алла-ап! Мынау Қамар ма?* (С.Т. "Қамар сұлу", 33-б).

Одағайлардың қайталанып келуі арқылы жасалғанда, жоғарыдағыдай қасиетті аңғаруға болады

3) *Е-е-е! Тоқал, жалшы дегендер отпен кіріп, күлмен шығатын еді-ау!* (Ғ.М. "Дауылдан кейін", 230-б).

"Е, бұзылып болды зой бұл жұрт деп ағайынға қашаннан бергі жараның қалыптасып, шайқалып бара жатқанын аңғартқысы келді", - деген сөйлемде "Е" деген одағайды алып тастасақ ешқандай да мағынаның өзгергенін байқамаймыз, тек адамның көңіл-күйінің қандай күйде тұрғанын, сөйлемге эмоциялық реңк беріп тұрған единицадан айрылып қаламыз. Екінші жағынан осы жерде өз кейіпкерін қандай күйде бергісі келгенін де «Е» арқылы аңғарғандаймыз.

Ескерте кететін бір жайт сөз басында немесе оқшау тұратын жоқ пен сөйлем мүшесі болып келетін жоқты шатастырмау керек. Сөйлем мүшесі болып келетін "жоқ" көбінде сөйлем соңында келеді.

1) *Бұл қағазға келгенде Абайдың айналасындағы топ сеніп қалған еді, бірақ Абай қынжылған жоқ* (Абай жолы, 320-б.).

Өлең жолдарында сөйлем мүшесі болып келетін жоқ сөйлем басында келеді. Бұлар тыныс белгісі арқылы ажыратылмайды.

Қыстырма және қыстырынды құрылымдардың экспрессивті қызметі

Қыстырынды сөйлемдер деп отырғанымыз – қыстырма сөйлемдердің ерекше бір түрі. Ол ХІХ ғасырға дейін қыстырма сөздер ретінде қарастырылып келеді. Және де бұл ХҮІІІ ғасырда орыстың ірі құнды қағаздарында негізгі сөйлемде берілген ойды түсіндіру, ссылақ ретінде шығарманы дұрыс жазу үшін осындай сөз түрлері қолданылған. Ал тек ХХ ғасырдың 50-60-жылдарынан бастап, қыстырынды сөзді қыстырмадан бөліп алып қарастырса, 70-80-жылдары барлық тілдерде қыстырынды сөздердің құрылымын, функциялық-семантикалық ерекшеліктерін, дыбыс яғни интонацияға байланысты қыстырма сөздерден алшақтығын, олардың мәтіндерде қолданылуын зерттей бастады. Қыстырынды сөздердің пайда болуына мәтіндегі стильдік жанр тарихы үлкен әсер етті. Қыстырынды сөздер алғашқы кездерде газет, журнал беттерінде көбірек кездесті.

Қыстырма мен қыстырынды арасындағы айырмашылық мынада: қыстырма сөздер негізгі баяндалған оқиға желісіне байланысты айтушы адамдардың түрліше көзқарасын, өзіндік пікір, тұжырымын білдіріп тұрса, ал қыстырынды сөйлемдер сол тұтас сөйлемге не болмаса сондағы кейбір жеке сөздерге қосымша түсінік, ескерту жасай кету ыңғайында жұмсалады. Дәлірек айтсақ, қыстырынды сөйлем негізгі сөйлемдегі ойдың жанама түсініктемесі. Мына бір сөйлемдердің құрылысы мен ондағы синтаксистік құрылымдардың қызметіне назар аударып байқайық.

1) *Оның айтқан мәліметтеріне қарағанда, біздер біраз күнде көмекші жәрдем алатын сияқтымыз* (газеттен).

2) *Мынау қабан сияқты адамның (Шоқан оны Әлібек деп жорыды) қимылы сол — Байқал қабанына ұқсайды* (С.Мұқанов)

Негізгі сөйлемдермен синтаксистік қарым-қатынаста жұмсалғанымен де, мағыналық байланыстың көрінісі екі сөйлемде екі түрлі берілген. Алғашқысында сөйлемдегі негізгі ойдың желісі біреудің пікіріне байланысты жұмсалып келсе, екіншісінде жеке сөздің мән-жайы жол-жөнекей түсіндіріле, ескертіле айтылып тұр. Осыған орай екі сөйлемнің құрылысы да, ондағы синтаксистік конструкциялардың өзаралық мағыналық қарым-қатынастары да әр түрлі болып келген. Сондықтан осы тәріздес сөйлемдерді бір қалыпты аясында бірге қарастыруға бола бермейді. Әрқайсысы жеке-жеке синтаксистік категория ретінде өз алдына жеке талдауды қажет етеді. Соңғы тәріздес сөйлемдердің өз ерекшелігін ескере отырып, оларды "қыстырынды сөйлемдер" деп атаймыз.

Ал сөйлеуші өз ойын білдіргенде, бір нәрсенің жайын құр баяндап қоймай, оған өзінің қатынасын қоса білдіруі мүмкін. Ол қатынас әрқилы болады: сөйлеуші өз айтқанына күмәнданатындығын немесе сенетіндігін білдіре алады, немесе айтқан ойына байланысты өкінішін, ренішін, қуанышын, қуаттайтындығын қоса айтуы мүмкін, сондай-ақ ол ойды қорыта айтатындығын немесе оның кімнің тарапынан екендігін де білдіре кете алады. Қысқасы, сөйлемге осы сияқты сан алуан мағыналық реңктерді синтаксистік жолмен беру үшін қыстырма элементтер пайдаланылады. Бірақ бұл элементтер сөйлемнің белгілі синтаксистік жолмен беру үшін қыстырма элементтер сөйлемнің белгілі бес мүшесінің ешбіреуіне де жатпайды, олармен белгілі синтаксистік тәсілдердің (қиысу, матасу, жанасу, қабысу, меңгеру) ешқайсысы арқылы байланыспайды, сондықтан сөйлем мүшелерінің бірде-бір сұрағына жауап бермейді. Бірақ қыстырмалар не сөйлемде айтылған тұтас ойға, не оның белгілі бір мүшесіне қатысты болады, сондықтан олар да, сөйлем мүшелері сияқты айтылатын ойды білдіруге қатысатын қажетті, мәнді элементтер болып саналады.

Қыстырма сөз сөйлемге модальдік мән үстейді. Модальділік – айтылған ойға айтушының көзқарасын қоса білдіру. Модаль сөздің барлығы орыс тіліндегідей тек қыстырманың қызметін атқармайды. Сөйлем ішінде тек әр қыстырманың қызметін атқаратын модаль сөздер бар: *шамасы, әлбетте, зайыры, бәлкім, рас, анығында, шындығында* сияқты модальдық мағына беретін сөздер белгілі істі, қимылды мойындау, келісу шамасында ғана қыстырманың қызметін айтады.

Қыстырма сөз тіркестерінің ішінде тұрақталған түрлері және жақтық, шақтық, жекеше-көпшелік жағынан құбылмалы немесе басқа түсіндірме сөздермен жойылып кете алатын тұрақсыз тіркес бола алады. Тұрақты қыстырма сөз тіркестерінде: *сөз жоқ, не шара, амал қанша, амал не* т.б. тәрізділер жатса, тұрақсыздарға: *қорыта келсем* (қорыта келгенде, қорыта айтсақ, қорыта айтсам т.б.), *сорыма қарап* (сорыңызға қарай, сорыңа қарай).

Қыстырма сөз сияқты, сөйлем мүшелерімен синтаксистік белгілі тәсілдер арқылы байланыспайтын, сөйлем мүшелерінің сұрақтарына жауап бермейтін оқшау сөздердің тағы бір тобы бар:

1. Қойылған сұрақтар тура құптауды немесе айтылған ойға келісушілікті білдіретін *я, құп, жарайды, жаңсы, жөн, мақұл* деген.

2. Қойылған сұраққа тура қарсы жауап беретін немесе келіспеушілікті білдіретін *жоқ, қой* сөздері.

3. Амандасу, қоштасу, кешірім сұрау, алғыс айтуды білдіретін сөздер.

Қыстырма сөз бен қыстырма сөздер арасында функционалдык, грамматикалық, генетикалық айырмашылықтары бар.

Мысалы, қыстырма сөзде айтушының хабарлап тұрған фактімен тікелей қарым-қатынаста болады. Оны мынадай варианттарға бөлуге болады:

1) Автордың түрліше сезімін қуанғанын, қайғырғанын, таңданғанын, өкінішін, сенімін т.б. білдіретін қыстырма сөздер болады. Мысалы:

1) *Айтпақшы, сізге айтуға ұмытып кетіппін* (А.ж. 132 б.).

2) *Рас, сен сүйдедің. Соны айтып ойнадың! — дей берді Ербол* (А.ж. 545 б.).

Қыстырынды сөздерде жақшамен қатар үтір, сызықша қолданылады. Бірақ олар жақша сияқты емес, сирек кездеседі. Сызықша арқылы бейнеленген қыстырынды сөздер сөйлем соңында келсе, олар өздерінің қыстырындылық қасиетінен айрылып қалады. Сондықтан олар көбіне сөйлем басында, ортасында келеді. Мысалы:

1. *Үлкен үйге кішкене кілт жол ашатын сияқты, үлкен іске көбіне кіші іс кілт болады, кіп-кішкене ұшқыннан үп-үлкен өрт шығады* (А.Б.).

2. *Ақсақ Темір әулеті — жауынгер шалдың өзі мен немересі Ұлықбектен өзгесі - мұсылманшылыққа берік болғанға ұқсайды* (Т.Ахтанов).

3. *Бұдан елу жыл бұрын - мың тоғыз жүз отызыншы жылдың жаз айы - мамырдың орта шені болатын* (С.Жүнісов).

Негізінен қыстырынды сөзде тыныс белгілерін таңдауда мынадай байланыстар болатын сияқты:

а) тексттің мазмұнында автордың негізгі ойды беруге тырысуы;

ә) негізгі мағынаға мазмұндық жағынан жақын болуы;

б) қыстырынды сөздердің синтаксистік құрылымының күрделі болуы;

Жалпы, қаратпа, қыстырма, одағай сөздердің экспрессивтік қасиеті көркем әдебиеттерде шығармашылық көркемділік дәрежесін биіктетуде, яғни шығармадағы образдар арасындағы қарым-қатынасты әсерлі көрсету мақсатында образ табиғатын мейлінше жан-жақты ашуда оқшау сөздердің қолданылу қызметінің аясы кеңейіп, жаңа мағыналық роль атқара бастады.

Сонымен бірге экспрессивтік мән бар оқшау сөздер де бірдей болмайтынын анықтады. Одағайлар мен қаратпаларда айқын көрінсе, қыстырмаларда әлсіз көрінеді.

Тіл білімінде "үстеме құрылымдар" және "парцелляция" деген ұғымдар бар. Бір қарағанда, бұл ұғымдар бір-біріне ұқсас келеді. Бұларға жеке-жеке берілген анықтамалар да көп. Бірақ бір-бірінен ерекшелене қоймайды.

Тіл білімінде парцелляцияға байланысты бірізді тоқтам жоқ. Зерттеушілер мұны парцелляция құбылысының көп қырлылығымен байланыстырады. Және бұл мәселеге зерттеушілердің өздері әрқилы көзқарас тұрғысынан қарайтындығынан болса керек. Біздің қазақ тіл білімінде осы мәселе бойынша бірді-екілі ғана мақалалар жарыққа шыққан. Осыған орай қазақ тіл білімінде бұл мәселе жан-жақты зерттеле қойды деп айту қиын.

Қай анықтамаға үнілсек те, біздің байқағанымыз – парцелляция – белгілі бір информациялық жүкті арқалап тұратын, белгілі бір информацияға негізделген, базистік сөйлемдегі ойды нақтылаушы, айқындап анықтаушы, толықтаушы, пысықтаушы қызметін атқаратын, базистік сөйлемнен белгілі бір тыныс белгісі арқылы ерекшеленген синтаксистік түзілім [3. 386]. Осы ерекшелену арқылы ол оқырманның назарын аударып, өзгеше бір экспрессиялық сипатқа ие болып тұрады.

Қалай десек те, бертінге дейін тіл мамандары парцелляцияны үстеме құрылымның бір түрі деп танып келген. Бұлай деп тануының қиысыны да бар. Біріншіден, сыртқы тұлғасы жағынан ұқсас болып келуі; Екіншіден, берілген анықтамаларда бұлардың айырмашылықтарын нақты тілдік дәлелдер арқылы ажыратуды көздемеген сияқты.

Әдебиеттер

1. Нұрмұқанов Қ. «Сөз және шеберлік». Алматы, 1987.

2. Прияткина А.Ф. «Об экспрессивности союза». Москва, 1983.

3. Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. «Словарь-справочник лингвистических терминов». М.: 2001.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Абжанов Ермек Жанатович
Карагандинский государственный университет,
Караганда, Республика Казахстан
Абдрахманов Рүстем Хасенвич

Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан

С статье рассматривается проблемы передачи экспрессивности в синтаксисе. Объектом исследования взяты междометия, вводные слова, вставные конструкции, а также присоединительные конструкции. Экспрессионность является общим признаком вышеназванных синтаксических конструкции. Авторами указаны экспрессионность этих синтаксических конструкции в разных позициях предложения, а также сходства и различие их.

Ключевые слова: закономерности, случайности, устный перевод, документы, государственный язык, делопроизводство, официальные, стиль, требования.

Abzhanov Ermek
Karaganda State University named after E. A. Buketov, Karaganda, Republic of Kazakhstan
Abdrakhmanov Rustem
Academy «Bolashak», Karaganda, Republic of Kazakhstan

The article devotes expression ways of given. The adverbs, conclusion, undes structures like base objects have been putting. Their likes as and differences had shown. The expression is these syntaxis structures middle opinion. The author had showing these problems.

Key words: expression, vocabulary, patterns, sentence, word, structures, insertion, bonded word, linguistics, parceling, overhead structures

ӘӨЖ 81-13

Ержанова Алма Сабыржановна
alma.sabyrzhan@mail.ru
Қарағанды медициналық университеті
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

КОГНИТИВТІ ЛИНГВИСТИКАНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Мақалада тіл білімінде ғалымдардың когнитивтік лингвистикаға берген ғылыми анықтамалары мен тұжырымдары біріктіріліп қарастырылған. Когнитивті ғылымдардың дамып қалыптасуы туралы мәселелер қарастырылды. Жалпы алғанда, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасуындағы қазақ ғалымдарының еңбектеріне шолу жасалды.

Кілтті сөздер: бірлік - сөз, сөйлем, сөз тіркесі, когнитивизм, таным, тіл мен ұлт, концептуалды жүйе, когнитивтік феномен, әлемнің тілдік бейнесі, білім, ішкі лексикон

Қазақ тіл білімінде когнитивтік бағыт–кейінгі уақытта ғана, яғни ғасырлар тоғысында қалыптасып, бүгінгі күнде қарқынды дамып келе жатқан негізгі бағыттардың бірі. Таным теориясының даму ерекшеліктері және қолдану сипаты бірталай ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Солардың ішінде Н.Уәлидің (халық тілін оның болмысымен тығыз байланыста зерттеген), М.Оразовтың (сөздің мағынасын сипаттағанда «тілдік ой», «ойлау», «объективті дүние», «ішкі форма» ұғымдарына назар аударып, анықтамаларын берген), К.Жаманбаеваның («эмоция», «символ», «тілдік сынақ» ұғымдарын қарастырған, олардың когнитивтік негіздерін қарастырған), Б.М.Тлеубердиевтің (ономастикалық концептілерді қарастырған), Б.Хасанұлының («тұжырым», «тұжырымсала», «нобай» ұғымдарын талдаған, олардың когнитивті негіздерін сипаттаған), Э.Н.Оразалиеваның (қазақ тіл біліміндегі когнитивтік парадигманың басты теориялық қағидалары мен ұстанымдарын сипаттаған) зерттеу мақалалары мен еңбектерін айтуға болады.

Тіл мен ойлаудың өзара байланысы туралы мәселе жалпы тіл білімінде ғана емес, сонымен бірге пәлсафа, логика, психологияда ең күрделі мәселелердің бірі болып саналды. Мәселенің күрделілігі ойлаудың табиғаты мен тілдің табиғатының күрделі болуында. Бұл екі құбылыстың екеуі

де адамның екі жақтық табиғатына сәйкес әрі әлеуметтік, әрі танымдық, әрі биологиялық жақтарымен сипатталады. Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайды. Ой арқылы, адам миының сәулелендіруші әректі арқылы тілдік бірліктер объективті дүниемен байланысқа түседі. Сондықтан да тіл-ойлаудың қаруы, ал тіл мен ойлаудың байланысы танымдық бірлік ретінде сипатталады. Ойлау мидың материалдық физиологиялық процестерімен байланыста бола отырып, тек тілдің негізінде және тілдің көмегімен іске асады. Тіл арқылы адам ойлайды, ал ойлау арқылы шындық болмысты танып біледі. Адамның ойы сөйлеу арқылы дүниеге шығады. Тілдегі сөздер мен сөз тіркестерін айту арқылы біз шындық болмысқа деген көзқарасымызды білдіреміз. Ойлау мен тілдің диалектикалық байланысы сөйлеу арқылы беріледі, ол тілдің танып білуде (познание) атқаратын ролін белгілейді. Тілдегі әрбір бірлік - сөз, сөйлем, сөз тіркесі қандай да бір мағынаны, ұғымды, ойды білдіреді. Ұғым мен ой тілдік бірліктердің мазмұны болса, танымның негізгі бөлшектері болып табылады.

Тіл білімінде ғалымдардың когнитивтік лингвистикаға берген ғылыми анықтамалары әр түрлі болып келеді. Когнитивті лингвистика мен когнитивті грамматиканың бастауында тұрғандар америка ғалымдары: Рэй Джекендорфф, Джон Лакофф, Ч.Филлмор, У.Чейф. Осы бағыттың негізін салған Дж. Лакофф былай дейді: «Егер тілді адамның әлем жөнінде мағлұмат алатын тәсілі деп түсінсе, сол тәжірибені бейнелейтін тіл теориясы қажет. Бұл тек когнитивті грамматика арқылы жүзеге асады» [1,42.].

Бұл ғалымдар «когнитивті лингвистика мен грамматика – егіз ұғымдар» деп түсіндіреді. Сол себепті ғалым В.Маслова когнитивті грамматика терминінің АҚШ-та кеңірек мағынада қолданылатынын ескеріп, когнитивті лингвистиканы оның синонимі ретінде түсіндіреді: «Өзі дүниеге келген АҚШ топырағында бұл сала когнитивті грамматика деп таралды. Ол ағылшын лингвистикасында грамматика терминінің көп қолдануымен байланысты. Ресейде когнитивті семантика термині жиі қолданылады»[2,12.].

«Когнитивті грамматика» термині ең алғаш Дж.Лакофф пен Г.Томпсонның 1975 жылғы «Когнитивті грамматиканы ұсынамыз» деген мақаласында пайда болған. 1987 жылы Р.Лангакердің «Когнитивті грамматика негіздемесі» еңбегінің алғашқы томы, 1991 жылы екінші томы жарық көрді. Л.Талми, Ч.Филлмор, У.Чейфтің мақалалары когнитивті лингвистиканың дамуына кезеңдік сипат берді.

Орыс тіл білімінде когнитивті лингвистиканы, концептік зерттеулерді семантиканың тұңғығы деп есептейтін ғалымдар да бар. Ресей ғалымдары тікелей семантикамен айналысқандықтан, когнитивті лингвистиканы семантикамен тығыз байланыстырады. Когнитивті лингвистиканың ең көрнекті өкілдері: Н.Д.Арутюнова, А.Вежбицкая, Ю.С.Степанов, Е.С.Кубрякова, В.Н.Телия когнитивті лингвистикаға сол семантикадан келген. Сол себепті орыс тіл білімінде «когнитивті лингвистика» терминімен қатар, «когнитивті семантика», «когнитивті грамматика» терминдері бірге қолданылып келеді. Олар қазір аражігі ашылған жеке-жеке ұғымдар. Когнитивті грамматика когнитивті лингвистика сияқты тілдік құбылыстардың когнитивті аспектілерін қарастыруға бағытталған грамматикалық концепцияларды сипаттайды.

Таным өте күрделі, қайшылыққа толы, ұзаққа созылған процесс. Сол себепті қазіргі жаһандану процесі ғылым салаларының тоғысу мен бірігуіне ғана ықпал етпей, сонымен қатар тың ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына ықпал етті. Когнитивті лингвистика – қазіргі тіл білімінің қоғамдық-әлеуметтік рөлі мен орнының күшеюіне орай, адамзаттың ой мен тіл, таным мен тілдік қарым-қатынасын анықтайтын, тың ізденісті талап ететін сала. Ғалым Е.Кубрякованың сөзімен айтқанда, «Когнитивті лингвистика – тілдің жалпы когнитивті механизмі, тілдік танбалар жүйесіндегі ақпаратты белгілеу мен сыртқа шығарудың құралы ретінде қалыптасқан лингвистикалық бағыт» [3, 16.].

Когнитивті лингвистиканы ғалым В.Маслова тіл біліміндегі жеке ғылым ретінде қарастырады. Ғалым Б.Хасанұлы «Когнитивті лингвистика - бұл бейне (символ) жөніндегі ғылым, ол таңба арқылы берілген бейнені объективтік және субъективтік тұрғыдан анықтауды теңгереді, сол арқылы лингвистикалық- когнитивтік талдау жасау үдерісін қиындатады, бірақ зерттеуді пәнаралық тұрғыдан қанықтыра түседі», - деп көрсетеді [4,10.]

Сол себепті когнитивтік лингвистика әлемді дайын қалпында сипаттап қана қоймайды, нысанды шығармашылық жолмен шынайы түрде жаңа қырларынан пайымдайды. Оның негізгі зерттеу нысаны - кезінде дәстүрлі лингвистикада сөз ретінде қарастырылып келген концептіні таңба тұрғысынан когнитивті лингвистикада жан-жақты қарастыру. Соған орай когнитивті лингвистиканың мақсаты - тілді таным шеңберінде зерттей отырып, тіл мен когнитивтік түсініктің сәйкестігін

анықтау, адам басында пайда болған тілдік сана мен әлемнің тілдік бейнесін белгілеу. Ғалымдар когнитивті лингвистиканы тілді ішкі құрылым ретінде қарастырады және сөйлеушіні-тыңдаушыны ақпаратты өңдейтін жеке модульдерден тұратын жүйе ретінде сипаттап түсіндіреді деп көрсетеді. Осылайша когнитивті лингвистика әлемді сипаттау мен осындай сипаттауды туғызатын құралдарды жасаумен байланысты күрделі зерттеулер аясына кіреді. Бұл ғылым саласы толық қалыптасып болмағанмен, онда көптеген ағымдар жол салып келеді. Олар: когнитивті грамматиканың түрлі типтері, прототиптік семантика, концептуалдық семантика, фреймдік семантика. Нәтижесінде көптеген тілдік сүбелі мәселелер жаңаша қарастырылып, өз шешімін табуда.

Когнитивті лингвистика - ХХІ ғасыр лингвистикасының бетке ұстар негізгі бағыттарының бірі. Ол дәстүрлі лингвистиканың, когнитология мен психолингвистиканың негізінде пайда болды.

Когнитивті ғылымдар адам санасы мен ойлау жүйесі және олармен байланысты менталды (психикалық, ойлау) процестер мен және жағдайлармен байланысты. Оның зерттеу нысаны - когниция. Когниция – таным және онымен байланысты құрылымдар мен процестер. Сондықтан когнитивті ғылымдардың басты мақсаты адам қандай ақпаратты игереді, оны қалай пайдаланады деген мәселелерге келіп тіреледі.

Когнитивті ғылымдарды когнитивизм деп те атайды. Ғалымдар когнитивизм терминінің бірнеше мағынасын атап көрсетеді:

1) бұрын психология аясында қарастырылған таным мәселесі, сол танымдық процестерге қайта оралу;

2) бүкіл когнитивті ғылымдарға мәнделс атау ретінде қарау;

3) когнитивті ғылымдардың дамып қалыптасуының бастауында тұрған ең алғашқы басқышы.

Лингвистика саласына бұл ғылым адамның ойлау және сөйлеу процестерін санадағы модель тұрғысынан қарастыруға байланысты қалыптасты. Сол себепті когнитивті лингвистика адамның білімін, оны алу жолдарын, жалпы таным-түсінігін жан-жақты қарастырады. Жалпы алғанда, когнитивті ғылым көптеген басқа салаларға жанашылдық әкеліп қана қойған жоқ, сонымен бірге өзі де біршама байыды.

Тіл білімінің даму тарихында дәстүрлі үш түрлі ғылыми парадигма анықталып отыр. Олар: салыстырмалы - тарихи, жүйелі – құрылымдық және антропоцентрлік. Тілді зерттеудің арнайы әдісі салыстырмалы – тарихи әдіс болғаны бүкіл ХІХ ғасыр тіл білімінің алғашқы ғылыми парадигмасы ретінде сипатталады. (Ф.Бопп, А.Мейе, Р. Раск т.б.)

Ал ХХ ғасырда жүйелі - құрылымдық парадигмаға сай сөзге, атауға таңбалық жүйе ретінде ерекше назар аударылып, соның негізінде тілдің әр түрлі деңгейіндегі парадигмалық және синтагмалық қатынастарын, қызметін т.б. анықтайтын іргелі зерттеулер, оқулықтар және академиялық грамматикалар жазылды және бұл әрі қарай да жалғаса бермек (Ф.Фортунатов, Бодуэн де Куртенэ, Фердинанд де Соссюр, А.Мартине, Э.Бенвенист, А.Реформатский т.б.).

Тіл мен ойлау бірлігінің өзіндік ерекше қасиеттерін тіл білімінің дәстүрлі, «таза», тілдік жеке ғылым саласы шеңберінде зерттеу мүмкін емес. Оған қажет ғылыми парадигма - когнитивті лингвистика, онымен сабақтас этнолингвистика, психология, социологиямен т.б. тұтасуы. Осы тұтастық адам санасы қалай құрылған, адам дүниені қалай таныды, қабылданған мәліметтер қалай танымға айналады да, менталдық кеңістіктер қалай жасалады деген сұрақтарға жауапты тілдің терең құрылымдарын зерттеу арқылы анықтайды. Осы ғалымдардың, атап айтқанда, философиялық, психологиялық, этностық, лингвистикалық теориялардың жүйесі дүниені тұтас танудың теориясы шеңберінде тіл қызметінің когнитивтік негіздерін айқындайды. Оның негізгі ұстаным-дарын былайша анықтауға болады:

1. Қоғамдық тәжірибеге негізделу, яғни дәстүр жалғастығы, танымның қазыналық сипаты;

2. Таным модельдерінің символдық түрлері, яғни тілдің қызметі – ақпарат беру емес, бейнелеуге мүмкіншілік жасау.

3. Таным модельдерінің жүйелі сипаты, сабақтастығы. Яғни, ол - таным моделінің құрылымдарының тұтасуынан тұратынын сипаттайды.

Негізінен қазақ тілші-ғалымдары қазақ тіл біліміндегі тілтанымдық бағыттың дамып, қалыптасуын алаш зиялыларынан бастайды. Себебі, ХХ ғасырдың басында ұлттық тіл білімінің дамуы мен қалыптасуында маңызды орын алатын Алаш зиялылары қазақ халқының рухани-мәдени өрлеуіне зор ықпал жасаған ұлт зиялылары болды. Міне, сол себепті олардың асыл тіліміз туралы айтқан тұжырымдары мен көзқарастары қазақ тілтанымының қалыптасуына түрткі болды десек қателеспейміз. Өз еңбектерінде тіліміз туралы алғашқы танымдық тұжырымдар жасап, осы тіл арқылы бірде қоғамтану, бірде елтану, бірде адамзаттану міндеттерін шешіп, жалпы, құрғақ

сипаттама шолудан гөрі, тіл біліміндегі өзекті болған жеке мәселелерді тереңінен түсінуге өз зерттеулері мен ғылыми мақалаларын бағыттап жазды. Оған дәлел ретінде А.Байтұрсынов, Х.Досмұхамедов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Қ.Кемеңгерұлы, М.Тұрғанбаев, т.б. секілді ұлт оқығандарының еңбектеріне назар аударған дұрыс. Бұл еңбектерінде қазақ оқығандары тіліміздің мән-мағынасын ашып қана қоймай, сонымен бірге тілді танудың маңыздылығын саралайды. Мысалы, А.Байтұрсынов өзінің зерттеулерінде «Тіл- құрал» деген қағиданы басшылыққа ала отырып, оған тек құрылымдық бірлік ретінде ғана қарамай, тіл табиғатын түсіндірудің амалдарын қарастырып, оны адамзат болмысының өзіндік бір бөлшегі ретінде қарастырады. Оның қолданған сөздері мен сөйлемдері, ол түрлеген қазақ терминологиясы қазақ тілінің төл табиғатынан шығып, ұлттық таным-түсінікті қалыптастырып, ұлттық ойлаудың деңгейін қалыптастырды. Қазақ сөзінің қасиетін, табиғатын танытуға тырысқан ғалым тіл туралы былай дейді: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниядығы адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық түсер еді» [6,8].

Осылай ой қорытқан ұлт ұстазы тілдің қоғамды, әлемді танудағы асыл қасиеті туралы мынандай ой қорытады: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанынша, қиялдың меңзеуін меңзегенінше, көңілдің түюін түйгенінше айтуға жарар. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама-қадарынша жарайды. Бірақ тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек» [7,343].

Қазақ тіл білімінде когнитивтік бағыттың қалыптасуында этнолингвистикалық зерттеулер ерекше мәнге ие. Ә.Қайдар, Е.Жанпейісов, М.Копыленко, Ж.Манкеева зерттеулері тек этнолингвистика үшін ғана емес, когнитивтік зерттеулер үшін де құнды. Ұлттық іс-әрекетті талдауда, ең алдымен, қалыптасу, сақтау, адамзат тәжірибесінің берілу процестерін адам туралы ғылымның барлық бағытының бір-бірімен байланысынсыз елестету мүмкін емес. Этнолингвистика-тілдің халық мәдениетіне қатысын зерттейтін бағыт. Когнитивті лингвистика да, этнолингвистика да тілде сақталған атау арқылы қоғам дамуының белгілі бір тарихи кезеңдерінде қолданылған материалдық игілікті тіл арқылы тануға көмектеседі.

Қазақ тіл білімінің танымдық тұжырымдамасын мен когнитивтік бағытты дамытуға ат салысып келе жатқан зерттеулер қатарында А.Қ.Сейілханның, С.И.Жапақовтың, М.Т.Күштаеваның, А.Б.Әмірбекованың, Ә.Ж.Айтпаеваның және өзге де тілшілердің ғылыми еңбектерін атаған орынды. Тілдік құралдардың, лексикалық бірліктердің, көркем шығарма мәтіндерінің когнитивтік негіздерін, концептуалды жүйені талдауға бағытталған бұл ізденістер әрі бағыт-бағдарымен, әрі өзіндік жүйелі әдіснамалық негізімен, әрі маңызды дерекнамалық қорымен көзге түседі.

Жалпы алғанда, қазақ тіл біліміндегі когнитивтік бағыттың қалыптасуында Э.Д.Сүлейменова, Н.Ж.Шаймерденова, Г.Г.Гиздатов, Ж.Манкеева, Қ.Жаманбаева, Г.Смағұлова, Б.Хасанұлы, Б.Қасым, А.Ислам еңбектерінің маңызы зор. Қазақстандық тіл білімінде когнитивтік лингвистика ұстанымдарын бүгінгі күні жан-жақты зерттеп жүрген ғалымдардың бірі — Э.Д.Сүлейменова. Когниция ұғымын, тілдің танымдық мүмкіндігін, мағына табиғатын контрастивті лингвистикааясында, әрі екінші тілді меңгеру проблемаларымен сабақтастыра зерттеген тілшінің, тұжырымдары адамзат санасы, концептуалды жүйе, когнитивтік феномен, әлемнің тілдік бейнесі, білім, ішкі лексикон, адамзат тәжірибесі сияқты ұғымдар табиғатын айғақтаумен тығыз байланыста дамыды. "Таным процесіндегі тілдің қызметін абсолютті деңгейге көтеру оны адамнан, оның танымдық әрекетінен тыс тұрған концептуалды жүйе, өзгеше білімдер жиынтығы ретінде тануға әкеледі...",-деп атап көрсете келе, зерттеуші тіл мен таным арасындағы байланыстарды тек ойлау арқылы ғана жүзеге асатын өзгеше қатынастар көрсеткіші ретінде танып білді, себебі, ғалымның пайымдауынша, "...тек ойлау жүйесінде ғана әлемнің бейнесі сұрыпталады, ал тіл ондай қасиетке ие бола алмайды, ол арнайы үлгіде ұйымдастырылған әлемдік бейненің материалдық формасын ғана құрайды" [8, 89].

Осыған сәйкес, Э.Д.Сүлейменова әлемдік бейнені де, әлемнің тілдік бейнесін де адамның ойлау әрекетінің "нәтижесі және шарты" деп қарастырды, сондықтан тілдің танымдық негізін де "жеке тұлғаның өзіндік жетістігі, когнитивтік, перцептивті және эффе́ктивті үдерістердің жан-жақты және ұзақ байланыстарының нәтижесі, білімді ұйымдастырудың бастапқы әрі универсалды амалы, адамзат санасының қабылдау, ойлау, түсіну, есте сақтау сынды өзге де когнитивтік құрылымдарымен тығыз қарым-қатынас жасайтын ажырамас құрамды бөлігі" тұрғысынан қабылдады. Әлемдік тәжірибенің ұтымды үлгісі ретінде тілші когнитивтік процесте қатар қолданылатын субъективті-объективті және дара-универсалды қатынастарға тоқталды, сөйтіп, ішкі лексикон, әлемдік бейне ұғымдарын да осы байланыстардан өрбіте отырып, олардың тіл мен таным негізін дәлелдейтін бірлігіне және қажеттігіне

назар аударды. Ғалым "Адамның шындықты тануы лингвистика үшін маңызы зор екі өзгешелікке ие болады; бірін танымдық әрекеттің нәтижелерін тілде бекіту амалдары құраса; екіншісін бұл әрекеттің қатысым шарттарында жүзеге асу сипаты айқындайды", - деп атап көрсетті.

Сонымен, тіл мен ой немесе таным, тіл мен ұлт т.б. мәселелер, сайып келгенде, ұлтты, ұлттың танымын өзінің терең құрылымдары арқылы тұтастырушы тілдің табиғатын анықтауға байланысты қазіргі тіл біліміне жаңа бағыттардың айқындалып, қалыптасып, дамып келе жатқаны байқалады. Оның көріністерін қазақ тіл білімінің даму күйінен де көріп отырмыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. В.Маслова Когнитивная лингвистика, Москва. Наука, 2011, - 472 с.
2. В.А. Маслова Линвокультурология, М. Академия, 2011, - 203 с
3. Уәлиұлы Н.Фразеология жәнетілдікнорма.- Алматы: РБК, 1998.-126 б.
4. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. –Алматы: «Ана тілі», 1998.-304 б.
5. Жанпейісов Е.Қазақ прозасының тілі. -Алматы, 1968 – 264 б.
6. Қайдаров Ә.Т.Этнолингвистика // Білім және еңбек. 1985. №10.-103 б.
7. Жанпейісов Е. Этнолингвистика // Ана тілі. 1994. 23 мамыр.№8.-96б.
8. Э.Н.Оразалиева. Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы. А.
9. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты - Алматы: Ан Арыс, 2007 312 б.
10. Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, 2001, №4. - 39-44 бб.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Ержанова Алма Сабыржановна
Карагандинский медицинский университет
Караганда, Республика Казахстан

ИСТОРИЯ ИССЛЕДОВАНИЯ КОГНИТИВНОЙ ЛИНГВИСТИКИ

В статье рассматривается объединение научных определений и выводов ученых на когнитивную лингвистику в языкознании. Были рассмотрены вопросы о развитии когнитивных наук. В целом, был проведен обзор трудов казахских ученых в формировании когнитивной направленности казахского языка.

Ключевые слова: единство - слово, предложение, фраза, когнитивизм, познание, язык и нация, концептуальная система, когнитивный феномен, языковой образ мира, знание, внутренняя лексика.

Erzhanova Alma

Karaganda Medical University, Karaganda, Republic of Kazakhstan
HISTORY OF COGNITIVE LINGUISTICS RESEARCH

The article deals with the integration of scientific definitions and conclusions of scientists on cognitive linguistics in linguistics. Questions about the development of cognitive Sciences were considered. In General, a review of the works of Kazakh scientists in the formation of the cognitive orientation of the Kazakh language was conducted.

Key words: unity - word, sentence, phrase, cognitivism, cognition, language and nation, conceptual system, cognitive phenomenon, linguistic image of the world, knowledge, internal vocabulary.

ӘӨЖ 81' 367:811. 512. 122

Ермекбай Ақылбек Масымқанұлы
yermekbayakylbek@mail.ru

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

КӨНЕ ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІ МЕН ФОЛЬКЛОРДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ **(ОРХОН ЖАЗБАЛАРЫ БОЙЫНША)**

Орхон жазба мұралары – ежелгі дәуірлердегі халықтың көркем танымындағы ізденістерінің негізінде туып қалыптасқан фольклорлық жанрлар дәстүрлерін бойына сіңіре отырып жазылған, тарихи, шежірелік те сипаты бар көркем туындылар. Орхон жазбаларының алуан сырлы, көп қырлы

ерекшеліктерінің бірі, бірегей тұстары фольклорлық дәстүрмен байланысы, дәстүр жалғастығымен сабақтастығы деп санаймыз.

Кілтті сөздер: Түркі қағанаты, миф, мотив, эпитет, теңеу, метафора, дәстүр.

Алғашқы қауымға тән дүниетаным мен діни нанымдардың көрінісі болып саналатын анимизм, тотемизм сондай-ақ рулық қауымның тұсында қалыптасқан әруаққа табыну белгілері Түркі қағанаты дәуірінің киелі деп саналған кешендерінде, жазбаларында едәуір бейнеленген.

С.Қасқабасов эпостың жанр болып қалыптасуында оған тірек болатын қайнар көздерінің бірі ретінде ертегі, өлең, тарихи жырлармен қатар мифті де атап көрсеткеніндей, Түркі қағанаты дәуірінде «Ежелгі мифтер мен нанымдар, сюжеттер мен мотивтер бірыңғай идеологиялық сипат алып, қағанды дәріптеу үшін біршама көркем қасиетке ие болған, «сондай-ақ түркі жұртының бабасы – Көкбөрі деп, Ашинадан тарағаны туралы тотемистік ұғымның іздері Құлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк туралы жазуларда жақсы сақталған» [1, 319-б].

Жазбалардағы “Көк түрк”, “Көкте түрк тәңірісі”, “Көк тәңірі”, “Жол тәңірі”, “Жер-су тәңірі”, “Тәңірі”, “Ұмай”, «Қасиетті жер-су» деген ұғымдар олардың тәңірлікке қатысты наным-сенімінен көрініс береді. Кейбір түркі халықтарының мифтерінде жердің иесі әйел құдай - Ұмай” [2, 3-б] болса, жазбаларда осы түсініктің ізі де едәуір көрініс тапқан.

«Құлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жазуларында көне мифтердің бір түрі жасампаздық – әлемнің пайда болуы жөніндегі мифтің сілемі, түркі аңыз, дастандарында жиі кездесетін мифтік эпикалық уақыт пен кеңістік сарындары көрінісі де бар.

Ғалым С.Қасқабасовтың көрсетуінше, «Аспан мен жердің телегей теңізден бөлініп жаралғаны туралы түсінік жаһанда үш әлем (аспан, жер, жер асты) бар деген сенім тудырған» [1, 234-б]. Бұл сенім жөнінде ғұлама ғалым Ш.Уәлиханов та кезінде жазып көрсеткен болатын [3]. Дүние-әлемнің мифтегідей төменгі, ортаңғы және жоғары әлем деп үш бөліктен тұрады деп бейнеленуі эвендердің көне эпосында да кездеседі [4, 21-б]. Түркі-монғол халықтарының эпосы мен ертегілерінде түрлі дәрежеде сақталған мифтік дәуірдегі бұл түсініктің көрінісі қазақ фольклорындағы батырлық ертегілерде бейнеленген («Ер Төстік», «Күн астындағы Күнікей қыз» т.б.). Үш әлем түсінігінің кейбір белгілері, қазақ фольклорында жиі кездесетін әлемнің төрт бұрыштылығы жөніндегі айтылатын сарын Орхон жазбаларында да кездеседі. Ондағы дүниені төрт бұрышты деп есептеген ескі түсініктің көрінісі – ежелгі мотив – түркілердің мекен еткен жерінің кеңдігін, қағанаттың күш-дәрежесін бейнелеу мақсатында пайдаланылған.

Фольклордың ертегі, аңыз, эпсана, эпикалық жыр сияқты түрлерінің бәрінде дерлік айрықша орын алатын *ғажайып туу мотивінің* де түп-төркіні мифтерден бастау алады [2, 8-б]. Бұл мотив әлем халықтарының фольклорында бар. Ғажайып туу мотивіне А.Н.Веселовский, В.Я.Пропп сияқты ғалымдар назар аударып, ол жөніндегі пікірлерін жазған болатын. Бұл құбылыстың қазақ фольклорындағы көрінісі С.Қасқабасов, Б.Әзібаева, Ш.Ыбыраев зерттеулерінде қарастырылды.

Эпикалық фольклорлық туындыларда жиі көрініс табатын мотивтердің бірі – кейіпкердің ғажайып тууының түрлерін С.Қасқабасов: «тотем-бабаның баласы, аталар әруағының жәрдемі, мұсылман әулие-әнбиелердің, пірлердің көмегі және баланың төтенше жағдайда (әкесі үйде жоқта) тууы» [5, 240-б], - деп топтастыра көрсетеді. Қаһарманның ерекше туылысы жайындағы мотив, әсіресе эпостарда дәстүрлі түрде сақталып, басты қаһарманды дәріптеу, оның ерлігін аша түсу үшін қолданылады, яғни қаһарманның алдағы ерліктерді жасауына дайындығын көрсетуге бағытталған.

Түркі қағанаты дәуірі жазба ескерткіштерінде тотемизмнің – фольклорлық ғажайып туу мотивінің де көрінісі бар. Ол жазбаларда қағандар Тәңірінің қалаулысы, Көктен жаралды деп көрсетіледі. Қағандардың, батырлардың Тәңірден жаралуы туралы ұғым ежелгі түсінік – көктен, күн нұрынан жаралуы жөніндегі көне танымның бір көрінісі. Орхон жазбаларында ел билеушінің ерекше жаралатыны жайындағы ежелгі наным айқын бейнеленген. «Бұл – ғайыптан туу мотиві ежелгі тотемизмнің өзгерген түрі» қазақтың көркем фольклорында «бас қаһарманды дәріптеудің бір амалына айналып кеткен» [1, 321-б].

Қазақ мифтерінің ең көне түрлерінің бірі – жан-жануарлар туралы мифтер болса, фольклорда кең көрініс табатын осы дәстүр түркілердің Түркі қағанаты дәуіріндегі киелі кешендерінен, сол дәуір аңыздарынан, Орхон жазбаларында көкбөріге қатысты жайттардан байқалады. Ежелгі түркілердің өздерінің шығу тегін көкбөрімен байланыстыратындығы, қасиетті санайтындығы жөніндегі осы ежелгі түсінігінің ізі Орхон киелі кешендерінде де сақталған. Мысалы: Бұғыты кешеніндегі қасқырды еміп тұрған баланың бедері (барельеф), Құлтегін, Білге қаған, Қарабалғасун (Ордубалық)

ескерткіштерінде де бөрі бейнесін тас бетіне түсіргенде мифтік түрде бейнеленуі. Тарихи деректерге қарағанда байырғы түркі заманында бөрінің мүсіні гранит тастан да тұтас ойылып жасалған. “...байырғы түркілер киетегі болған бөріні ардақ тұтып, Қағанның оққағарынан бастап, Кіші ханға дейін бөрі атап, мәңгілік елдің аруақтарының рухын сақтап тұратын киелі орынға қойылар ескерткіштің (мәңгітас) басына бөрі бейнесін ойып қалдырып, оны бүкіл бүтін қағанаттың (империяның) киетегіне айналдырған” [6, 98-б].

Ежелгі түркілердің бұл түсінігі олардың Көкбөрі туралы аңыздарымен қатар “Оғыз қаған” сияқты ежелгі эпосында да сақталған. Оғыз батырдың дүниеге келуі, батырлық бейнесі, оның ерлікке толы жорықтары мен «Күлтегін» жырындағы Күлтегін бейнесі, жорықтарынан ортақ ұқсастықтарды аңғаруға болады. Осы сияқты көріністердің қазақ фольклорында да жиі ұшырасуы кездейсоқ ұқсастық емес, ол – сандаған ғасырлық тарихы тығыз байланысып жатқан түркі тайпаларының туыстастығынан туындайтын құбылыстар. Ежелгі түркілердің қасқырды кешендердегі тастан жасалған ескерткіштерде бейнелеуі, көк бөрі туралы аңыздары мен “Оғыз қаған” дастаны арасында, сондай-ақ түркі тектес халықтар мен қазақтың батырлық жырлары, т.б. әдебиет үлгілері арасында дәстүрлі көркемдік байланыс, сабақтастық бар.

Орхон жазбаларында түркі әскерінің күштілігін, басымдылығын көрсету үшін жазбагер оларды бөріге теңейді. Қазақтың батырлық жырларында да жауға қарсы әскер бастаған батырларды көк бөріге теңей сипаттау жиі кездеседі. Осы ұқсастықтарды “Күлтегін” жазбасындағы «Әкем қағанның қосыны бөрідей болыпты» деген жолдармен салыстыра қарасақ, олардың арасында өзара байланыстың бар екендігі айқындала түседі. Қазақта ер жігіттің күшіне, ерлігіне риза болғанында «бөрім», «нарым» деп сүйсініп айтуы мен эпостарда батырдың ерлік іс-әрекетін бөріге теңеуінде сол ежелгі танымның көркемдік дәстүрлі сабақтастығы бар. Бұл дәстүр кейінгі көркем фольклорда да кеңінен қолданылып отырған. Осыған орай М.Жолдасбеков: “Ұнамды кейіпкерлерді бөріге теңеу түркі халқы бөріден тараған деген аңыздан шықса керек. Өзінің түп тегі санаған халық бөріні ерекше қасиеттеген. Қасқырбек, Бөрібек, Бөлтірік, Бөрібай тәрізді кісі аттарының өте көп болуы осыдан” [7, 83-б], - деген пікір білдіреді. Сол сияқты “Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірісі бар” деген мақалдан да қазақ халқының бөріні қасиеттей қарағаны байқалады. Эпитет пен метафораның хронологиялық жолмен туып, даму процесін қарастырған А.Н.Веселовский мен В.М.Жирмунский пікірлеріне сүйенсек, мифтік ұғымдар кейін келе ауыспалы, астарлы мағынаға ие болып, поэтикалық тілдің құрамына қосылады да әр түрлі көркемдік тәсілдердің – эпитет, теңеу, метафоралардың қызметін атқара бастайды. Түркі қағанаты дәуірінде ежелгі түркілердің көк бөріге байланысты түсінігі – «алғашқы қауымға тән мифтік сананың жемісі көркем құралға айналды, бейнелілікке және метафораға негіз болды» [1, 24-б].

Орхон жазбаларында сюжеттік уақыттан тыс автор уақыты мен батырлық жырларды орындаушы, жырлаушы уақыттары арасында жақындық бар. Бұлай болуының себебі қаһармандық жырдың табиғатынан – эпикалық дәуірді беру дәстүріне орайлас келіп шығады, яғни жанрлық ерекшелігінен туындайды.

Эпикалық дәуір – жинақталған жалпы ұғым, тарихи дәуірдің эпикалық бейнесі. Ш.Ыбыраев: «Өткен заман, батырлар дәуірі, мифтік және тарихи мезгіл, әлеуметтік және тұрмыстық ахуал, міне, осылардың бәрі топталып келіп ерекше бір дәуірдің бейнесін жасайды», - деп түсінік бере келіп: «Батырлық жырдағы «бұрынғы өткен заман» халық санасына терең ұялаған, ел-жұрт тарихындағы айрықша бір дәуір. Ол – қасиетті бабалар уақыты, батырлардың реалды түрде тарихта болған мерзімі. Сондықтан да бұл айрықша дәуір. Оның қадір-қасиеті бүтін шығарманың өн бойына тараған», - деп көрсетеді [8, 84-б].

Эпостағы бейнеленген оқиғалар тарихи шындықтың нақты көшірмесі емес, халықтық тұғыры (концепциясы), оның өз тарихына берген бағасы болып шығады. Олардың ішінде халықтың арман-тілегі де бірге жүреді. Фольклорлық эпикалық шығармаларда эпикалық дәуір мен тарихи мерзімнің сәйкес келе бермейтіні белгілі. Орхон жырларында да сол эпикалық дәстүр тап сол эпостық жырлардағыдай болмаса да белгілі дәрежеде көрініс тапқан. Ғалымдардың зерттеу еңбектерінде көрсетіліп жүргендей жазбалардағы деректердің тарихи шындықпен сәйкес келе бермейтіндігі осыған дәлел болады. Олай болатыны бұлардың бірі реалды шындық та, екіншісі оның көркем бейнесі екендігінен.

Эпикалық дәуір әр заман қаһармандарын бойына жинақтайтындығындай «Күлтегін», «Білге қаған» жырларында Түркі қағанатының алғашқы қағаны Бумыннан бастап ел тәуелсіздігі мен бірлігі үшін күрескен бірнеше қағандардың ерліктері тарихтарына да тоқталып, деректер береді. Ертеректе болған ата-бабаларының ерлік істерін үлгі-өнеге тұту – эпосқа тән белгі.

Бірлікті мұрат тұтқан эпостың көбінесе татуласып бітискен оқиғаны бейнелейтіндігіндей, Орхон жазбаларында да түбі бір түркілердің қайта бірігуі, сол мақсаттағы іс-әрекет, жорықтары сюжеттің негізгі арқауы болып алынады.

Эпостық жырларда дәуір бейнесінің тарихи өмірге жақын келетін тұсы көбінесе эпос сюжетінің белсенді іс-әрекетті баяндамайтын, бас қаһарманның қозғалыссыз кезеңіне қатысты эпизодтарда – жыр экспозициясында, соңында шоғырланып көрінсе, осы құбылыс Орхон жырларының басында, соңында нақты деректердің берілуінен байқалады. Жауды жеңіп, еліне бейбіт өмір әкелген батыр бәрін үйлесімділікке келтіріп, молшылықты заманға жеткізеді, жауды елін байлыққа кенелтеді. Батырлық жырлардағы «аш-арықты тойындыру», «жарлыны байға теңеу» мотивінің Орхон жырларындағы бір көрінісі осындай. Осылайша дәуірді көтермелеу батырларды идеализациялаумен астасады.

Эпикалық дәуірді жырлауда «арғы-бергі замандардағы оқиғалар, тарихи тұлғалар, атаулар, мифтік және діни ұғымдар бір орталыққа топтастырылып, бір сүзгіден өткізілетін» болса [8, Б. 128-132], мұнда кеңістік те өзгеше көрініп «болмыстағыға сәйкес бола бермейді, бұларда шарттылық, мақсатты қиял үлкен рөл атқарады» [1, 25-6]. Эпос жанры кеңістігінің де ауқымдылығымен өзгешеленеді.

Мифтік кеңістіктің жоғары / төмен құрылған тәртібі Орхон ескерткіштерінде эпикалық жинақтау түрінде көрініс тапқан. Қиялға ерік беру көрінісі Түркі қағанатының иелігіндегі жерлердің сипаттауынан байқалады.

Орхон жазбаларындағы *төрт бұрыш, төрт тарап, түстік, шығыс, терістік, күн ортасы, күн батыс, түн ортасы* деген атаулар батырлық жырларда да аз қолданылмайтын мекендік ұғымдар. Бұдан Орхон ескерткіштері мен қазақ фольклорында жиі кездесетін «дүниенің төрт бұрышы» деген ұғым түркі халықтары фольклорында ұзақ замандар бойында орын алып келгенін көруімізге болады.

Қазақ эпосындағы батырдың жау еліне жеткенде таудан асуы, не тауға шығуының көне эпоспен байланысы бар. Көне эпостағы тау жаумен екі ортадағы шекара ғана емес, жаудың мекен-тұрағы, жаудың жүретін жері, болмаса қала, қамал салатын орны болады. Көне эпоста тау мен жау бір-біріне теңеседі. Эпоста тау мен су аса қауіпті, ситуациялы болып бейнеленеді. Ол жерде батыр міндетті түрде қиындыққа, кедергіге ұшырайды. Ш.Ыбыраевтың пікіріне құлақ түрсек, «Мифтік кеңістіктің адамзаттық және адамзаттық емес болып бөлінуі эпоста *өзімдікі* және *жаудікі* деген жіктелуге әкелсе, осы ұғымдардың заттанған түрі *дала* және *тау* болып шығады». Ғалымның көрсетуінше, «мекен ұғымының шеті қай заманда да өзен болуы эпос дәстүрінің мыңдаған жылдық тарихына қайшы келмеген» [8, Б. 144-146].

Эпостың негізі тарихи шындық болғандықтан, ондағы жер-су атаулары, жалпы ел-жұрт, батырлар жүріп-тұрған жер бедері оларды реалды ұғымға жақындатады.

Орхон жырларында мекендік ұғымды білдіретін жау мекені орналасқан тау, қала, су атауларының аттары айтылып отырады, Олардың тарихи шындыққа қатысы барына күмән келтіре алмаймыз. Әйтсе де олардағы мекендік атауларға қатысты өткен оқиғалардың тарихи шындыққа қаншалықты қатыстылығы әлі де зерттеулерді қажет етеді. Ғалым Ш.Ыбыраев жазып көрсеткендей: «Тарихи шындық пен эпикалық кеңістіктің ортасында шындықты игерудің эпикалық дәстүрі тұр. Бұл дәстүрдің поэтикамен қарайластығы даусыз» [8, 148-6].

Түркі қағанаты дәуіріндегі тарихи, рухани мұраларды танып-білу, зерттеу мақсатында біршама іргелі жұмыстардың жүргізілгеніне көз жеткіздік. «Орхон ескерткішінің толық Атласының» жарық көруі, «Күлтегін» ескерткіші көшірмесінің Астана төрінен орын алуы, түркітану мақсатында арнайы халықаралық конференциялар мен конгрестердің жүйелі өткізілуі, ҚР Білім және ғылым министрлігі ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындаған қазақ фольклоры тарихының жаңаша көзқарас тұрғысынан жазылған ғылыми еңбектің, ежелгі әдеби жәдігерліктер енгізілген жиырма томдықтың көпшілікке ұсынылуы, «Бабалар сөзі» деген атпен фольклорлық мол мұраларды жариялаудың қолға алынуы сияқты іс-шаралар бұл бағыттағы маңызды істердің жолға қойыла бастағанын көрсетеді. Осы мақсаттағы іс-шаралар нәтижесінің біздің жұмысымызда алатын орны, маңызы аз болмады.

Орхон ескерткіштерінің фольклормен байланысына, ол жазбалардағы фольклорлық дәстүр көріністеріне, олардағы дәстүр жалғастығын ғылыми негізде дәлелдеуге көңіл бөлініп, бұл мәселе зерттеу еңбегімізде көптеген деректер, талдау-саралау негізінде жан-жақты сөз етілді. Орхон ескерткіштеріндегі фольклор мәселесі, фольклорлық дәстүр арнайы қарастырылғандықтан, бұрын-соңды зерттеушілер назарынан тыс қалып келген жайттар назарға алынып, талдаулар жасалды. Орхон жазбаларында бейнеленетін Түркі қағанаты дәуіріндегі өмір шындығын, ежелгі түркілердің

наным-сенімдері мен дүниетанымын бейнелеудегі туындыгерлердің шығармашылық ерекшеліктерін, фольклор мен әдебиеттің өзара арақатынасын саралау, яғни шығарма авторлары фольклорлық жанрларды, дәстүрлі көркемдік тәсілдердерді, құралдарды қалай пайдаланды, қолдану ерекшелігі, оның жазбалардағы көрінісі қандай? деген мәселелер жұмыстың негізгі мазмұнын құрады.

Орхон жазба мәтіндерін фольклорлық үлгілермен салыстырып, олардың фольклормен байланысы жөнінде бұрын-соңды айтылған ой-пікірлерді еске ала отырып, ойды жүйелей келе, мынандай бірнеше түйінді байламдар жасадық:

Біріншіден, Орхон жазбалары – дәуір шындығын танытатын, жазбагерлердің өзіндік қолтаңбалары бейнеленген, сонымен қатар өз дәуірінің әдеби дәстүріне негізделіп жазылған мұралар.

Екіншіден, Орхон жазба ескерткіштерінің жанрлық ерекшелігі туралы көптеген ғалымдардың ертелі-кеш айтқан ой-пікірлері әр түрлі сипатта болғанын байқадық. Бұл мәселе әлі де жан-жақты қарастыруларды қажет етеді.

Үшіншіден, қай кез, дәуірде болса да сөз шеберлері – көркем әдебиет өкілдері фольклорлық дәстүрге арқа сүйеп отырған. Бұл құбылыс Орхон ескерткіштерінде де кеңінен көрініс тапқан. Орхон ескерткіштері стилінде де эпостық жырлармен жақындастыра түсетін белгілер бар. Фольклор жанрларының стилі Орхон жазбалары авторларының стиліне негіз болғандығы олардың халық поэзиясының дәстүрлерін игеруінен, көркемдік ойлау жүйесінен де байқалады.

Төртіншіден, Орхон жазбаларындағы фольклорға тән ерекшеліктің бірі – оларда да синкреттілік бар екендігі. Идеологиялық синкретизм мен жанрлық синкретизм көріністері бар.

Бесіншіден, қазақтың қаһармандық жырларымен ортақ ұқсастық белгілері аз емес. Орхон ескерткіштерінің ішіндегі “Білге қаған”, “Күлтегін”, “Тоныкөк” жырлары – қаһармандық жырларға жақын, эпикалық жыр дәстүрінде жазылған туындылар. Оларды қаһармандық эпостарға жанрлық жағынан идея бірлігі, тақырып ортақтығы, сюжетіндегі ұқсастықтар, кейіпкердің идеализациялануы, дәріптелуі, образдардың жасалу ерекшелігі, батыр мен тұлпар образдарының қатар келуі, қайталаулардың жиі ұшырасуы, композициясы мен стиліндегі дәстүрлі ортақ қолданыстар, фольклорлық шағын жанрлардың эпикалық туынды бойында кездесуі, ежелгі таным-түсініктердің аралас жүруі, көркемдік бейнелеу әдіс-тәсілдерінің, құралдарының ортақтығы, т.б. белгілері жақындастырады.

Алтыншыдан, Орхон жазба ескерткіштерінде фольклорлық эпикалық дәстүрге сәйкес эпосқа тән көпқабаттылық та белгілі дәрежеде көрініс тапқан.

Жетіншіден, Орхон ескерткіштерінің фольклорлық дәстүрмен сабақтастығы фольклорға тән айшықтарды, яғни тіл байлығын пайдалануынан да көрінеді.

Көркемдеу құралдарында дәстүрліліктің басым болуы фольклорлық туындыларға тән ерекшеліктің бірі. Фольклор мен көркем әдебиет туындыларындағы дәстүрлілік олардың дәстүрлі шумақтар, сөз тіркестері, оралымдар мен жекелеген сөздерді қолданысынан да көрінетін болса, Орхон жырлары эпикалық, ерлік тақырыбындағы туындылар болғандықтан олардың көркемдік тәсілдерінде батырлық жырларға тән болып келетін көркемдік әдіс-тәсілдер бас қаһарманды дәріптеуге, мадақтауға бағытталады, көркемдік бейнелеу құралдары кейіпкерлер образын ашуға қызмет етеді.

Салыстыра қарастыру барысында батырлық жырлар мен Орхон жазбалары өздерінің идеялық-тақырыптық жағынан ғана емес, ойды тиімді де көркем жеткізу мақсатында жасалған көркемдік әдіс-тәсілдерімен, көркем тілдік құралдарының ортақтығымен, ұқсастығымен өзара байланысып жататындығына көз жеткіздік.

Қорытындылай айтқанда, Орхон жазба мұралары – ежелгі дәуірлердегі халықтың көркем танымындағы ізденістерінің негізінде туып қалыптасқан фольклорлық жанрлар дәстүрлерін бойына сіңіре отырып жазылған, тарихи, шежірелік те сипаты бар көркем туындылар. Олардың негізгі белгі, сипаттары осыған келіп саяды. Орхон жазбаларының алуан сырлы, көп қырлы ерекшеліктерінің бірі, бірегей тұстары фольклорлық дәстүрмен байланысы, дәстүр жалғастығымен сабақтастығы деп санаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. 1-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 812 б.
2. Ыбыраев Ш. Қазақтың мифтері мен мифтік аңыздары туралы // Қазақтың мифтік әңгімелері. Құрастыр.: Ыбыраев Ш., Әуесбаева П. – Алматы: Ғылым, 2002. – 320 б.
3. Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-ти т. – Алма-Ата: 1961, Т. I. – 480 с.
4. Лебедева Ж.М. Архаический эпос эвенов. – Новосибирск: Наука, 1981. – 158 с.

5. Қасқабасов С. Тұтастану – фольклор поэтикасының заңдылығы // Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 2001. – Б.8-62.
6. Сартқожаұлы Қаржаубай. Орхон мұралары. 1-кітап. – Астана: Күлтегін, 2003. – 392 б.
7. Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. –351 б.
8. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.

РЕЗЮМЕ/RESUME

Ермекбай Ақылбек Масымканович
ermekbayakylbek@mail.ru

Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан
ВЗАИМОСВЯЗЬ ДРЕВНЕЙ ТУРЕЦКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И ФОЛЬКЛОРА
(По орхонским надписям)

Орхонское письменное наследие-это художественные произведения, имеющие исторический, летописный характер, написанные на основе изысканий в художественном познании народа в древние времена. Одним из самых разнообразных, многогранных особенностей орхонской письменности, уникальными моментами является связь фольклорной традиции, преемственность традиций.

Ключевые слова: Тюркский каганат, миф, мотив, эпитет, урвание, метафора, традиции.

Yermekbay Akylbek Masymkanovich
ermekbayakylbek@mail.ru

Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan
RELATIONSHIP OF ANCIENT TURKISH LITERATURE AND FOLKLORE
(According to Orkhon inscriptions)

Orkhon written heritage is artistic works that have a historical, chronicle character, written on the basis of research in the artistic knowledge of the people in ancient times. One of the most diverse and multi-faceted features of the Orkhon script, unique moments is the connection of the folklore tradition, the continuity of traditions.

Keywords: Turkic Khaganate, myth, motif, epithet, analogy, metaphor, tradition.

ӘӨЖ 82-3

Исмаилова Райхан Налжигитовна
raihan-a@mail.ru

«Bolashaq» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Оспанова Қымбат Дауитбековна
sch102@kargoo.kz

№102 мектеп- гимназия КММ
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Д. ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ КӨРІНУ ТӘСІЛДЕРІ

Аталған мақалада Д. Исабеков әңгімелері талданды. Дулат әңгіме жанрын әбден түсінген, әдемі игерген, парасатты прозаның сырына әбден қаныққан шебер суреткер. Қаламгер Д.Исабековтің айрықша зерттегені - адам жаны, оның ішкі әлемі.

Жазушының әр сөйлемінде қарапайым көркемдік, ойлы орамдар жатады. Өз заманының өмір сырын анық ұққан Дулат әлеуметтік астарды, халықтық экономиялық ахуалын, мәдени-эстетикалық талғамын көркем шығарма шындығымен бейнелейді.

Кілтті сөздер: тақырыптары, авторлық позициялар, стильдік мәнерлері, пейзаж, параллелизм, деталь, портрет, іс-әрекеттері, ішкі монолог, психологиялық диалогтар, ым-ишарат, жест, бет құбылысы, дене қозғалысы.

XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қаламгерлерінің жеке шығармашылық әлемін танытатын стиль даралығы шығармалардың тілдік, композициялық ерекшеліктерін, ырғағын,

образдар әлемінің қыр-сырын, психологиялық табиғатын, қақтығыс сипатын талдау арқылы айқындалады.

1970 жылдар әдебиетінде қазақ прозасында романтикалық сарындар Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков, Т. Әбдіков, С. Санбаев, М. Ысқақбаев, О. Бөкеев, Т.Жұртбаев және т.б. қаламгерлер шығармашылығында түрлі деңгейде көріне бастады. Аталған жазушылардың туындыларын дәуірінің өзекті мәселелерін арқау ету, концептуалдық, трагедиялық сипат, адам жанын зерттеуге құлшыныс сынды белгілер біріктіргенімен, әрқайсысының жазатын тақырыптары, авторлық позициялары, стильдік мәнерлері әртүрлі, бір-біріне ұқсамады, бірін-бірі қайталамады. Әр суреткердің өзінің жеке көркемдік әлемі, дара шығармашылық концепциялары, қайталанбас стильдері қалыптасты.

Д.Исабековтің шығармалары - өмірдің өзінен алынып, айналадағы күнде көріп жүрген құбылыстар өзіндік құнарлы да қарапайым тілімен әлеуметтік деңгейге дейін көтерілген шыншыл туындылар. Суреткердің арнасынан асқақтамай, қысқа да жинақы жазылған әңгіме, повестерінде адам өмірі, табиғи тазалық, адамгершілік, қазақы мінез, қоғамдық өзгерістер шынайы суреттелген.

Суреткердің адамгершілік-парасаттылық сияқты мәселелерді көтерген шығармаларынан байқалатын басты ерекшелік - адамның ішкі әлемін, рухани сырын айқын аңғарту. Осыдан бастау алып, жалғасын тауып жататын жаңалықтың бірі - жазушы қаламынан туған көптеген шығармаларға тән тамаша нәзіктік, сазды сыршылдық, әдемі әуездік. Жазушы шығармашылығындағы кейіпкер психологиясының ашылуы олардың сөйлеген сөздері арқылы, іс-әрекеттері, ішкі монолог, психологиялық диалогтар, ым-ишарат, жест, бет құбылысы, дене қозғалысы, психологиялық пейзаж, параллелизм, деталь, портрет, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі талдау, өзіндік таным, түс көру, сандырақтау, күлкі, жылау, сыр ашу және т.б. арқылы жүзеге асып жатады.

Қ.Ергөбек: «Дулат Исабеков - мейлі өткен күн тағылымын айтсын, мейлі бүгінгі күн шындығын жазсын, қайда да, қашан да - шынайы суреткер. Айтарын характер арқылы бейнелей айтады, жазарын көркем детальдарды ойната құбылтып ашады, шығарманың көркемдік формасы жұтынып, композициясы дөңгеленіп шып-шымыр шығады»-деп, қаламгер туындыларына тамаша баға берді [1, 123].

«Пері мен періште» повесіндегі Құлахмет ағайдың Сафураға алған біз өкше туфлиі, Нәзікетке арнаған қызыл лентасы мен жинаған ірі-ірі қып-қызыл алмалары да деталь қызметін атқарады. Қызыл лента Нәзікеттің бұрымына арналған. Қазақ отбасындағы бұрымды кішкентай қыздың қызыл алмадай өсіп келе жатқандығының белгісі. Қызыл түс - әдеміліктің, қызғалдақтай балғындықтың символы. Жазушы Құлахметтің көңіліне қуаныш орнатқан кішкентай ғана ботақанын өз отбасында, әке - шешесі қасында, қызғалдақтай өсіп келе жатқан періште көңілді Нәзікетті біз өкшелі Сафурадай шешесінің жұлып алып кетуін деталь дәлдігімен бере білген. Авторлық таным тұрғысынан біз өкшелі туфлидің өзін деталь ретінде алып, оны біздиген Сафура характерімен психологиялық параллелизмде суреттейді.

Д.Исабековтің «Мазасыз күндер» повесіндегі: «Әйел кеткен соң есімде елес болып қалған нәрсе оның оттай жанған шырайлы жүзі мен жалт еткен жанары ғана болды. «Ол жанар - аптабы қайтпаған өмірді жырлап тұрды. Ол жанар қазаны төңкеріліп, қасығы сынған ішкі бір дүниенің шама-шарқын баян етіп тұрды», - деген жолдар кейіпкердің бір қарағанына осынша терең мәнді сыйдыра білген қаламгердің әйел психологиясының білгірі екенін тағы бір аңғартса керек[2, 50].

Көз жанарының түрлі сипаты арқылы адамның ішкі дүниесінде болып жатқан түрліше психологиялық хал-күйді таныту арқылы жазушы кейіпкерлерінің образдарын тереңдете ашып көрсетеді. Ал, «Сүйекші» повесінде жазушы сүйекшінің барлық ауыр тұрмысын бір сәттік көзқарасы арқылы аңғарта білген. Адам мен қарым-қатынас, әңгімелесу үстінде өзгенің бет-әлпетінен тек сол сәттегі эмоциялық сезімді, көңіл-күйді ғана емес, оның бүкіл ғұмырынан сыр шертер нәзік нюанстарды аңғара алатынын сезімталдықпен паш ете білген.

Д.Исабековтің «Гауһар тас» повесіндегі Салтанаттың бойындағы керемет назды да биязды қылығын хас жазушыға тән шеберлікпен бере біледі. Бұл тұрғыда кейіпкердің болмысын ішкі-сыртқы бірлікте суреттей отырып, аса дарынды суреткер екендігін танытады. Жаңа келін болып түскен Салтанаттың ерекше жаратылысын, нәзік табиғатын, ұлттық психологияға тән портретін мінездеуде ашық сипатталады. Ұлттық психологиялық портретті Салтанаттың ұлттық жақсы қасиеттерді бойына мол жинақтаған жан иесі екенін жан-жағына қараған ибалы көз жанарын суреттеу арқылы ұқтырады.

Д.Исабеков шығармаларында кең қолданылған адамның ішкі иірімдерінен хабар беретін тәсілдердің бірі - күлкі. Күлкінің әдебиет пен өнердегі орны ерекше. Ол адам санасы мен мінез-құлқындағы қуанышты, өмірлік қуат пен күшті бейнелей отырып, адамдар арасындағы әр түрлі

қарым-қатынасқа негіз болады. Екінші жағынан, күлкі қоршаған ортадағы қарама-қайшылықтарды сынап-мінеу үшін, одан адамның эмоциялық жерінуін аңғарту үшін де қолданылады. Күлкінің мәні турасында Аристотель, Кант, Чернышевский т.б. өз тұжырымдарын айтқан болатын. Күлкі - сонымен бірге ішкі психологиялық сезімді беруде де таптырмайтын құрал.

Д.Исабековтің «Гауһар тасындағы» ерлі-зайыпты Ыбыш пен Салтанаттың екі түрлі болмысы да осы күлкіге байланысты ашылады. Бақытты күлкі ойнаған әсем еріндерінің ар жағынан көрінген аппақ әсем тістері төгіле кететін ақ маржан секілді тізіле қалған. «Сөз соңын оның сыңғырлаған күлкісі көміп кетті. Әдемі күлкі, ерке күлкі». Оның бұл сөзі мен күлкісінде еріне деген жарасымды әжуа, жеңіл ғана байқалмас наз жатыр еді. Салтанатта реніш те, зіл де жоқ, керісінше, нәзік әйелдің қатал еріне деген таңырқауы, сонымен бірге нәзік құрмет пен нәзік сезім жатыр. Адамның адамгершілік қасиетін анықтауда, оның рухани байлығын биік азаматтық тұрғыда түсіндіруде махаббат тақырыбының ерекше маңызы бар. Адамның ескірмейтін, тозбайтын осы бір мөлдір сезімін жазушы жете зерттей отырып, жас келіншектің нәзік жүрегінің лүпілін оқырманға сездірту арқылы өмірге құлшындыратын өршіл сезім күйін тап басады. Күйеуінің тоң мойын тұйық мінезін Салтанат тек күлкіге айналдырып, әзілге жеңдіріп жүреді. Өзінің еркін де ерке жаратылысына сай «барлығы да жақсылыққа қарай өзгереді» деп сенеді. Жалпы Д.Исабеков шығармаларында күлкінің кейіпкер психологиясын ашудағы орны ерекше екенін атап айтқан жөн.

«Дулат Исабековтің «Талахан-186», «Ескерткіш», «Бонапарттың үйленуі» атты әңгімелеріндегі күлкі де - осындай арлы, ақиқатшыл күлкі. Күлкі шақыратын әрбір емеуріннен, әрбір детальдан автордың уайымы мен күйзелісі «мен мұңдалап» тұрады. Бұл қасиетті тек жазушының шеберлігіне жатқыза салу аздық етеді, мұндай қасиет яки арлы күлкіні ояту және оны оқырманның жүрегіне жеткізе білу - сирек дарынның қолынан ғана келетін сирек қасиет. Ілуде бір кездесетін қасиет», - деп айқындап берді Әмірхан Меңдеке жазушының шығармалар жинағына жазған алғы сөзінде [3,13].

Шынында да қаламгердің шығармаларында кездесетін езу тартқызар оқиғалар арзан күлкіге емес, осы айтылған ақиқатшыл күлкіге негізделгені зер салып аңдағанға айғақ нәрсе.

Адам баласындағы күлкіге қарама қарсы эмоциялық күй - жылау. Жазушы өз туындыларында осы процестің түрлі сипаты арқылы да кейіпкерінің жан түкпіріндегі елеулі жайттарды жарыққа шығара біледі. Сондай-ақ «Тіршілік» повесіндегі жылаудың түрліше сипатын (еңіреп жылау, зарлап жылау, дауыстап жылау) саралай жіктеуі арқылы оқиғаның бояуын қалыңдатып, жалпы жұртшылықтың ішкі күйін танытады. Үнсіз жылаудың өзін жеке мен көптің басынан өткеру арқылы шебер пайдаланады. Жапан далада жалғыздықпен бетпе-бет қалған Қыжымкүлдің хал-күйі оқырман аяушылығын тудырады.

Жазушының «Сүйекші» повесі де аянышты. Тоғыз жасында әкесі қолынан жетектеп әкеп, бір байдың үйіне аманатқа тастап кеткен Тұңғыштың өмірі қайғы-қасіретке толы. Сүйекшінің өлімі ың-шыңсыз өмірден кетуімен емес, оны осындай жағдайға душар еткен жандардың өз істері үшін ар жазасына ұшырауымен анықталады. Бұл қайғының бәріне кім кінәлі? Әрине, адам бойындағы қызғаншақтық, зұлымдық, мейірімсіздік кінәлі. Неге адамдар бір-біріне сонша мейірімсіз, сонша қатыгез? Бұл сауал тек «Сүйекшіде» ғана емес, Дулат Исабеков шығармаларының барлығында дерлік ұдайы қойылып отырады. «Гауһар тастағы» Ыбыштың өз жары - Салтанатқа деген жібімес қаталдығы, «Тіршіліктегі» туған перзенті Қыжымкүлді тағдыр тәлкегіне ұшырағаны аз болғандай өз қолынан қаңғыртып жіберген әке қатыгездігінің тамыры қайда жатыр? Оның нәтижесі бейкүнә Салтанаттың мезгілсіз қазасы, Тұңғыштың аянышты өлімі, Жәдігердің апаты, Қыжымкүлдің сұрқай тіршілігі, оның іштен шыққан перзентінен қалған ұрпақты бір көре алмай, көз жұмуымен аяқталады. Салтанаттың қыршынынан үзілуі Қайрекеннің өз-өзін, қоршаған ортаны түсінуге, адамдар арасындағы қиын да шешілмес жұмбағы мол қарым-қатынасты пайымдауға деген алғашқы қадамына негіз болғаны анық.

Д.Исабеков кейіпкерлерінің характері мен тағдырын тек таза тұрмыстық көзқараспен бағамдау мүмкін емес. Оның қай кейіпкерін болсын, бір жақты түсіндіру қиынға соғады, өйткені оның қазақы, аңқау да аңғал кейіпкерлерінің бойынан кәдімгі адамға тән барлық жақсылы-жаманды қасиеттерді табуға болады. Жазушы қаламының ерекшелігі де осында: ол өз шығармаларында жалаң дидактика ұсынбайды немесе кейіпкер іс-әрекетін талдамайды, бұның бәрін оқырман талқысына салады. Оның кейіпкерлері бастан кешіретін іс-әрекет, оқиғалардың сан түрлілігі, ешкімге ұқсамайтындығы (ескерткіш орнына адамды уақытша тұрғызу идеясы, Есіркептің басындағы қызықты оқиға, посылкадан басталған дау, Бонапарттың сүндетке отырғызылуы, помидор өскен апан басындағы жанжал дейсіз бе, әйтеуір толып жатқан ерекше жағдайлар мен оқиғалар) кеңестік дәуір кезіндегі қалыптасқан сюжеттерден көш ілгері болғанын мойындауымыз керек. Оның шығармаларына негіз

болатын өзек - адам өмірі, өлім, махаббат, қуаныш мен қайғы, жақсылық пен жамандық. Бір оқығанда, ауыл адамдарының қалжыңына құрылған оқиғалар сияқты болғанымен, әрбір шығармадағы оқиға сыртында адам тағдыры, адамның рухани өмірдегі алшақтықтан шаршауы, қоршаған ортаны түсінбестіктен туған дағдарыс басты орын алады.

Қорыта келгенде айтарымыз: Д.Исабеков шығармашылығы еркін ақыл - ой мен қажырлы еңбекті тоғыстырған көркемдік кестесі келісті, өзгеше әлем. Өйткені, қалам тартқан қай тақырыбын да сана сүзгісінен өткізіп, өрелі ой айтудың құралына айналдыратын жазушының арман аңсары да асқаралы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ергөбек Қ. Ұлтын сүйген жүрек үні. //Қазақ әдебиеті:1992, №10
2. Исабеков Д. 2-томдық шығармалар жинағы. -Алматы: Жазушы, 1993.-497б
3. Қирабаев С. Шығармалар 2-том/С.Қирабаев.-Алматы:Жазушы,1992.-544 б.
4. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Алматы: Алаш, 2003; - 328-б.
5. Исабеков Д. Екі жиырма. - Алматы: Жазушы, 1983. - 429 б
6. Қадырова Б. Д.Исабеков әңгімелелеріндегі кейбір көріктеу амалдары. - Ізденіс. - 2003. - №1. - Б. 135-138
7. Орда Г. Әңгіме. Қазақ әдебиетінің тарихы. - Алматы: 2005.-Т,9.-Б.241-242

РЕЗЮМЕ/RESUME

Исмаилова Райхан Налжигитовна
Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан
Оспанова Кымбат Дауитбековна
КГУ "Школа-гимназия №102"
Караганда, Республика Казахстан

Д. ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМНІҢ КӨРІНУ ТӘСІЛДЕРІ МЕТОДЫ ПСИХОЛОГИИ В РАБОТАХ Д.ИСАБЕКОВА

В данной статье проанализированы рассказы Д. Исабекова. Дулат умелый художник, прекрасно освоивший жанр рассказа, очень насыщенный красотой мудрой прозы. Особое исследование писателя Д. Исабекова - душа человека, его внутренний мир. В каждом предложении писателя относятся простые художественные, мысленные идеи. Дулат олицетворяет поистине художественное произведение, социально-экономическое положение, культурно-эстетический вкус своего времени.

Ключевые слова: темы, авторские позиции, стилистические стили, пейзаж, параллелизм, деталь, портрет, действия, внутренний монолог, психологические диалоги, жесты, жесты, мимика, движения тела.

Ismailova Raikhan
Bolashaq Academy, Karaganda, Republic of Kazakhstan
Ospanova Kymbat
KSU "School-gymnasium No. 102"
Karaganda, Republic of Kazakhstan

METHODS OF PSYCHOLOGY IN THE WORKS OF D. ISABEKOV

This article analyzes the stories of D. Isabekova. Dulat is a skilled artist who has perfectly mastered the genre of the story, very rich in the beauty of wise prose. A special study of the writer D. Isabekov - the soul of a person, his inner world. Each sentence of the writer includes simple artistic, thought-provoking ideas. Dulat represents a truly artistic work, socio-economic situation, cultural and aesthetic taste of Its time.

Key words: themes, author's positions, stylistic styles, landscape, parallelism, detail, portrait, actions, internal monologue, psychological dialogues, gestures, gestures, facial expressions, body movements.

Оспанова Гүлбарам Ебенбаевна
gulbaxram.ospanova@bk.ru
Қарағанды медициналық университеті
Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

ДРАМАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ, ӘДІСТЕМЕЛІК ЖОЛДАРЫ

Аталған мақалада драмалық шығармаларды оқытудың жолдары, тиімді әдістері қарастырылды. Драмалық шығармаларды оқытудың өзіндік ерекшеліктері мен дидактикалық, әдістемелік жолдары талданды. Сондай-ақ, драмалық шығармаларды оқытудың әдіс-тәсілдерін әлі де жетілдіре түсу мәселелері қозғалды.

Кілтті сөздер: комедия, драма, трагедия, пьесаның мазмұнын ашу, бейнелеудегі характер, адам, оның қоғамдағы орны, іс-әрекеті, жеке басының қасиеті, ізгілікке ұмтылуы, күресі, идея, тартыс, кейіпкер мінездері

Драма - көркем шындықты ерекше тәсілдерімен шиеленіскен тартыстар желісіне жинақтап, оқиғаға қатысатын кейіпкерлер сөзі мен іс-қимылы арқылы көрсететін сөз өнерінің күрделі тегі. Драмалық шығармаларда баяндау болмайды. Оқиға, яғни тартыс желісі репликалар (кейіпкер сөзі) арқылы дамиды. Автор кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын білдіретін түсініктемелерді жақша ішіне бөлек жазып отырады. Оларды авторлық ремарка не ремарка деп атайды. Оқиғаның негізгі даму арнасы болып табылатын кейіпкерлер сөзі, яғни репликалар, көбінесе, диалог, кейде монолог түрінде болады. Қалай болғанда да репликалар шымыр, ондағы кейіпкер мүддесі мен күштарлығы, аласұрған сезім әлемі көрермендерді еліктіретіндей деңгейде құрылуы қажет. Олар өлең түрінде де, қара сөз түрінде де бола береді. Драмалық шығармалардың құрылымы ондағы оқиға мен тартыстардың даму қарқынына және ауқымына байланысты көріністерге, актілерге, бөлімдерге бөлінеді. Ал композициялық тұрғыдан драмада оқиғаның (тартыстың) басталуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімін табуы болады. Кейбір шығармалар мұндай классика үлгіден өзгеше, яғни бірден тартыстың шиеленіскен тұсынан басталуы мүмкін. Ежелгі грек трагедияларында сахналық шығармалардағы тартыс аяқталып, өз шешімін тапқан соң, міндетті түрде бас кейіпкердің азапты күйі көрсетілген. Мұны катарсис, яғни күйіне отырып күнәсінен арылу деп атаған. Сезім мен қайғы-қасіретке толы бас кейіпкер монологі көрермендерге қатты әсер еткен. Қазіргі заманғы драмаларда, әсіресе, қазақ драмаларында осы үрдіс қолданылып жүр;

Драма - әдебиеттің үлкен бір жанры. Ол өзінің қоғамдағы орны мен жазылу формасы арқылы эпостық және лирикалық шығармалардан дараланады. Драма бір жағынан әдебиет туындысы болса, екінші жағынан ол театр өнеріне негіз болады.

Драма мазмұнына қарай үш түрге бөлінеді: комедия, драма, трагедия. Драмалық шығармаларда автор өмір болмыстарын көркем типтік жағдайларда тартыс үстінде көрсетіп, белгілі бір идеяны ұсынады. Драманың басты нысаны - адам, оның қоғамдағы орны, іс-әрекеті, жеке басының қасиеті, ізгілікке ұмтылуы, күресі. Театр өнерінің дамуына байланысты драмалық шығармалардың түрлері дами түсуде (оперетта, водовиль, либеретто т.б.)

Драма мәтіні тек кейіпкерлердің сөзінен тұрады. Диалог, монолог түрінде жазылады. Драма шығармасы сахнаға айналғанда “пьеса” немесе “спектакль” деп аталады. Пьеса өз ретінде афишадан, акті, сурет, көріністерден тұрады, уақытпен шектеледі. Мұнда авторлық баяндаулар, суреттеулер болмайды. Кейде автор өз тарапынан оқиғаға, не декорацияға, не кейіпкерлерге қатысты сілтеме түсінік келтіреді. Бұл сілтемелер “ремарка” делінеді және жақшаға алып жазылады.

Драма - қазақ әдебиетінің кейіндеп дамыған саласы. Сондықтан қазақ әдебиетін оқытуда оның әдістемесі дамымай келеді. Бұған тағы бір себеп мектеп қабырғасында оқытылатын драмалық шығармалардың аздығы және оны оқытудағы теориялық тіректің жоқтығына да байланысты. Орта буын сыныптарда драмалық шығармалардан Д.Исабековтің “Әпке” драмасы оқытылады. XI сыныпта Ғ.Мүсіреповтің “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, М.Әуезовтің “Еңлік-Кебек”, Ш.Мұртаза “Бесеудің хаты” т.б.

Ал, ЖОО- да драма тек жанама түрде ғана оқытылады. Орыс топтарында «Театр», «Кино» тақырыптарында тереңінен сөз қозғап, көрініс, қойылымдарды тамашалау басты назарда болады. Ұлттың рухани және интеллектуалды ілгерілеуінің құралы ретінде **ИННОВАЦИЯЛЫҚ ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ**.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі мәселелері бойынша жазылған ғылыми еңбектер мен зерттеулерде драмалық шығармаларды оқыту жайлы көп айтыла бермейді.

Драмалық шығарманы түсіндіргенде олардың деңгейліктерін арыттыру ойын - сауық қоятын жерлердің сахнасында орындап көрсетуге шығарма екенін, текст диалог пен монологқа құрылатын кейіпкерлер шығарманың басына тізіліп, олардың аты – жөні, жынысы кәсіби қызметі мамандығы жыл мөлшері, жақын серігі досы көрсетіледі.

Драма үшін ең қажетті нәрсе - әрекет пен характердің тұтастығы мен бірлігі. Аталмыш жанр табиғаты турасында азды-көпті сөз болса, осы бір заңдылық аттап өтілмейді. Драматургияның өзіне тән ерекшелігі болып табылатын тартыс та, пьесаның мазмұнын ашу, бейнелеудегі характер орны да тікелей қимыл - әрекет үстінде ашылатыны даусыз, мұны әр пьеса өзінше көрсетіп жататыны тағы бар.

«Пьеса автордың еркін араласуына жол бермейді, оны түсіндірудің, баяндаудың қажеттілігі мүлде жойылады» - деген М.Горькийдің пікірінің астары терең. Бірақ қазіргі кезең драматургиясы үшін бұл бұлжымас заң болудан қалған тәрізді [1, 145].

Идея да, авторлық өзіндік шешім де тек аршынды әрекет негізінде арналанады. Осыдан келіп, драмадағы негізгі талап бас көтереді. Ол-тартыс пен мінездің шымыр байланысы. Бей-берекет қозғалыс, сюжет шашыраңқылығы авторға абырой әкелмейтіні аян. Осы орайда шығармадағы оқиғаны түйіндеуге бас-көз болатын-тартыс деген ұғым бар. Табиғаты тылсым дерлік бұл термин жайындағы бұрын-соңды айтылған пікірлерді жүйелеу, сын көзбен бағамдау біраз мәселелерге жетелейтіні анық.

«Өз мағынасындағы драмалық дегеніміз-индивидтардың өз мүдделері үшін күресінде және характер мен құлшыныстардың айырмашылығында» Гегельдің пікірінше драмалық деген ұғым жанрдың негізгі ерекшелігі болып табылатын тартысқа саятын сияқты [2,141].

«Драма дегеніміз – ойнаушылардың диалогы мен авторлық ремарка түрінде бейнеленген конфликт» [3,47].

Белгілі драма зерттеушісі В.Волькенштейннің бұл пікірі драма мен конфликт арасындағы байланысты басты нәрсе ретінде қарайды және тартыс компоненттерін де пьесаның өзекті мәселелерінің қатарына қосады.

«Пьесаның құрылымдық көркемдігі, меніңше, идея, тартыс, кейіпкер мінездері сияқты үш жағдаймен анықталады» [4, 86].

Шынында, драма негізгі осы үш нәрседен тұрады деу қарапайымдау айтылған қағида. Жалпы, осы үшеуі негізгі материал болса, тіл, сюжет, композиция сияқты драма элементтері үштікті біріктіріп, байланыстырып, дамытып, белгілі шешімге жеткізіп тұратын сияқты.

Белгілі әдебиет зерттеушілері Р.Нұрғали, С.Ордалиев қазақ драмасындағы конфликт турасында құнды пікірлер айтқаны мәлім. Пьесаның көркемдік, идеялық сапасының жоғары болуы, ең алдымен тартыстың терең, айқын болуына, драмалық түйіннің беріктігіне байланысты. Тартыс турасында сөз болғанда араласа жүретін, байланысы байқалатын қарама-қайшылық, қақтығыс, перепития деген ұғымдар бар. Қарама-қайшылық қақтығысқа әкелетін оқиғалар желісі болса, түрлі қақтығыстар тартысқа әкелетін жол. Ал перепития болса -кейіпкер өміріндегі қысылтаяң шақ, оқыс өзгеріске апаратын қимыл. Коллизия қақтығыстар түйіні, тартыс сол драмалық түйінді шешуге бағытталған кейіпкер қимылынан туындайды. Драмалық шығарманың негізі, түп қазығы болып табылатын тартыс өмірдегі қарама-қайшылық негізінде қалыптасады. Тартыс турасында әдебиеттану ғылымында мынадай пікірлер қалыптасқан.

«В драме сила и важность события дает себе знать, как «коллизия» или та ошибка, то столкновение между естественным влечением сердца героя и его понятием о долге, которые не зависят от его воли, которых он не может ни произвести, ни предотвратить, но которых разрешение зависти не от события, но единственно от свободной воли героя. Власть события становится герою драмы на распутьи и приводит его в необходимость избрать один из двух, совершенно противоположных друг другу путей для выхода из борьбы с самим собою, но решение в выборе пути зависит от героя драмы, а не от события» [5,105].

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымында драмалық шығармаларды оқыту жолдарын қарастырған әдіскер-мұғалімдер мен әдіскер ғалымдар санаулы. Драмалық шығармаларды оқыту

жолдарын қарастырып, әдістемелік құрал жазған- Сайлау Дүкенбаев. С.Х.Дүкенбаевтың “Мектепте драмалық шығармаларды оқыту” атты оқу әдістемелік көмекші құралы 1985 жылы “Мектеп” баспасынан жарияланған(1).

“Драмалық шығармаларды оқыту” тақырыбында кандидаттық диссертация жазылды(2). (Рыскүл Байділдақызы Бораш, 2006).

Солай бола тұра драмалық шығармаларды оқыту әдістемесі әлі де көп қарастыруды, зерттеуді қажет ететін тың тақырып болып есептеледі.

Драмалық шығарманы талдауда ұстаз алдында бірнеше мәселе тұрады. Бұл мәселелер драманың тақырыбы мен идеясына, сюжеті мен композициясына, кейіпкерлер мен әрекеттерге, тіліне, сахналық қойылымына т.б. қатысты.

Драмалық шығарманы талдау мәтінмен жұмыс істеу арқылы іске асады. Қашан да басты назар драманың тіліне аударылады. Тілдің қолданылу аясы, адамдардың сөйлесуі -диолог. Диолог-тіл болмысы. Сондықтан оған үңілу шығарманың сырын ашады. Драма тілі кейіпкердің жай ғана сөйлеуі емес, автордың мақсатты түрде саралап салған сөздері болып есептеледі. Демек, драма тілі-көркем тіл. Әлемге әйгілі драматургтер Шекспир, Мольер тілі шынайылығымен, дәлдігімен, ойнақылығымен, ұйты-өткірлігімен ерекшеленеді. Драмада адамдар тілі іс-әрекеттер арқылы бейнеленеді. Олардың бар болмысы, сөйлеуі, киімі, жүріс-тұрысы, кейпі, мінезі- көруші назарында болды.

Ертегі, мысал, әңгімелерге инсценировка жасау, рөлмен оқу, рөлдік ойындар жүргізу т.б. жұмыс түрлері- драмалық шығармаларды танып-білудің алғашқы бастамасы болып есептеледі. Драмалық туындыларды оқып үйренуін күшейтуде драма үйірмесінің тигізер әсері мол. Драмалық шығармаларға тартыстың мазмұнын бірнеше түрде өзгерте отырып ойнату, салыстырту драма жанрын терең түсіндіруге мүмкіндік туғызады. Меселен, бір шығарманы бірнеше топқа тапсыра отырып, тартыстың мазмұнына қарай комедия жанрында, трагедия, драма жанрында ойнату, салыстырту аса қызықты да тиімді нәтиже көрсетеді.

Инсценировка, киносценарий құрастыру көркем мәтінді терең әрі шығармашылық жолмен түсінуіне игі ықпалын тигізеді. Сонымен қатар кино, сахна өнеріне деген қызығушылығын да арттырады. Кинодан үзінді көрсету, оның құрылымдық элементтерін талдату, оқыға желісін саралату аса маңызды. Киносценарий, инсценировкалар жасату. Сондай-ақ көркем мәтінді ыждаһатпен, оймен оқуға, көркем мәтінді көз алдына келтіріп, бейнелі түрде қабылдауына әсерін тигізеді. Киносценарий құрастыру үшін бір оқиға, бір көріністі ғана тандап алуға болады. Шағын шығармаларды тұтастай алуға да болады.

Драмалық шығармаларды оқыту әдістемесінің дұрыс жасалуы мен ұйымдастырылуы және драмалық шығармаларды оқытудың жемісті болуы оқыту мазмұнын анықтаумен, оқыту принциптерін жүйелеумен тығыз байланысты.

Оқыту технологияларын пайдалану арқылы оқытудың маңызды аспектілерін жетілдіру және оқу процесін оңтайландыру, байыту, әдістемелік құралдар мен тәсілдердің алуан түрлі жұмыс түрлерін жасау және оқыту процесінде студенттер үшін қызықты.

Драмалық шығармаларды оқыту оқыту әдістемесінде мынандай әдістерді алуға болады:

- Әңгімелеу;
- Проблемалық баяндау;
- Шығармашылық оқыту (іздендіріп оқыту);
- Иллюстрация және көрнекілік;
- Жазбаша жұмыс;
- Өз бетімен жұмыс жасау;
- шығармашылық жұмыстары;
- Деңгейлік тапсырмалар орындату;
- Өнер және мәдениет құралдарын қолдану;
- Техникалық құралдарды қолдану;
- Сабақтан тыс жұмыстар жүргізу т.б.

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі — оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және интерактивтік әдістемелерін сабақ барысында пайдалана отырып сабақтың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Инновациялық оқыту - жаңашылдықпен оқыту дәстүрі, нормативті оқытумен салыстырғандағы білімді игертудің ерекше балама түрі. Ол оқытушы мен студенттердің дамуын қамтиды; оларды демократиялық ұстаным негізінде ортақ шығармашылық және нәтижелі қызмет пен қаруландырады; оқу білім беру жүйесіне жаңалық ендіреді

Драманы талдауда сөздік қорын байытуға жазба жұмыстың қолдану дағдыға айналдыру өте маңызды орын алады.

Жазбаша жұмыстың тағы бір түрі- драмалық шығарамда қолданылған халық тілінің байлығын талдау. Мақал-мәтелдер, фразалық тіркестер, нақыл сөздердің драмада қалай қолданылғаны мен автордың негізгі идеясын ашуға оладың қалай қызмет етіп тұрғанын көрсету арқылы оқушылардың ана тілін ойды білдіруден қолдана білу дағдылары қалыптастырылады.

Жалпы драматургиялық шығармаларды оқыту әдістемесінің өзіне тән белгілері мен ерекшеліктерін төмендегідей жүйелеуге болады:

Драмалық шығармаларды оқыту көркем әдебиеттің проза мен поэзия салалары сияқты өзге жанрларын оқытудан мүлде дерлік бөлек өз ерекшелігі болады;

Драмалық шығарманы оқытуда қазақ драматургиясының өзгерісі мен алған бағыттарын әрдайым біліп, анықтап отыруға мүмкіндік туғызады. Бұл көркем өнердің даму бағытын тануға да аса маңызды болмақ.

Драмалық шығармаларды оқытудың жолдары көп. Ол- әр оқытушының ізденісі, шеберлігіне де байланысты шығармашылық жұмыс.

Қорыта ой түйіндесек, білім беру жүйесінде инновациялық оқыту технологиясын драманы оқытуда қолдану оқыту процесінің толыққанды дамуына мүмкіндік жасайды. Оқыту технологияларының қай түрін алсақ та, олардың тиімділігі тек қана оқытушының шеберлігімен және осы шеберлікті шындай түскенде ғана жүзеге асады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. С.Х.Дүкенбаев. Драмалық шығармаларды оқыту. - Алматы. 1987.
2. Р.Б.Бораш Драмалық шығармаларды оқытудың кейбір мәселелері // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2006. № 3.
3. С.Желдербаева. Мәнерлеп оқу. - Алматы, Қазақ университеті. 1992.
4. К.С. Станиславский. Особенность драматических произведений. Москва. 1986.
5. Т.С.Зепалова. Уроки литературы и театр. Москва, «Просвещение». 1982.
6. В.А. Никольский. Методика преподавания литературы в средней школе. М., 1971, стр 163.
7. Қазақ драматургиясының очерктері. Алматы, 1964, 85 бет.
8. Қ.Бігібаева. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – А. 2003.

РЕЗЮМЕ/RESUME

**Оспанова Гульбарам Ебенбаевна
Карагандинский медицинский университет
Караганда, Республика Казахстан**

ДИДАКТИЧЕСКИЕ, МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ СПОСОБЫ ОБУЧЕНИЯ ДРАМАТИЧЕСКИМ РАБОТАМ

В данной статье рассмотрены пути, эффективные методы обучения драматических произведений. Были проанализированы специфические особенности и дидактические и методические подходы к обучению драматических произведений. Также были затронуты вопросы совершенствования методов и приемов обучения драматических произведений.

Ключевые слова: комедия, драма, трагедия, раскрытие содержания пьесы, персонаж в образе, человек, его место в обществе, действия, личность, стремление к добру, борьба, идеи, борьба, черты характера.

**Ospanova Gulbaram
Karaganda Medical University
Karaganda, Republic of Kazakhstan**

DIDACTICAL, METHODOLOGICAL METHODS OF TEACHING DRAMATIC WORKS

This article discusses the ways and effective methods of teaching dramatic works. Specific features and didactic and methodological approaches to teaching dramatic works were analyzed. The issues of improving methods and techniques for teaching dramatic works were also discussed.

Key words: comedy, drama, tragedy, disclosure of the content of the play, character in the image, man, his place in society, actions, personality, striving for good, struggle, ideas, struggle, character traits.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МАҒЛҰМАТ

Абдрахманов Рүстем Хасенұлы, педагогика ғылымдарының магистрі, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының доценті, «Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

Абилгазин Сағындық Иранович, педагогика ғылымдарының магистрі, №68 мектеп-интернатының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

Әбжанов Ермек Жанатұлы, филология ғылымдарының магистрі. Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті. Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

Ержанова Алма Сабыржановна, Қарағанды медициналық университеті, Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы

Ермекбай Ақылбек Масымқанұлы. «Bolashaq» академиясы, Қарағанды, Қазақстан Республикасы

Исмаилова Райхан Налжигитовна. «Bolashaq» академиясы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

Оспанова Қымбат Дауитбековна. №102 мектеп- гимназия КММ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы

СВЕДЕНИЕ ОБ АВТОРАХ

Абдрахманов Рүстем Хасенович, магистр педагогических наук, доцент кафедры казахского языка и литературы, Академия «Bolashaq», Караганда, Республика Казахстан

Абилгазин Сағындық Иранович, магистр педагогических наук, учитель казахсконо языка и литературы школы гимназии №68, Караганда, Республика Казахстан

Абжанов Ермек Жанатович, магистр филологических наук. Карагандинский государственный университет им. Е.А.Бөкетов. Караганда, Республика Казахстан

Ержанова Алма Сабыржановна, Карагандинский медицинский университет. Караганда, Республика Казахстан

